

# Цифрлық ЕмбімұнайГаз

Жылдық  
есеп  
2018



**ЕмбіМұнайГаз**  
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ





# МАЗМҰНЫ

НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕР ..... 2

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ  
ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ..... 8

БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ  
ЖОЛДАУЫ ..... 10





**01** КОМПАНИЯ ПРОФИЛІ..... 13

**02** ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫ..... 19

**03** МЕНЕДЖМЕНТ ЕСЕБІ..... 25



**04** КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ..... 45

**05** ТҰРАҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ ҚЫЗМЕТ ЖӨНІНДЕГІ ЕСЕП ..... 67



**06** ҚОСЫМША. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕП..... 85




Биылғы есеп тақырыбы ретінде біз «Цифрлық Ембімұнайгаз» деген атауды таңдадық. 2016 жылы Уаз кен орнында пилоттық режимде жүзеге асырылған «Интеллектуалды кен орны» жобасы өзінің тиімділігін дәлелдеді. 2017 жылы жоба Прорва тобы кен орындарында, 2018 жылы – Жаңаталап және Шығыс Мақат кен орындарында тираждалды. Жалпы алғанда, 2024 жылға дейін Компания бойынша 10 кен орны цифрланады. «Ембімұнайгаз» АҚ-ның осы жобасы «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасына енгізілген.






# НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕР


Мұнай өндіру, мың тонна



Түсім, млн теңге




Пайда



■ Пайда, млн теңге  
 — Пайда маржасы, % (оң жақ шөкіл)

EBITDA



■ EBITDA, млн теңге  
 — EBITDA маржасы, % (оң жақ шөкіл)

# 44201

МЛН ТЕҢГЕ

КАПИТАЛДЫ САЛЫМДАР 2018

**2895**  
 МҰНАЙ ӨНДІРІСІ 2018

МҰНАЙ ӨНДІРІСІ 2018

**19%**


ПАЙДА  
 МАРЖАСЫ

**61735**  
 МЛН ТЕҢГЕ


ЕРКІН АҚША  
 АҒЫНЫ 2018




### Капиталды салымдар, млн теңге



### Еркін ақша ағыны, млн теңге



### Лифтинг



- Үлесті лифтинг (өндіріс), шығындар, теңге /тонна
- Үлесті лифтинг (өндіріс), шығындар, доллар/баррель (оң жақ шәкіл)

# 83389

МЛН ТЕҢГЕ

ПАЙДА 2018 ЖЫЛ

# 433436

МЛН ТЕҢГЕ

ТҮСІМ 2018

# 117219

МЛН ТЕҢГЕ

ЕБИТДА 2018

# 27%

ЕБИТДА 2018

# 23842

ТЕҢГЕ/ТОННА

ЛИФТИНГ 2018



# ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫ КЕН ОРНЫ



Өндіру

## ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫ БАСҚАРУ СТАНЦИЯСЫ

Орнатылған VLT SALT Danfoss интеллектуалды басқару станциялары ұңғыманы қашықтан басқару мүмкіндігін береді.



Мұнайды жинау және дайындау

## МҰНАЙДЫ ДАЙЫНДАУ ПРОЦЕСІН МОНИТОРИНГТЕУ

Мұнайды жинау және дайындау мониторингісі бойынша модуль мұнайды дайындауға байланысты өндірістік процестерге ағымды уақыт режимінде бақылау жүргізуге және мониторингтеуге мүмкіндік береді.



Ұңғымаларды жөндеу

## ҰЖЖ БРИГАДАЛАРЫ- НЫҢ ЖҰМЫСТАРЫН МОНИТОРИНГТЕУ

«Интеллектуалды кен орын» жүйесінде ҰЖЖ мониторингтеу бойынша модуль бригадалармен орындалатын жөндеу жұмыстарының барысын ағымды уақыт режимінде қадағалауға мүмкіндік береді.



Өндіруді мониторингтеу

## ҰҢҒЫМА ДЕБИТІН МОНИТОРИНГТЕУ

Өндіруді мониторингтеу бойынша модуль ағымды уақыт режимінде бақылау жүргізуге, мониторингтеуге және қажетті ақпаратты алуға мүмкіндік береді.





### ГЕОАҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕ

Корпоративті Геоақпараттық Жүйе (КГАЗ) барлық нысандар бойынша деректерді сақтауға мүмкіндік береді, яғни, тұрақты негізде жолдарды, тау-кен, жер телімдерін және т.б. қоса алғанда, барлық өндірістік нысандар, ғимараттар және құрылыстар бойынша ақпаратты көкейкесті ету жүзеге асырылады.



Бейне

### НЫСАНДАРДЫ БАҚЫЛАУ

Бейнебақылау жүйесі өндірістік нысандардың периметрін бақылау үшін қолданылады, сондай-ақ, нысанға кірген автокөлікті тіркейді (таниды).



GPS

### КӨЛІКТІ МОНИТОРИНГТЕУ

Wialon жерсеріктік мониторингтеу жүйесі ағымды уақыт режимінде кешенді талдаманы және соңғы пайдаланушыларға арналған есептілікті қоса алғанда, көлікті мониторингтеуге мүмкіндік береді.




Мұнайды тасымалдау және өткізу

### МҰНАЙДЫ АЙДАУДЫ МОНИТОРИНГТЕУ


Ұңғыма өнімін айдауды мониторингтеу бойынша блок онлайн режимінде есептеу тораптарынан шикі мұнайды өткізуге мүмкіндік береді.

# ЖҮЙЕ ИНТЕРФЕЙСІ:


## Технологиялық Процесті Мониторингтеу Модулі



## Ұңғымаға Жер асты Жөндеуді Мониторингтеу Модулі



## Ұңғымаларды тексеру Модулі





# НЕГІЗГІ ОҚИҒАЛАР



**Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Ембімұнайгаз» АҚ-на келіп кетті.** Сапары барысында Президент өндірістік процестерді визуализациялау орталығының жұмысымен танысып, онда оған өндірістік нысандардан келетін ақпараттың үлкен көлемдерін ағымды уақыт режимінде көрнекі түрде өңдеп, жылдам жауап қайтару мен кен

орындарындағы өндіріс процестерін жетілдіру мақсатымен оларды бірден талдап отыру мүмкіндігін қамтамасыз ететін интеллектуалды кен орны жүйесі таныстырылды.



**Атырау облысына жұмыс сапары барысында ҚР Премьер-министрі Бақытжан Сағынтаев «Ембімұнайгаз» АҚ-на келіп кетті.** Сапары барысында Бақытжан Сағынтаев өндірістік процестерді визуализациялау орталығының жұмысымен және «Цифрлық кен орны» жобасы бойынша жоспарлармен танысты.

**«Ембімұнайгаз» АҚ Global Oil&Gas Atyrau-2018 және Atyrau Build-2018 17 Халықаралық Солтүстік Каспий мұнай-газ және құрылыс көрмесіне қатысты.** Компания көрмесінің Алтын әріптесі ретінде әрекет етті.



**«Ембімұнайгаз» АҚ Директорлар Кеңесімен Компанияның 2027 ж. дейін даму Концепциясы әзірленген.** Концепция аясында Компаниядағы бизнесті дамыту, бағдарламалық құжаттарды, болжамдық қаржылық-экономикалық модельдерді (бизнес-жоспарларды), тәуекелдерді басқару жүйесін, Компанияның жыл сайынғы бюджетін, инвестициялық жобаларды және т.б. әзірлеу барысында басшылыққа алынатын ережелер мен ұстанымдар кешені анықталды.

**«Ембімұнайгаз» АҚ-нда интерактивті мұрағатты пайдалану мүмкіндігі пайда болды.** Компанияның бас офисінде Атырау қаласы мектептерінің оқушылары мен жоғарғы оқу орындарының студенттері үшін интерактивті мұрағатқа экскурсиялар басталды.



**Компанияда «Мұнайшы қыз» әйелдер клубы ашылды.** Әйелдер клубын ашудың және конференция өткізудің негізгі мақсаты – Компания әйелдерінің араласуы мен өз болмысын таныту үшін бірыңғай алаң құру болып табылады.



**«Ембімұнайгаз» АҚ-ның ұжымы көктемгі су тасқынынан зардап шеккен Шығыс Қазақстан облысы тұрғындарына қайырымдылық қолдау көрсетті.** «Ембімұнайгаз» АҚ-ның Басқарма төрағасы Ануар Жақсыбеков үлкен ұжым атынан үйлерін су басып, қалпына келтіруге жарамаған Малеевск, Зубовск кенттерінің және Зыряновск қала шетінің жеті отбасына жаңа пәтер кілттерін табыстады.



**«Ембімұнайгаз» АҚ Астана қаласында өткізілген «Kazakhstan Geology Forum: Oil&Gas 2018» II Халықаралық геологиялық барлау Форумының демеушілерінің бірі болды.**



**«Ембімұнайгаз» АҚ-ның бас офисінде мұнай-газ саласына цифрлық технологияларды енгізудің көкейкесті мәселелеріне арналған халықаралық Форум өткізілді.** Шара «Ембімұнайгаз» АҚ-ның бастамасымен ҚР ақпарат және коммуникациялар министрлігінің және ҚР Энергетика министрлігінің қолдауымен ұйымдастырылған. Форумға 200-ден астам делегат – профильді министрліктердің өкілдері, ірі мұнай-газ компанияларының жетекшілері және қызметкерлері, халықаралық сарапшылар және IT саласында қызмет көрсететін компаниялардың өкілдері қатысты.



**ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауын түсіндіру бойынша өңірлерге жұмыс сапары барысында «Ембімұнайгаз» АҚ Бас офисіне Парламент Мәжілісінің депутаттары Мамраев Б.Б. және Пшембаев М.К келіп кетті.** Іссапарының барысында мәжілісмендер «Ембімұнайгаз» АҚ-ның интерактивті мұражайымен танысып, өндірістік процестерді визуализациялау орталығына барып қайтты.







**«Қайнармұнайгаз» МГӨБ Кенбай кен орнында Қазақстан Республикасы Мұнай-газ саласының қызметкерлері күніне орай пайдалануға берілген 100 адамдық жатақхананың салтанатты ашылу рәсімі өткізілді.**



**Ембіліктер С. Балғымбаев атындағы кен орнының 50 жылдық мерейтойын салтанатты түрде атап өтті.** Бірқатар мерекелік шара барысында «Жайықмұнайгаз» МГӨБ-ның қайта қалпына келтірілген әкімшілік ғимараты салтанатты түрде пайдалануға беріліп, 150 орындық асхананың ашылу рәсімі өткізілді. Исатай ауданының «Жалын» мәдениет үйінде Компания республикалық және облыстық деңгейдегі танымал суырып салма ақындардың қатысуымен айтыс ұйымдастырды. Кешке Аққыстау ауылының Орталық стадионында аудан тұрғындары мен меймандары үшін Н. Жантөрин атындағы облыстық филармония шығармашылық ұжымының және Қазақстандық эстраданың дарынды әрі танымал жұптарының бірі Қыдырәлі Болманов пен Қарақат Әбілдинаның қатысуымен гала-концерт өткізілді.

**«Emбімұнайгаз» АҚ-ның өндірістік құрылымдық бөлімшесі болып табылатын «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ Қисымбай кен орнында Қазақстан Республикасы Мұнай-газ саласының қызметкерлері күніне және кен орнының 25-жылдығына орай, 50 адамдық асхананың салтанатты ашылу рәсімі өткізілді.**



**ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауын түсіндіру бойынша өңірлерге жұмыс сапары барысында «Emбімұнайгаз» АҚ Бас офисіне ҚР Премьер-министрінің орынбасары Асқар Жұмағалиев келді.** Сапары



барысында вице-премьердің жанында Атырау облысының әкімі Нұрлан Ноғаев, ҚР Энергетика вице-министрі Мағзұм Мырзағалиев, Атырау облысы әкімінің бірінші орынбасары Серік Шапкенов және өзге ресми тұлғалар болды. Өндірістік процестерді визуализациялау орталығына келу барысында вице-премьерді Компанияның «Интеллектуалды кен орны» концепциясымен таныстырып, оны Уаз кен орнына енгізудің нәтижелі тәжірибесі жөнінде және «Emбімұнайгаз» АҚ-ның өзге кен орындарына тираждау бойынша ауқымды жұмыстардың жүзеге асырылып жатқандығы жөнінде баяндалды.

**Еңбек күні құрметіне орай, Астанада «Еңбек жолы» конкурсының жеңімпаздары анықталған «Жаппай еңбек қоғамына» республикалық форумы өткізілді.** «Ең жас өндіріс қызметкері» номинациясы бойынша жеңімпаз болып «Emбімұнайгаз» АҚ «Доссормұнайгаз» МГӨБ-ның мұнай өндіру жөніндегі операторы Айбек Турсынбек танылды.



**«Emбімұнайгаз» АҚ семинарлар бөлмесінің құрылысын қаржыландырып, соның аясында 26–28 қыркүйек аралығындағы үш күн бойы ең ірі мұнай-газ және сервистік компаниялардың 12 тақырыптан тұратын семинары өткізілген KIOGE 2018 көрмесінің Күміс демеушісі болды.**





# ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ



## Құрманғазы Есқазиев

«Ембімұнайгаз» АҚ Директорлар Кеңесінің Төрағасы

## Құрметті оқырмандар!

2018 жыл «Ембімұнайгаз» АҚ үшін жемісті болды. Өткен жылдың басты жетістіктерінің бірі болып, Компанияның алдағы он жыл барысындағы даму Концепциясын бекіту табылады. Концепцияда Компанияның стратегиялық басым мақсаттары, міндеттері, инвестициялық және дивидендтік саясаттарының бағыттары және соған сәйкес бизнес-жоспарлар мен жобалар қоржыны қалыптастырылатын болашақта даму көріністері мен әлеуетті жоспарлар белгіленген. Концепцияны жүзеге асыру «Ембімұнайгаз» АҚ-ның акционеріне ұзақ мерзімді пайданы қамтамасыз ету, өңірдің экономикалық дамуына елеулі үлес қосу және мыңдаған адамнан тұратын ұжымның болашаққа деген сенімін қамтамасыз ету мүмкіндігін береді. Концепцияда анықталғандай, Компания Миссиясы әлеуметтік және бизнес-мүдделерді теңестіру жолымен қызметкерлер үшін тұрақтылық пен акционерлер үшін тиімділікті қамтамасыз ету болып табылады.

Құндылықтар ретінде қызметкерлердің өмірі мен денсаулығын сақтап қалу, нәтижеге қол жеткізу, туған жер мен Компанияға ұқыпты қарау, басты назарды кәсіпқойлыққа бөлу және әріптестер арасында өзара құрмет пен сенім қажеттілігі сияқты қарапайым және түсінікті ақиқаттар қабылданады.

Таңдалған құндылықтар аясында Ембі топ-менеджменті және қызметкерлері 2018 жылы өндірістік бағдарламаны нәтижелі орындап және акционерге қосымша пайданы қамтамасыз етіп, еңбекті қорғау, өндірістік және қаржылық қызмет бойынша тамаша көрсеткіштерге қол жеткізді. Таза пайданың және ақша ағындарының, салықтар мен бюджетке төлемдердің оң динамикасы сақталып қалды.

2018 жылға көзделген өндіру жоспары акционермен 2 млн 895 мың тонна мұнай көлемінде белгіленген, оның өзі өткен жылдардағы жылдық өндірудің үйреншікті деңгейінен 55 мың тоннаға асып түскен. Ембінің ұйымшыл ұжымы осы тапсырманы да нәтижелі орындады.






Ұлттық компания жүйесінде нақты осы жерде геологиялық барлау қызметі белсенді түрде пайдаланылып, тұзасты құрылымдарда бұрғылау жоспарлануда, мұнай өндірудің, құрал-жабдықтарды, материалды-техникалық қамтамасыз ету мен көліктік қамтамасыз етудің техникалық күтімі мен жөндеу процестерін автоматтандырудың цифрлық технологиялары тұңғыш рет пилоттық режимде жүзеге асырылып, қазіргі таңда белсенді түрде тираждалуда. Бұл жобаларды жүзеге асыру Компанияда еңбек өнімділігін арттырып, барлық бизнес-процестерді тиімді басқару мүмкіндігін берді.

Даму Концепциясы аясында өткен жылы жобалық басқару жүйесі енгізіліп, Компанияның жобалар қорын жүзеге асыру мәртебелерін қарастыру жөніндегі комитет құрылды. Бұл жобаларға үнемі мониторинг жүргізу және бағалау, оларды жүзеге асыру процесін жақсарту мақсатында жедел шешімдер қабылдау мүмкіндігін қамтамасыз етеді. Негізгі назар жобалардағы тәуекелдерді басқаруға бөлініп, бұл Компанияның тәуекелдерге бағытталу ұстанымын бөлектей түседі.

Директорлар кеңесінің, топ-менеджменттің және ұйымшыл ұжымның ортақ күш салуы арқасында «Ембімұнайгаз» АҚ ағымдағы жылы таңдалған Миссия аясында барлық көзделген жоспарларды нәтижелі жүзеге асыра түсетініне сенімдімін!

**Құрманғазы Есқазиев,**  
**«Ембімұнайгаз» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы**



////////////////////////////////////  
**«Ембімұнайгаз» АҚ – болашағының әлеуеті бар, мұнай кен орындарының геологиялық барлауын, әзірлеуін, мұнай мен газды өндіру мен дайындауды жүзеге асыратын қазақстандық заманауи мұнай компаниясы болып табылады. «Ембімұнайгаз» АҚ құрамына Атырау қаласындағы және Атырау қаласының 4 ауданындағы 6 өндірістік құрылымдық бөлімше кіреді.**  
////////////////////////////////////



# БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ



**Жақсыбеков Ануар Еркинович**  
«Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма  
Төрағасы

## Құрметті әріптестер мен серіктестер!

«Ембімұнайгаз» АҚ-ның қызметі мен Компанияның негізгі қорытындылары келтірілген жылдық есепті қуана табыстаймын. 2018 жыл оқиғалар мен жетістіктерге толы болды. Олардың ішіндегі бастысы өлімсіз оқиғалар мен өндірістегі апат көрсеткіштерінің нөлдік деңгейде болуы. Осындай нәтижелерге Компанияның барлық қызметкерлерінің жүйелі және бір адамдай жұмысының нәтижесінде қол жеткіздік. Өкінішке орай, жарақаттану жағдайларын болдырмау мүмкін болмады. Барлық төрт оқиға бойынша талдау жасалып, олардың алдын алу мақсатына сәйкес қорытындылар жасалды. Ағымдағы жылы алға қойған мақсатымыз – озақ тәжірибені пайдалана жұмыс істеп, еңбек пен қоршаған ортаны қорғауда көшбасшы болып табылатын халықаралық компанияларда қабылданған жаңа әдістерді енгізе отырып алға жылжу.

Компания қоршаған ортаға келтірілетін зиянды барынша азайту жолында жоспарлы түрде жұмыс істеп, жыл сайын тарихи ластанған аумақтарды тазарту мен мұнай шламын қайта өңдеуге елеулі қаражат жұмсап отыр. Тұщы суды тиімді пайдалану аясында Компанияда бірнеше жылдан бері альба-сеноман шөгінділерінің жерасты суларының қорларын бағалай отырып жерасты суларына зерттеу және әрі қарай Оңтүстік Ембі бассейні мен Қайнар массивінің аумағындағы «Ембімұнайгаз» АҚ нысандарын өндірістік қажеттіліктерге пайдалану бойынша жұмыстар жүргізілуде. Бағдарламаны жүзеге асыру кәсіпорынның өндірістік және әлеуметтік-тұрмыстық мақсаттарда Еділ суын тұтынуға тәуелділікті азайтпақ.

Қазақстан Республикасының «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» Заңын жүзеге асыру шеңберінде, Компанияда ілеспе мұнай газын кәдеге жарату бойынша жұмыстар атқарылуда. 2018 жылы 152 млн м<sup>3</sup> астам тауарлық газ дайындалып, 100 млн м<sup>3</sup> астамы сатылды. «Жылыой-мұнайгаз» МГӨБ «С. Нұржанов» кен орнындағы газды кешенді дайындау қондырғысында LO-CAT технологиясы бойынша элементтік күкіртті алу қондырғысы іске қосылды. Шығыс Мақат және С. Балғымбаев кен орындарындағы газды дайындау қондырғылары нәтижелі жұмыс істеп, Мақат, Қызылқоға және Исатай аудандарының тұрғындарын газбен қамтамасыз етуде. Аққыстау ауылынан «Тущықұдық» газ тарату станциясына дейінгі және С. Балғымбаев газды дайындау қондырғысынан Туманное кентіне дейінгі газ құбырларының құрылысы аяқталып, тауарлы газды тұрғындарға маусымдық ауытқуларға қарамастан кез келген уақытта сату мүмкіндігін берді.

Көзделген мақсаттарға адалдықтың тағы бір дәлелі болып Компаниядағы өндірістік процестерді әрі қарай цифрлау бойынша орындалып жатқан ауқымды жұмыс табылады. 2016 жылы Уз кен орнында пилоттық режимде жүзеге асырылған «Интеллектуалды кен орны» жобасы өзінің тиімділігін дәлелдеді. 2017 жылы жоба Прорва тобы кен орындарында, 2018 жылы – Жаңаталап және Шығыс Мақат кен орындарында тираждалды. Жалпы алғанда, 2024 жылға дейін Компания бойынша 10 кен орны цифрланады.

«Ембімұнайгаз» АҚ-ның осы жобасы «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасына енгізілген және Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев-



тың 2018 жылдың тамыз айында Ембінің бас офисіндегі өндірістік процестерді визуализациялау орталығына келуі барысында оның оң бағасына ие болды. Өткен жылдың сәуір айында Компаниямен ұйымдастырылған мұнай өндірісін цифрлау бойынша Форум 200-ге жуық халықаралық және отандық сарапшыларды, мұнай және сервистік компаниялардың өкілдерін жинады. 2018 жылы Компаниямыздың визуализациялау және цифрлау орталығының қызметімен ҚР премьер-министрі Б.А. Сағынтаев, вице-премьер А.К. Жұмағалиев, ҚР Парламентінің депутаттары, «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ басшысы А.С. Есімов және басқалары танысып шықты.

Компанияда қорларды толықтыру бойынша зор жұмыс атқарылуда. 2018 жылы бес іздестіру-барлау ұңғымасын бұрғылау аяқталды, алтауы бұрғылануда, триас кешенінде екі жаңа кен орны – Солтүстік Уаз және С. Нұржанов (солтүстік-батыс қанатында) балансқа лынды. Батыс Новобогатинское кен орны бойынша қорлар арттырылды. Ақтөбе облысындағы Ембі-5 учаскесі бойынша мемлекеттік геологиялық зерттеуге шарт жасасып, жалпы көлемі 1 000 кума метрді құрайтын 2Д ЖТНӘ жұмыстары атқарылды. «Қайнармұнайгаз» МГӨБ Тайсойған учаскесінде сейсмикалық барлау жұмыстарының үлкен көлемін орындауға корпоратившілік рұқсаттар алынды, ондағы 3Д ЖТНӘ жұмыстарының жалпы көлемі ҚМГ ҰК компаниялар тобы үшін де, жалпы еліміз үшін де рекордтық көрсеткіш болып табылатын 5 600 км<sup>2</sup> құрайды.

Өндірістік қорытындылаушы кезеңі барысында мұнай қорларын толықтай шығарып алу мүмкіндігін зерттеу мақсатымен Компанияда Забурунье кен орнында полимерлі су толтыру технологиясын пайдалану жалғастырылуда. Алдыңғы жылдармен салыстырғанда, мұнайды өндіру деңгейін тұрақтандыру бойынша оң динамикаға қол жеткізілді.

2018 жылы шығыстарды оңтайландыру мақсаттарында материалды-техникалық қамтамасыз ету, құрал-жабдықтарға техникалық қызмет көрсету мен жөндеу бойынша жобалар пилоттық режимде іске қосылып, енді кеңінен тираждалуда, автокөлікті бөлек есепке алу жүйесі жүзеге асырылады.

2018 жылы шарттарды орындау аясында 11,796 млрд теңге сомасындағы тауарлық-материалдық құндылықтар (ТМК) келіп түсті. Ертеректе жеткізілген тауарлардан 1,9 млрд теңге сомасындағы ТМК қолданылды. ТМК айналымы 180 күн жоспарында 152 күнді құрады.

Әлеуметтік тұрғыдан жауапты жер пайдаланушысы ретінде Компания жергілікті құрамды дамытуға үлесін қосуда. 2018 жылы 89,9 млрд теңге сатып алулар көлемінде тауарлардың ішіндегі жергілікті құрам 42%, жұмыстарда – 94%, қызметтерде – 94% құрады.

2012 жылдың 1 қазанынан бастап 2018 жылдың 31 желтоқсанына дейін «Ембімұнайгаз» АҚ салықтар мен бюджетке

төлемдерді төлеуге 897,1 млрд теңгеден астам, соның ішінде 2018 жылы – 199,2 млрд теңгені жұмсады. Осы кезең барысында өңірлік инфрақұрылымды дамытуға 4,3 млрд теңгеден астам, соның ішінде 2018 жылы – 1,9 млрд теңге жұмсалды.

Қызметкерлерінің кәсіби деңгейін арттыру мақсатында Компания жыл сайын қызметкерлерін оқытуға, дайындауға және біліктіліктерін арттыруға елеулі сомалар жұмсайды. 2018 жылы Компанияның 4,5 мыңнан астам қызметкері қауіпсіздік техникасы бойынша міндетті курстарда, 1,2 мыңнан астамы – біліктілігін арттыру курстарында оқудан өтті. Штаттық лауазымдағы қызметтері профилден тыс болуына байланысты, оңтайландырылған қызметкерлер үшін Компаниямен жаңа мамандықтар бойынша қайта дайындау ұйымдастырылған.

Дуалды оқыту Бағдарламасын жүзеге асыру бойынша жұмыстар нәтижелі орындалуда. Жобаны жүзеге асыру жылдары барысында, 2015 жылдан бастап 2018 жылға дейін, жұмысшы мамандықтары бойынша дуалды оқытудан барлығы 93 студент өтті, соның ішінде қорытынды тестілеу бойынша ең жоғары балл жинаған 37 студент Компанияға жұмысқа қабылданды. Бүгінгі таңда 23 студент оқуларын өндірісте жалғастыруда, ал 2019 жылы оқуға тағы 19 студент қабылданды.

Компания «Ембімұнайгаз» АҚ әлеуметтік инфрақұрылымының материалды-техникалық базасын жетілдіру Бағдарламасын жүзеге асыруды жалғастыруда және мұнайшылардың әлеуметтік-тұрмыстық жағдайларын жақсарту жұмыстарын орындауда. 2018 жылы Кенбай к/о 100 орындық жатақхана, Қисымбай к/о (50 орындық) және С. Балғымбаев атындағы к/о (150 орындық) асханалар пайдалануға берілді.

Ағымдағы жылы Ембі мұнайшылары ерікті түрде, жеке қаражаттары есебінен үйлері су тасқыны салдарынан суға кеткен Шығыс Қазақстан облысының Зырянов ауданының тұрғындарының басына түскен қайғыға ортақтасты. Компания қызметкерлерімен жиналған қаражатқа зардап шеккен тұрғындар үшін үш үй мен төрт пәтер сатылып алынды. Ембіліктердің ерекше қамқорлығы әрдайым балаларға арналады. Екінші жыл қатарынан Компанияда әлеуметтік тұрмысы төмен осбасыларға көмек ретінде балаларға сыйлықтар сатылып алынатын қайырымдылық жәрмеңкелері ұйымдастырылуда. Биыл жас мамандар үй-үйді аралап, үйден оқитын қаланың 50 кішкентай тұрғынына сыйлықтар табыстады.

Мен Компанияның үлкен әрі тату ұжымына – «ҚазМұнайГаз» Ұлттық Компаниясы» АҚ –нан қойылған барлық міндеттерді орындаудағы нәтижелі жұмысы үшін алғысымды білдіремін. Алдағы жылы да біз жұмысымызды – еңбекті қорғау саласындағы ең жоғары стандарттарды ұстана отырып, әр істі аяғына дейін жеткізу құндылығымызға сәйкес жалғастырамыз!

**Жақсыбеков Ануар Еркинович,  
«Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма төрағасы**



# Шарфтық Ембімұнайгаз

## ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫ БАСҚАРУ СТАНЦИЯСЫ

Орнатылған VLT SALT Danfoss интеллектуалды басқару станциясы ұңғыманы басқару және келесі сигналдарды қашықтан алу мүмкіндігін береді:

- ▶ Әткеншек станокты бірсарынды қосу
- ▶ Электр қозғалтқышты автоматты режимде қосу және өшіру
- ▶ Жиілікті бірқалыпты және сатысыз басқару
- ▶ Параметрлерді (тоқты, кернеуді, жиілікті, электр энергияны тұтынуды) өлшеу
- ▶ Парафинденуді/ құм түзілісін анықтау
- ▶ Қозғалтқыш мезетін графикалық көрсету көмегімен әткеншек станоктың теңгерімін бақылау




Өндіру

- ▶ Сорғының толу коэффициенті бойынша теңселу жиілігін баптаудың интеллектуалды функциясы
- ▶ Ұңғыманы режимге автоматты түрде шығару функциясы





# 01



**КОМПАНИЯ  
ПРОФИЛІ**

K-1405 B



«Ембімұнайгаз» акционерлік қоғамы (бұдан былай – «Компания» немесе «Қоғам») Қазақстан Республикасында 2012 жылдың 27 ақпанында «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» акционерлік қоғамының (бұдан былай – «ҚМГ БӨ») Директорлар кеңесінің ҚМГ БӨ өндірістік филиалдары негізінде жаңа еншілес кәсіпорындар құру жөніндегі шешім қабылдау нәтижесінде құрылған. Компания өзінің өндірістік қызметін 2012 жылдың 1 қазанынан бастап, ҚМГ БӨ көмірсутекті шикізатты өндіру және барлау жөніндегі шарттар бойынша жер қойнауын пайдалану құқықтарын және «Ембімұнайгаз» өндірістік филиалының активтері мен міндеттемелерін алғаннан кейін жүзеге асыра бастады.

«ҚазМұнайГаз» Ұлттық Компаниясы» АҚ («ҚМГ ҰК») «Ембімұнайгаз» АҚ «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ акциялар пакетінің 100% сенімді басқарушысы болып табылады. ҚМГ ҰК Қазақстанның мұнай-газ саласындағы мемлекет мүдделерін танытады және толықтай өз кезегінде толықтай Қазақстан Республикасы Үкіметінің («Үкімет») жекеменшігі болып табылатын «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ толық жекеменшігі болып табылады.

Компания өндірілетін мұнайды экспортқа және ішкі нарыққа шығарады. Ішкі нарықта мұнай ҚР мұнай өңдеу зауыттарына жеткізіледі. Экспортқа мұнай негізгі екі бағытта жеткізіледі: Каспий құбыр консорциумы (КҚК) және Өзен – Атырау – Самара (ӨАС). Тауарлық газды сату ҚР газ және газбен қамтамасыз ету саласындағы ұлттық оператор – «ҚазТрансГаз» АҚ арқылы жүзеге асырылады.

Компания тарихының ресми басы 1922 жылдан – Доссор және Мақат кен орындарын игеру мақсатында «Ембімұнай» трестінің құру мезетінен бастап есептеледі. 2012 жылдың 1 қазанында «Ембімұнайгаз» өндірістік филиал мәртебесінде сегіз жылдан өткізгеннен кейін акционерлік қоғам болып қайта құрылды.

Компания көмірсутекті шикізатты барлаумен, әзірлеумен, өндірумен, экспорттаумен айналысады. Компанияның негізгі операциялық мұнай-газ қызметі Қазақстан Республикасының Атырау облысында орналасқан мұнай-газ активтерінде жүзеге асырылады.



6

«Ембімұнайгаз» АҚ құрамына Атырау қаласында және Атырау облысының төрт ауданында орналасқан алты өндірістік құрылымдық бөлімше кіреді: «Жайықмұнайгаз» МГӨБ,

«Доссормұнайгаз» МГӨБ, «Қайнармұнайгаз» МГӨБ, «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ, «Ембімұнайэнерго» басқармасы және «Өндірістік-техникалық қамту және құрал-жабдықтармен комплектациялау басқармасы» (ӨТҚК және ҚЖБ).

4

45


«Ембімұнайгаз» АҚ балансында А+В+С1 санаттары бойынша (геол/шығару) – 619 518/74 304 мың тоннаны құрайтын 45 кен орны есепте тұр.

Кен орындарының қорларын шығарып алудың орташа мәні 70% құрайды.

«Ембімұнайгаз» АҚ өзінің қызметін ISO 9001, ISO 14001, OHSAS 18001, ISO 50001 халықаралық стандарттарына сәйкес жүзеге асырады.




# ҚЫЗМЕТ ГЕОГРАФИЯСЫ





# БИЗНЕС КАРТАСЫ





Компания көмірсутекті шикізатты барлаумен, әзірлеумен, өндірумен, экспорттаумен айналысады. Компанияның негізгі операциялық мұнай-газ қызметі Қазақстан Республикасының Атырау облысында орналасқан мұнай-газ активтерінде жүзеге асырылады.

## БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ ПРОЦЕСТЕРІ

- ▶ Стратегияны басқару
- ▶ Өндірістік жоспарлау, бюджеттеу және инвестициялық талдау
- ▶ Активтер қоржынын басқару
- ▶ Тиімділікті және сапаны басқару
- ▶ Ішкі аудит
- ▶ Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау
- ▶ Мүдделі тұлғалармен қатынастарды басқару

## НЕГІЗГІ ПРОЦЕСТЕР

- ▶ Барлау
- ▶ Бағалау
- ▶ Кен орнын игеру
- ▶ Кен орындарын басқару
- ▶ Активтерді пайдаланудан шығару

## ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ПРОЦЕСТЕРІ

- ▶ HR. Персоналды басқару
- ▶ HSE. ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ
- ▶ Қаржыны басқару
- ▶ Құқықтық қолдауды қамтамасыз ету
- ▶ Сатып алуларды басқару
- ▶ Өндірісті автоматтандыру және IT басқару
- ▶ Деректерді басқару
- ▶ Инновациялық-технологиялық дамуды басқару
- ▶ Корпоративті басқару
- ▶ Әкімшілік қызмет



# Шарфтық Ербеймұнайгаз

## Ұңғыма Дебитін Мониторингтеу

«Интеллектуалды кен орын» жүйесінде өндіруді мониторингтеу бойынша жүзеге асырылған модуль мамандарға ағымды уақыт режимінде өндірістік процестерді мониторингтеуге және төмендегі көрсетілген параметрлер бойынша ақпарат алуға мүмкіндік береді:



Өндіруді мониторингтеу

- ▶ Олардың орнатылған технологиялық режимінен ұңғыма сұйықтығының өлшемді өндірісінің ауытқуы
- ▶ Мұнайды дайындаудың технологиялық процесі
- ▶ Ұңғымалардың тоқтауы және тұрып қалуға байланысты шығындар
- ▶ Ағымды өндіру өзгерісінің динамикасына қарай тәулік соңында сұйықтық/мұнайды өндіруді болжамдау
- ▶ Сұйықтықтың/мұнайдың өлшемді және парктік өндірілуінің теңгерімі





# 02



## ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫ



## БЕЙНЕМІЗ

«Ембімұнайгаз» АҚ – қауіпсіздіктің ең жоғары стандарттарына сәйкес, жоғары білікті қызметкерлері бар және ұзақ мерзімді дамуды қамтамасыз ететін тиімді ресурстық базаға ие мемлекеттің мажоритарлы қатысуы бар аса тиімді мұнай-газ компаниясы.

## БІЗДІҢ МИССИЯ

Біз мұнай мен газды әлеуметтік және бизнес-мүдделерді теңестіру жолымен қызметкерлер үшін тұрақтылық пен акционерлер үшін тиімділікті қамтамасыз ету үшін өндіреміз.

## БІЗДІҢ ҚҰНДЫЛЫҚТАР

**Адам өмірі – біздің шартсыз құндылығымыз.** Өзіміз және әріптестеріміз үшін қауіпсіздік мәдениетін енгізу арқылы қызметкерлеріміздің өмірі мен денсаулығының сақталуын қамтамасыз ету. Жұмысқа келген қызметкерлер үйіне аман-есен оралуы тиіс.

**Істі аяғына дейін жеткіземіз.** Компания көзделген нәтижелер мен алға қойған мақсаттарға жетуге ұмтылуда. Біз нәтижеге жетуге ынталы қызметкерлерді бағалай білеміз.

**Туған жер мен Компанияға ұқыпты қарау.** Компания қоршаған орта мен Компания мүлігіне ұқыпты қарайтын қызметкерлерді бағалай біледі.

**Кәсіпқойлық.** Компания қызметкерлерінің кәсіпқой деңгейін арттыру үшін жағдайлар жасайды. Біз жаңа білім алуға ұмтылатын қызметкерлерді бағалай білеміз және мансаптық жетілудің тең жағдайларын жасаймыз.

**Этика және жеке тұлғаны құрметтеу.** Компания өзара құрмет пен сенімге негізделген қатынастар мәдениетін қалыптастыруға ұмтылады.



## СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАСЫМ МАҚСАТТАР

Компанияның шешімдер қабылдау барысындағы негізгі стратегиялық басым мақсаттары болып келесілер табылады:

### **Кірістілік.**

Компания болмысының ажырамас бөлігі ретіндегі кірістілік.

### **Экология.**

Жер қойнауын тиімді пайдалану және қоршаған ортаға кері әсерді азайту. Өндірістің өсуі жағдайында Компания экологияға кері әсерді азайтатын жаңа технологияларды енгізеді.

### **Әлеуметтік тұрақтылық.**

Персоналды ағымды және жаңа жобаларға тиімді бөлу арқылы Компания қызметкерлерінің жұмыс бастылығын қамтамасыз ету.

### **Өндірісті автоматтандыру.**

Еңбек өнімділігін және өндірістегі қауіпсіздік деңгейін арттыру.

### **Энерготімділік.**

Ағымды және жаңа жобалар бойынша технологияларды таңдау барысында Компания басымдылықты энерготімді технологияларды пайдалануға береді.





## ҚЫЗМЕТТІҢ СТАРТЕГИЯЛЫҚ БАСЫМ БАҒЫТТАРЫ

Компания қызметінің стартегиялық басым бағыты болып төменде көрсетілген жолмен тұрғындардың жұмыспен қамтылуын және акционерлік құнды құруды қамтамасыз ету үшін «Ембімұнайгаз» АҚ тұрақты және ұзақ мерзімді (25 жылдан астам кезеңге) дамуын қолдайтын бәсекеге қабілетті ресурстық базаны қалыптастыру табылады:

- ▶ әрекет етуші және жаңа шарттар бойынша геологиялық барлау жұмыстарын орындау,
- ▶ қолданыстағы кен орындарында қосымша барлауды жүзеге асыру,
- ▶ жаңа активтерді иелену.

Компания өзінің қолданыстағы кен орындарында мұнайды өндіруді және өндіруді қарқындатуды мұнайды шығарып алу коэффициентін (МШК) арттырудың жаңа технологияларын енгізу арқылы жүзеге асырады.

Өндірістік процестердің үздіксіздігін қамтамасыз ету үшін Компания ұңғымалардың жөндеу аралық кезеңдерін (ЖАК) арттыруға, арнайы техника паркін пайдалану коэффициентін арттыруға және персонал үшін жайлы тұрмыстық жағдайларды қамтамасыз етуге бағытталған мұнай сервисі процестерін дамытады.

Мұнай өндіру барысында қалыптасатын ілеспе газды кәдеге жарату қоршаған ортаға ұқыпты қараудың міндетті шарты болып табылады. Оған қоса, Компанияның инвестициялық жобалар қоржынында өндіру бойынша жобалар да бар. Осылайша, Компания газ бизнесін дамытуды тауарлық газды, метанолды, GTL технологиясы бойынша дизельді алу мақсатымен ілеспе газды өңдеудің қолданыстағы қондырғыларын жетілдіруді және жаңаларын салуды көздейтін әлеуеті мол бағыт ретінде қарастырады. Сонымен қатар, Компания өзінің электр қуатын өндіру үшін газ поршеньді электр станцияларын (ГПЭС) салу бойынша шараларды жүзеге асырады. Өндірілген өнімдерін Компания өзінің қажеттіліктерінде де, жергілікті нарықта сату үшін де пайдаланатын болады.

Кен орындарындағы өндірістік және әлеуметтік-тұрмыстық инфрақұрылымды қолдап отыру үшін Компания автожолдар құрылысы мен жөндеуін жүзеге асырып, персоналдың тұрақтау және тамақтану, шаруашылық инфрақұрылым нысандарын тиімді пайдалану мәселелерін шешеді.

Қызметінің барлық бағыттарының тұрақты дамуын қамтамасыз ету үшін Компания еңбекті қорғауды, қауіпсіздік техникасын HR және өндірісті автоматтандыруды дамытуға көп көңіл бөледі.

**«Ембімұнайгаз» АҚ даму концепциясын жүзеге асыру Компанияға өңірдің экономикалық дамуына және мыңдаған адамнан (5 000 астам қызметкерден) тұратын ұжымның болашағына деген сеніміне елеулі үлес қосу мүмкіндігін береді.**





## СТРАТЕГИЯЛЫҚ ИНДИКАТОРЛАР

пәк	Ед.	2017 (ФАКТ)	2018 (ЖОСПАР)	2018 (ФАКТ)	2022 (ЖОСПАР)	2027 (ЖОСПАР)	2032 (ЖОСПАР)
Қорлар	млн тонна	70,4	75,49	74,30	202,64	184,68	146,24
Өндіру көлемі	млн тонна	2,8	2,9	2,9	3,99	3,15	11,3
Лифтинг шығындардың өзіндік құны	млн долл.	186,96	210,35	200,25	405,18	483,26	1 749,05
Персонал саны	адам	5 275	5 439	4 942	5 341	5 341	5 341
ROACE	%	17,92%	13,60%	26,71%	>WACC	>WACC	>WACC
EBITDA	млн долл.	283,8	259,6	337,7	384,1	248,3	1 840,7
EVA	млн долл.	62,9	22,3	139,21	>0	>0	>0

## НЕГІЗГІ ТӘУЕКЕЛДЕР

Компания даму концепциясын жүзеге асырудың келесі тәуекелдерін және оларды барынша азайту шараларын анықтады:

№	Факторлар	Ықтималды әсері	Барынша азайту шаралары
1	Өндірудің жоғары өзіндік құнына байланысты өндірудің соңғы кезеңіндегі кен орындарында өндіру көлемдерінің төмендеуі	Өндіру көлемдерінің төмендеуі	Геологиялық барлау және М&А мәмілелері есебінен қорларды арттыру
2	П-1 жобасы бойынша қабаттардың орналасу тереңдігіне байланысты геологиялық тәуекелдердің жоғары дәрежесі	Компания құнының төмендеуі	Стратегиялық әріптесті тарту
3	Дивиденттердің елеулі көлемін акционердің шығарып алуына байланысты, жобаларды қаржыландыру үшін инвестициялық әлеуеттің төмендеуі	Қорлар мен өндірудің өсімінің болмауы	Акционердің Концепцияны (соның ішінде инвестициялық және дивиденттік саясаттарды), инвестициялық жобалардың бизнес-жоспарларын бекітуі.
4	Мұнай құнының төмендеуі (базалық сценарийден төмен)	Компания түсімінің төмендеуі	Өзіндік құнды төмендету бойынша бизнес-бастамаларды іздестіру
5	Қазақстан экономикасының макропараметрлерінің (теңгенің АҚШ долларына шаққандағы бағамының, инфляция деңгейінің) теріс өзгеруі	Компания құнының төмендеуі, шығыс бөлігінің артуы	Компанияның салықтық саясатын оңтайландыру шараларын әзірлеу және қолдану
6	Рұқсатсыз ереуілдердің туындау тәуекелі	Қызметтегі үзілістер	Процестерді аутсорсингке ауыстыру бойынша сараланған саясат Персоналды қайта дайындау бағдарламаларын дер кезінде жүзеге асыру. Компаниядағы әлеуметтік климатты мониторингтеу және талдау

Тәуекелдерді басқару үшін Компанияда тәуекелдерді басқару құжаттары мен процедуралары әзірленіп, бекітілген.



# ШАРПЫҚ ЕРЫМЖАЙҒАЗ

## ҰЖЖ БРИГАДАЛАРЫНЫҢ ЖҰМЫСТАРЫН МОНИТОРИНГТЕУ

«Интеллектуалды кен орын» жүйесінде ҰЖЖ мониторингтеу бойынша жүзеге асырылған модуль мамандарға ағымды уақыт режимінде бригадалармен орындалатын жөндеу жұмыстарының барысын қадағалауға мүмкіндік береді:



### Ұңғымаларды жөндеу

- ▶ ҰЖЖ бригадаларының жұмыстарының тиімділігін мониторингтеу
- ▶ ҰЖЖ бригадаларының жұмыстарын жылдам бақылау есебінен тұрып қалу уақытын қысқарту
- ▶ ҰЖЖ жүзеге асырудың жалпы уақытын қысқарту
- ▶ Түсіру-көтеру операцияларын тұрақты бақылау есебінен өндірістік қауіпсіздікті қамтамасыз ету





# 03



МЕНЕДЖМЕНТ  
ЕСЕБИ



## ЭКОНОМИКАЛЫҚ ОРТАҒА ШОЛУ

Компанияның қаржылық ахуалына әсер ететін негізгі макроэкономикалық факторлар қатарына жатады: мұнай бағаларының динамикасы, инфляция қарқыны, валюталық бағамдардың, атап айтқанда, теңгенің АҚШ долларына айырбастау бағамының ауытқулары.

	2016	2017	2018	Ауытқу.
Brent (DTD) орташа бағамы	43,73	54,19	71,31	32%
Инфляция деңгейі – Қазақстан (%)	8,50%	7,10%	5,3%	-2,1 т.т.
Орташа айырбастау бағамы (1 АҚШ доллары үшін теңге)	342,16	326,00	344,85	6%

2018 жылы мұнай бағасының белгіленуіндегі өсім жалғасып, нәтижесінде Brent маркалы мұнайдың бағасы 32% артты. 2018 жылдың басым бөлігі барысында бағалар өсуіне септігін тигізген факторлар арасында Иранға қарсы санкциялар, ОПЕК+ өндіруді қысқарту жөніндегі келісім және мұнайға деген ғаламдық сұраныстың өсуі бар. Сонымен қатар, ғаламдық экономиканың тежелуі салдарынан ұсыныс артықтығы мен мұнайға деген сұраныстың қысқаруының болжамы жолдың соңында бағалардың төмендеуіне әкеп соқты. Мұнай бағаларының белгіленуіне түсетін қысым 2019 жылы да сақталып қалады деп күтілуде.

Энергетика Министрлігінің мәліметтері бойынша, 2018 жылы Қазақстанда 90 млн 360 мың тонна мұнай өндіріліп, бұл 2017 жылдың көрсеткішінен 4,8% артық және тарихи максимум болып табылады. Өсім үш ең ірі кен орнында: Қашағанда, Тенгизде және Қарашығанақта өндірудің артуымен қамтамасыз етілді. Үш ірі жоба бойынша мұнай өндірісі шамамен 54 млн тоннаны құрады, соның ішінде Қашаған кен орнында – 13,2 млн тонна (2018 жылдың жоспарына 120%), Теңізде – 28,6 млн тонна, Қарашығанақта – 12,2 млн тонна. Бұл жағдайда, 2019 жылы өндіру 89 млн тонна мұнай деңгейінде күтілуде, бұл негізінен ескі кен орындарындағы өндірудің қысқаруымен және ірі кен орындарында жоспарланған күрделі жөндеумен байланысты.

2018 жылы мұнай-газ секторына инвестициялардың тартымдылығын арттыру және қор базасын ұлғайтуға бағытталған заң реформалары жүзеге асырылды. Салық кодексіне және Жер қойнаулары және жер қойнауларын пайдалану жөніндегі кодекске өзгерістер енгізіліп қойған және нәтижелерін беруде.



## ОПЕРАЦИЯЛЫҚ НӘТИЖЕЛЕР

### Мұнайды өндіру

Көмірсутекті шикізатты іздеу және барлау, кен орнын әзірлеу және мұнайды өндіру жер қойнауларын пайдалану туралы келесі сегіз шарт бойынша жүзеге асырылды: Кенбай кен орны (келісім шарт № 37), Оңтүстік-Шығыс Новобогатинское кен орны (келісім шарт № 61), 22 кен орны (келісім шарт № 211), Тайсойған блогының 3 кен орны (келісім шарт № 327), Лиман блогы (келісім шарт № 406), 14 кен орны (келісім шарт № 413), Батыс Новобогатинское кен орны (келісім шарт № 992), Қаратон-Сарқамыс блогы (келісім шарт № 3577).

2019 жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша «Ембімұнайгаз» АҚ теңгерімінде мұнай қорлары А+В+С1 санаттары бойынша келесі көлемді құрайтын 45 кен орны есепте тұр:

- ▶ бастапқы геологиялық – 619 518 мың тонна,
- ▶ бастапқы өндірілетін – 254 912 мың тонна,
- ▶ қалдықты өндірілетін – 74 304 мың тонна;
- ▶ жинақталған өндіру – 180 млн 608 мың тонна;
- ▶ МШК тек. – 29,2%.

Соның ішінде, әзірленіп отырған 33 кен орындары бойынша:

- ▶ бастапқы геологиялық – 572 млн 664 мың тонна;
- ▶ бастапқы өндірілетін – 236 млн 108 мың тонна;
- ▶ қалдықты өндірілетін – 70 млн 936 мың тонна;
- ▶ жинақталған өндіру – 165 млн 172 мың тонна;
- ▶ МШК тек. – 28,8%.

Тоғыз кен орны консервацияда – Доссор, Ескене, Таңатар, Комсомольский, Бек-Беке, Сағыз, Мақат, Төлес, Тәжіғали. Үш кен орны барлау барысында – Орталық Новобогатинское, С.Нұржанов (солтүстік-батыс қанаты), Солтүстік Уаз.

2018 жылдың I тоқсанында ҚР пайдалы қазбалар қорлары жөніндегі мемлекеттік комиссиямен (ҚР ҚМК) Мемлекеттік теңгерімге тәжірибелік пайдалануға қабылданған С. Нұржанов (солтүстік-батыс қанаты), Орталық Новобогатинское кен орнының, III тоқсанда – Солтүстік Уаз кен орнының оперативті бағаланған қорлары қабылданды.

Есепті жылдың соңында әзірленіп отырған 33 кен орны бойынша жинақталған өндіру 165 млн тоннадан астам мұнайды және мұнайдың қалдықты шығарылатын қорлары – шамамен 71 млн тоннаны құрады, яғни, қазіргі күні мұнай қорларының 70% шығарылған.

Бұл жағдайда, мұнайдың қалдықты қорларының 40% астамын (шамамен 32 млн тоннаны) көбінесе Кенбай кен орны (Шығыс Молдабек учаскесі), Қарсақ, Терең-Өзек және т. б. сияқты борлы шөгінділердің аса тұтқыр мұнайларынан тұратын коллекторларда және триас кезеңінің өткізгіштігі төмен шөгінділерінде (С. Нұржанов кен орны және т. б.) жинақталған қиын шығарылатын қорлар құрайды.

Мұнайдың қалған 60% қалдықты өндірілетін қорлары, басқаша «белсенді қорлар», негізінен әзірлеудің аяқтау кезеңіндегі және шығарылуының жоғары (85% астам) деңгейімен және аса сулануымен сипатталатын кен орындарының үлестеріне тиесілі.

**Қолданыстағы кен орындарында Компания мұнай өндіруді және мұнайды шығарып алу коэффициентін арттырудың жаңа технологияларын енгізу арқылы өндіру қарқындылығын арттыруды жүзеге асырады.**



**Өндірілген мұнай көлемі, 2018 жыл**



Айдау ұңғымаларының пайдалану қоры 2019 жылдың 1 қаңтарында – 454 ұңғыманы құрады, соның ішінде қолданыстағы – 427 ұңғыма, жұмыс істемейтін – 23 ұңғыма және іс жүзінде жабуды күтіп тұрған 4 ұңғыма.

2019 жылдың 1 қаңтарында кен орындарында бұрғыланған ұңғыма саны 7 490 құрады, соның ішінде 4 221 ұңғыма жабылды, 50 ұңғыма су алу ұңғымасы болып табылады. Бақылау санатына 236 ұңғыма жатқызылған. Өндіру ұңғымасының пайдалану қоры 2 217 ұңғыманы құрайды, ал айдаушы – 454 ұңғыма. Қолданыстағы қорда 2 144 мұнай және 427 айдау ұңғымасы бар. Жұмыс істемейтін 57 мұнай ұңғымасы, жабуды күтуде – 11, игеріліп жатқан – 5. Жұмыс істемейтін 23 айдау ұңғымасы, жабуды күтуде – 4.

Кен орындарындағы қиын өндірілетін қорлар мөлшері үздіксіз ұлғайып отырғандықтан, негізгі мақсаттардың бірі болып мұнай өндіру деңгейін тұрақтандыру табылады, оған шаралар кешені: жаңа ұңғымаларды бұрғылауды, ұңғымаларды күрделі және ағымды жөндеуді, ұңғымалар қорымен жүйелі жұмыс істеуді, пайдалану коэффициентін арттыруды, жөндеу аралық кезеңді ұзартуды, алдыңғы қатарлы технологияларды енгізуді және кен орнын әзірлеу жүйесін оңтайландыру жүйесін қолдану арқылы қол жеткізіледі.

Мұнайды шығарып алу коэффициентін арттыру үшін «Ембімұнайгаз» АҚ бүгінгі таңда, мұнай шығаруды арттырудың дәстүрлі әдістерімен қатар қазақстандық алдыңғы қатарлы ғылыми зерттеу институттарын тарта отырып жаңа технологияларды пайдалануда. Ұңғыма жұмысының жөндеу аралық кезеңін (ЖАК) ұзарту үшін жаңа технологиялар белсенді түрде пайдаланылуда.

Мұнай өндірудің 2018 жылға жоспарланған көлемі шамамен 332 тоннаға арттырылып, өндірудің жалпы көлемі 2 895,3 мың тоннаны құрады. Бұл жағдайда мұнай өндірудің орташа тәуліктік мөлшері тәулігіне 7 932 тоннаны құрады. 2019 жылға көзделген жоспар 2 895 мың тонна деңгейінде сақталған.

*«Ембімұнайгаз» АҚ бойынша мұнай өндіру, мың тонна*

Компания	2016		2017		2018		2019	
	Факт	Жоспар	Факт	Жоспар	Факт	Ауытқу	Жоспар	
<b>«Ембімұнайгаз» АҚ</b>	<b>2 832,008</b>	<b>2 840,015</b>	<b>2 895,000</b>		<b>2 895,332</b>	<b>0,332</b>	<b>2 895,000</b>	
соның ішінде МГӨБ бойынша:								
«Жайықмұнайгаз»	954,171	953,679	944,063		944,153	0,090	935,142	
«Жылыоймұнайгаз»	989,14	1034,925	1109,707		1109,859	0,152	1123,595	
«Доссормұнайгаз»	404,283	371,531	366,430		366,473	0,043	362,224	
«Қайнармұнайгаз»	484,414	479,880	474,800		474,847	0,047	474,039	

## Ілеспе мұнай газын өндіру

Ілеспе мұнай газын өндіру «Ембімұнайгаз» АҚ 25 кен орнында жүзеге асырылады.

*Ілеспе мұнай газын өндіру, млн м³*

Көрсеткіштер	2016		2017		2018	
	Факт	Жоспар	Факт	Жоспар	Факт	Ауытқу
Ілеспе газ өндіру	191,649	199,756	219,845		221,228	1,4

## Геологиялық барлау

Мұнайдың қалдықты өндірілетін қорларының 60% әзірлеуді аяқтау кезеңіндегі кен орындарына тиесілі екендігін ескере отырып, мұнайды өндірудің жылдық деңгейін 2,9 млн тонна көлемінде ұстап тұру және, оған қоса, ұлғайту, Компания үшін жыл өте шешімі геологиялық барлау жұмыстарын тереңдету есебінен мұнай қорларының кеңейтілген толықтыруын қажет ететін барған сайын күрделі міндет болып табылады. Ойған байланысты Компания соңғы жылдары өндірістегі кен орындары шектерінде де, барлау блоктары шектеріндегі шөгінділердің тұздақ үсті және тұздақ аралық (ернеу асты) кешендерінің перспективалы құрылымдарында геологиялық барлау жұмыстарын белсендіре түсті.

Есепті жыл барысында Ақтөбе облысының Ембі-5 учаскесінде 2Д ЖТНЭ сейсmobарлау жұмыстары өткізіліп, қазіргі мезетте орындалған жұмыс нәтижелері бойынша деректерді өңдеу және интерпретациялау жүзеге асырылуда, Участке әлеуетті болған жағдайда оны әрі қарай зерттеу жөніндегі шешім қабылданатын болады.

2018 жылы Қаратон-Сарқамыс (Келісім шарт № 3577) және Тайсойған (Келісім шарт № 327) барлау блоктарында далалық 3Д ЖТНЭ сейсmobарлау жұмыстары басталды, жұмыстардың аяқталуы 2019 жылы. Тұздақ үсті кешенінде жаңа перспективалы нысандарды анықтап, шоғырлар коллекторларының таралуын анықтау мақсатымен Қаратон-Сарқамыс блогындағы 3Д ЖТНЭ деректерін өңдеу, қайта интерпретациялау орындалуда.

Ернеу үсті және ернеу асты шөгінділердің геологиялық құрылымын нақтылау және мұнай мен газ шоғырларын табу мақсатымен Ботахан № 301, Батыс Новобогатинское № 22, № 24, Қаратон 601, Жаңаталап 305, Шығыс Терең өзек Г-1 алты іздеу-барлау ұңғымасы бұрғыланып, жоспарланған зерттеулер өткізілуде.

Тәжіғали құрылымының Г-1, Батыс Ақтөбе құрылымының Г-1, Байтөбетарал құрылымының Г-10 үш ұңғымасы бұрғылануда.

2017 жылдың өтпелі көлемінің ұңғыма нысандарының – ЮВН-33, НСВ-3 бұрғылануы аяқталып, сынақтары өткізілуде.

С. Балғымбаев, Жаңаталап, Оңтүстік-Шығыс Қамысты, Оңтүстік-Батыс Қамысты (14.03.2018 жылғы тіркеу № 319-Д-УВС), Оңтүстік-Шығыс Новобогатинское (ернеу үсті) (24 сәуір 2018 жылғы тіркеу № 321 Д-УВС), Батыс Новобогатинское (20 қараша 2018 жылғы тіркеу № 330 Д-УВС) кен орындарында жер қойнауларын пайдалану операцияларын жүзеге асыру үшін тау-кен үлескілері алынды. Кен орындарындағы тау-кен үлескілерінің кеңеюін ескере отырып, мұнайдың өндірілетін қорларының өсімі 4 295 мың тоннаны құрады.

2018 жылы жасасып қойған ұзақ мерзімді шарттар: «Мұнай сынамамаларының және керн үлгілерінің геохимиялық зерттеулері»; «Кен орындарында сынама пайдалану кезеңі барысында ілеспе газды өңдеуді дамыту бағдарламалары»; «Сейсмикалық деректерді сақтау, дерекқор жүргізу және «Ембімұнайгаз» АҚ бойынша техникалық қызметтер көрсету»; «Керн материалын сақтау және «Ембімұнайгаз» АҚ бойынша тасымалдау»; «Керн материалының арнайы зерттеулері және зерттеулері, талдау» бойынша көлемдерді орындау жалғастырылуда.

Оған қоса, геологиялық барлау жұмыстардың департаментінің және жаңа жобалар мен жер қайнауларын пайдалану департаментінің құзыреті шектерінде дара тұлғалы акционермен Инвестициялық комитеттің ГБЖ көлемдерін мақұлдауын алуға, келісім шарттық міндеттемелерді өзгертулерді (Келісім шарттарға Қосымшаларды) келістіру және бекітуге қатысты, ҚР ИДМ Геология және жер қойнауларын пайдалану Комитетімен (Өкілетті органмен), ҚР Ұлттық экономика Министрлігімен, ҚР Энергетика Министрлігімен (Құзыретті органмен) келіссөздер жүргізу бойынша үлкен жұмыс атқарылды.

**Әрекет етуші және жаңа келісім шарттар бойынша геологиялық барлау жұмыстарын орындау ұзақ мерзімді қор базасының қалыптасуына септігін тигізетін болады.**



## КАПИТАЛДЫҚ САЛЫМДАР

Капиталдық салымдар,  
2018 жыл

**44 201**

млн теңге

2018 жылы Компанияның капиталдық салымдарының көлемі 44,2 млрд теңгені құрап, 2017 жылмен салыстырғанда 16% өсті. Салымдардың 31% ірі инвестициялық жобаларды жүзеге асырумен байланысты құрылыс жұмыстары құрайды. 28% негізгі құралдары сатып алуға жұмсалды. Капиталдық салымдардың 20% сәл астамы (9,3 млрд теңге) пайдаланушылық бұрғылау үлесіне тиіп, іздестіру-барлау бұрғылауға шығарылған шығындар шамамен 8,2 млрд теңгені немесе CAPEX 18% құрады.

Капиталдық салымдар, млн теңге

Инвестициялау бабы	2014	2015	2016	2017	2018
Құрылыс жұмыстары	12 333	10 685	30 989	12 618	13 920
НҚ және МЕА сатып алу	4 556	5 564	3 536	8 375	12 175
Пайдаланушылық бұрғылау	13 279	9 213	8 253	8 632	9 306
Іздестіру-барлау бұрғылау	3 225	2 163	4 620	8 118	8 158
Өзгесі	15 606	549	1 271	304	641
<b>Жалпы CAPEX</b>	<b>48 999</b>	<b>28 174</b>	<b>48 669</b>	<b>38 047</b>	<b>44 201</b>



## ИННОВАЦИЯЛАР

Стратегияда көзделген мақсаттарына жету үшін технологиялық инновациялардың кең ауқымын енгізу жүзеге асырылуда. Компанияда қызметкерлердің еңбек өнімділігін арттыру мен шығысындарды азайту арқасында барынша жоғары тиімділікті және бизнес ашықтығын қамтамасыз ететін озық шешімдерді әзірлеу және қолдау жүзеге асырылады.

### «Интеллектуалды кен орны»

2016 жылы «Ембімұнайгаз» АҚ Уаз кен орнында «Интеллектуалды кен орны» пилоттық жоба жүзеге асырылды. Техникалық шешім Компания қызметкерлерімен ІТ және жаңа технологиялар саласындағы қазақстандық мамандармен бірлесе отырып әзірленген. Нәтижесінде кен орны әзірлеменің цифрлық режимінде қызмет етеді. Уаз кен орнында оң нәтижелерге қол жеткізілгеннен кейін жүйені 2017–2018 жылдары жүзеге асырылғандай және 2023 жылға дейін жалғасатын басқа кен орындарына тираждау бойынша шешім қабылданды.

«Интеллектуалды кен орны» – шашыраңқы жүйелерді бірыңғай ақпараттық жүйеге біріктіру арқасында барынша жоғары тиімділікке қол жеткізу мүмкіндігін беретін мұнай-газ өндірісін басқарудың автоматтандырылған жүйесі болып табылады. Интеллектуалды кен орны концепциясын енгізудің негізгі мақсаты болып жетілген активтерге қатысты басқарушылық шешімдер қабылдауды қолдау процесін жетілдіру, тиімділік мерзімін арттыру үшін қосымша шығындардың орындылығын анықтау табылады.

Түрлі датчиктерді, сенсорларды, мобильді құрылғыларды және тағы басқаларын бірыңғай жүйеге біріктіру олардан алынатын деректерді ортақ оперативті жүйеде талдап, жүйені басқарып отыру және жүйенің өзгеріп отыратын параметрлеріне лезде дерлік жауап қайтару мүмкіндігін береді. Енгізу артықшылықтарының арасында: құрал-жабдықтарды пайдалануға шығарылатын операциялық шығындарды азайту, ұңғыманың қолданыстағы қорын пайдалану коэффициентін арттыру, электр қуатын үнемде, ұңғыманың бос тұрып қалуларын қысқарту, кен орындарын өндіру режимін оңтайландыру, еңбекті, қоршаған ортаны қорғау және қауіпсіздік техникасы тәуекелдерін азайту және т. б.

Интеллектуалды кен орындарын дамыту бойынша технологиялар бір орында тұрмай, жобаның көкейкестілігін қамтамасыз ету үшін үздіксіз жұмыс істеуді қажет етеді. Осыған байланысты 2018 жылы «Ембімұнайгаз» АҚ қолданыстағы интеллектуалды кен орны жобасын кеңейту мақсатымен халықаралық мұнай-газ компанияларының жаңа технологияларын және жүзеге асырылған шешімдерін зерттеумен айналысатын жұмыс тобы құрылған.

### Техникалық қызмет көрсету және жөндеу жобасы

2018 жылы «Ембімұнайгаз» әлеуетті даму Департаменті Техникалық қызмет көрсету және жөндеуді (ТҚжәнеЖ) басқарудың жаңа моделі енгізілді. Жоба жоспарлау дәлдігін арттыруға, жоспардан тыс жөндеу жұмыстарының санын азайтуға, аптар мен шығындарды, құрал-жабдықтардың жұмыссыз тұрып қалуын және істен шығуын азайтуға бағытталған. Оған қоса, жаңа модель жөндеуге арналған материалдар қорлар айналымын арттыруға септігін тигізіп, операциялар ашықтығы мен есеп сапасын арттырып, үнемді өндірістің жаңа мәдениетін қалыптастыруға септігін тигізеді.



«Интеллектуалды кен орны» жобасы мұнай-газ саласы үшін негізгілердің бірі болып табылады және «ЦИФРЛЫҚ ҚАЗАҚСТАН» мемлекеттік бағдарламасының тізіміне енгізілген. «Интеллектуалды кен орны» – шашыраңқы жүйелерді бірыңғай ақпараттық жүйеге біріктіру есебінен оның барынша тиімділігіне қол жеткізу мүмкіндігін беретін мұнай-газ өндірісін басқарудың автоматтандырылған жүйесі болып табылады.



**ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫ  
БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ**




**КӨЛІК  
МОНИТОРИНГІ**




**ГЕОАҚПАРАТТЫҚ  
ЖҮЙЕ**

**ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫ  
КЕН ОРНЫ ЖҮЙЕСІНІҢ,  
МҮМКІНДІКТЕРІ**







**ҰҢҒЫМА ДЕБИТІНІҢ  
МОНИТОРИНГІ**




**ҰЖАЖ БРИГАДАСЫНЫҢ  
ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ  
МОНИТОРИНГІ**



**МҰНАЙДЫ ӘЗІРЛЕУ  
ПРОЦЕСІНІҢ  
МОНИТОРИНГІ**



**МҰНАЙДЫ АЙДАУ  
МОНИТОРИНГІ**




**НЫСАНДАРДЫ  
БАҚЫЛАУ**



## Есептеу жүйелерін дамыту

SAP жүйесіндегі пайдаланушылар санының өсу, адам



**Жаңа технологияларды енгізу бойынша жобалар мұнай өндірісінің коэффициентін арттыруға септігін тигізіп, нәтижесінде қорлардың өсімі мен өндіруді арттыру мүмкіндігін береді.**

Әлеуетті даму департаменті қазіргі мезетте SAP ERP жүйесінің негізінде бизнес-процестерді автоматтандыру бойынша жұмыс атқаруда. Компания IT-стратегиясының мақсаты болып шығындарды оңтайландыру мақсатымен қолданыстағы бизнес-процестерді тиімді қолдау және жаңа бизнес-процестерді енгізу және автоматтандыру табылады. SAP жаңа модульдерін енгізу өндірістік және қаржылық функцияларды басқару сапасын арттыру мүмкіндігін береді. SAP ERP жүйесінің негізгі мақсаты болып дер кезіндегі басқарушылық шешімдерді қабылдау үшін дұрыс және шынайы есептілікті қалыптастыру табылады.

SAP жаңа модульдерін енгізу бизнес-процестердің көбірек санын қамту мүмкіндігін береді. SAP жүйесімен қамтылған түрлі департаменттеріндегі пайдаланушылардың саны артқан сайын бизнес-процестер ашығырақ жүзеге асырылатын болады. SAP жүйесімен «тар» жерлерді анықтап беріп, салдарынан басқарушылық шешімдерді қабылдауға көмектеседі.

Атап айтқанда, 2018 жылы жұмыстарды және қызметтерді автоматтандыру енгізілген. Жүйеге нақты жұмысқа/қызметке тапсырыс енгізіліп, ол жұмыстың толық аяқталғанынша – шот-фактураны қабылдағанша өтпелі тізбектен өткізіледі. Сәйкесінше, пайдаланушылар үшін ыңғайлы есептер әзірленді. Пайдаланушылардан келіп түсетін өтінімдерді есепке алуды автоматтандыратын SAP Solution Manager пайдаланушыларды қолдау жүйесі енгізілді. Салықтық есеп модулі ҚР Салықтық кодексінің өзгертулеріне сәйкес енгізілген. Сонымен қатар, SAP жүйесін ЭЦФ (электронды-цифрлық шот-фактура) сайтымен үйлестіру жүзеге асырылды. WMS (Warehouse Management System) қоймаларды басқару жүйесі енгізілді. Модуль қоймадағы есепті ағымды уақыт режимінде автоматтандыру, ашық қоймалық есепті ұйымдастыру, қоймалық кешен өнімділігін арттыру және қоймалық қор күйінің мониторингін жүзеге асыру мүмкіндігін береді.

## Технологиялардың жаңа түрлері

Өндірудің тұрақты өсімін қамтамасыз ету үшін жұмыстардың жаңа әдістерін, өндірудің және жетілген кен орындары үшін ұңғымаларды бұрғылаудың жаңа технологияларын енгізу, жер үсті құрылымдарын жетілдіруге уақыт пен күшті инвестициялау қажет. Компанияда нақты технологиялық мақсаттар мен қиындық тудыратын мәселелерді шешу үшін қолданылатынның көбі Жаңа техника және технологиялар Департаментінде (ЖТжәнеТД) енгізілген. Бұнда «Ембімұнайгаз» АҚ бірінші рет пайдаланылып отырған, жоғары техникалық-экономикалық сипаттарға ие және Компанияның кен орындарындағы жағдайларға ұқсас жағдайларда пайдалану барысында өздерінен оңынан көрсете білген технологиялар, соның ішінде ғылыми-зерттеу институттарының, заңды және жеке тұлғалардың қолданбалы әзірлемелері, техниканың және құрал-жабдықтардың сериялық түрлері немесе инновациялық технологияларды енгізу сынақтардан өтеді.

Техниканың, техникалық құрылғылардың және рационализаторлық ұсыныстардың сынақтық үлгілерінің барлық тәжірибелік-өнеркәсіптік сынақтары (ТӨС) негізін өнертапқыш авторлармен әзірленген техникалық шарттар құрайтын сынақтар бағдарламасы бойынша жүзеге асырылады. Жалпы алғанда, 2018 жылы тоғыз ТӨС өткізілді. Олардың үшеуі бойынша теріс нәтиже алынып, үшеуі мониторингте. Үш ТӨС бойынша оң нәтижелер алынды: «УДС-Техно-101» аппараты атқылаушы ұңғымаларда тазарту аралық кезеңді (ТАК) және жөндеу аралық кезеңді (ЖАК), ЗҰҚ (забойлық ұңғымалық қыздырғыш) оған механикаландырылған әдіспен жұмыс істейтін ұңғымаларда қол жеткізу мүмкіндігін береді, оған қоса 06.11.2018–11.01.2019 жж. аралығында «Ембімұнайгаз» АҚ нысандарында технология тиімділігін растаған бұрғылау және ұңғымаларды күрделі жөндеу бойынша «DDR-Pro» онлайн-платформасының тәжірибелік-өнеркәсіптік сынақтары өткізілді.

Мұнай-газ өндіру басқармаларының инженерлері және геологтары, «Ембімұнайгаз» АҚ және «ҚазМұнайГаз» өндіру және бұрғылау технологияларының ғылыми зерттеу институтының мамандары суландыру технологиясын жетілдіру, ұңғыма өнімділігін арттыру, тұрып қалған ұңғымалар қорын азайту және ЖАК, ТАК, механикаландырылған өндіру жүйелерінің істен шығуға дейінгі орташа уақытын арттыру бойынша бірлесе жұмыс істейді.

## САТЫП АЛУ ҚЫЗМЕТІ

Компания атып алу қызметін «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат Қоры» акционерлік қорының және өздерінің дауыс беруші акцияларының (қатысу үлестерінің) елу немесе одан көп пайызын тікелей немесе жанама түрде «Самұрық-Қазына» АҚ жекеменшік немесе сенімді басқару құқығы негізінде иелік ететін ұйымдардың тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алу Ережелеріне сәйкес жүзеге асырады. Ережелер Тапсырыс берушілердің өз қаражаттар есебінен тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алу тәртібін анықтайды.

Сатып алулар процесі келесілерді қамтиды: сатып алулар Жоспарын(ларын) әзірлеу және бекітуді; жеткізушіні таңдауды; сатып алулар туралы шарттарды жасасу және орындау.

**Бұл жағдайда отандық өндірушілерді қолдау мақсатымен сатып алынатын тауарлар мен қызметтер құрылымында жергілікті құрамды дамыту бойынша жұмыс істейді.**

Сатып алулар көлемі, млн теңге ҚҚС қоспағанда

Атауы	Сомма	Орынд. %	
<b>2018 жылға көзделген жоспар сомасы</b>	<b>89 898,58</b>	<b>100</b>	
соның ішінде			
<i>Тауарлар</i>	<i>11 984,46</i>	<i>13,3</i>	
<i>Жұмыстар</i>	<i>51 890,56</i>	<i>57,7</i>	
<i>Қызметтер</i>	<i>26 023,56</i>	<i>28,9</i>	
<b>Өздері бойынша жеткізушілер анықталған сатып алулар сомасы</b>	<b>89 895,82</b>	<b>100</b>	<b>ЖҚ үлесі</b>
соның ішінде			
<i>Тауарлар</i>	<i>11 981,70</i>	<i>99,98</i>	<i>42,0</i>
<i>Жұмыстар</i>	<i>51 890,56</i>	<i>100,0</i>	<i>94,0</i>
<i>Қызметтер</i>	<i>26 023,56</i>	<i>100,0</i>	<i>94,0</i>
<b>Шарттар нәтижелері бойынша үнем</b>	<b>7 116,00</b>	<b>8</b>	
соның ішінде			
<i>Тауарлар</i>	<i>1 461,00</i>	<i>12,2</i>	
<i>Жұмыстар</i>	<i>2 444,00</i>	<i>4,7</i>	
<i>Қызметтер</i>	<i>3 211,00</i>	<i>12,3</i>	



## ҚАРЖЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТКЕ ШОЛУ

Бұл тарау Компанияның аудиттен өткен қаржылық есептілігіне негізделген.

Негізгі қаржылық көрсеткіштер, млн теңге

	2014	2015	2016	2017	2018			
	Факт	Факт	Факт	Факт	Жоспар	Факт	Ауытқу	%
Мұнай өндіру, мың тонна	2 823	2 823	2 832	2 840	2 895	2 895	0	0
Түсім (табыс)	344 675	198 113	243 517	309 747	332 627	433 436	100 809	30
Сату өзіндік құны	-119 229	-94 991	-95 772	-121 290	-134 703	-137 184	-2 481	2
Жалпы табыс	225 446	103 121	147 745	188 457	197 924	296 252	98 328	50
Жалпы және әкімшілік шығындар	-15 738	-24 542	58	-9 896	-12 934	-47 840	-34 906	270
Тасымалдау және сату шығындары	-135 071	-75 869	-70 366	-102 991	-119 674	-155 497	-35 823	30
Операциялық қызметтен түскен табыс (шығын)	74 638	2 711	77 437	75 570	65 315	92 915	27 600	42
Қаржылық табыс (шығын) нетто	-2 714	303	312	461	-2 650	-1 176	1 474	-56
Өзгедей пайдалар/ (шығындар) нетто	20 538	62 905	-586	-482	0	21 216	21 216	0
Салық салғанға дейінгі пайда/ (шығындар)	92 462	65 919	77 164	75 548	62 665	112 955	50 290	80
Корпоративті табыс салығы бойынша шығындар	-20 225	-20 457	-15 803	-19 425	-15 847	-29 566	-13 720	87
Жыл бойынша табыс	72 237	45 462	61 360	56 123	46 819	83 389	36 570	78

Мұнай өндірісінің 2018 жыл барысындағы өсімі жоспарлы мәндер шектерінде болды және 2017 жылдың көрсеткішінен 2% асты. Бұл жағдайда түскен пайда көлемі 2017 жылмен салыстырғанда 40% өсіп, жоспарлы мәндерден 30% асты. Жоспарды табысты бөлігінен асыра орындау мұнайдың әлемдік бағаларының жоспарланғанмен салыстырғанда орта есеппен 29,7% өсуімен (жоспар бойынша – 55 долл./барр.; 2018 жылдағы орташа бағасы – 71,31 долл./барр.) және доллар бағамының аздап өсуімен (жоспар бойынша – 340 тг/долл., 2018 жылдағы орташа бағам – 344,71 тг/долл.) байланысты. Нәтижесінде таза пайда 2017 жылмен салыстырғанда 49% өсіп, 83,4 млрд теңгеге жетіп, жоспарлы мәндерден елеулі түрде асты.

## Сату

Мұнайды сату көлемдері және сату бағалары

	2014	2015	2016	2017	2018
<b>Мұнайды экспортқа сату</b>					
<b>ҚТО</b>					
Сату, млн теңге	236 809	118 432	126 832	187 983	262 216
Көлемі, мың тонна	1 920	1 571	1 226	1 526	1 546
Сатудың орташа бағасы, мың теңге/тонна	123	75	103	123	170
<b>КҚК</b>					
Сату, млн теңге	106 152	60 767	92 944	101 250	143 444
Көлемі, мың тонна	816	766	860	792	811
Сатудың орташа бағасы, мың теңге/тонна	130	79	108	128	177
<b>Мұнайдың жалпы экспорты, млн теңге</b>	<b>342 961</b>	<b>179 199</b>	<b>219 777</b>	<b>289 233</b>	<b>405 660</b>
<b>Мұнайдың жалпы экспорты, мың тонна</b>	<b>2 737</b>	<b>2 338</b>	<b>2 085</b>	<b>2 318</b>	<b>2 357</b>
<b>Мұнайды ішкі нарыққа сату</b>					
<b>ПМХЗ</b>					
Сату, млн теңге	–	7 783	18 549	13 583	24 234
Көлемі, мың тонна	–	210	609	358	459
Сатудың орташа бағасы, мың теңге/тонна	–	37	30	38	53
<b>АХӨЗ</b>					
Сату, млн теңге	–	9 805	3 732	4 602	1 864
Көлемі, мың тонна	–	265	117	121	33
Сатудың орташа бағасы, мың теңге/тонна	–	37	32	38	56
<b>Шикі мұнай</b>					
Сату, млн теңге	12	6	9	6	3
Көлемі, мың тонна	0,26	0,10	0,16	0,10	0,05
Сатудың орташа бағасы, мың теңге/тонна	47	58	58	62	53
<b>Мұнайдың ішкі нарыққа жалпы сатылуы, млн теңге</b>	<b>12</b>	<b>17 594</b>	<b>22 290</b>	<b>18 191</b>	<b>26 101</b>
<b>Мұнайдың ішкі нарыққа жалпы сатылуы, мың тонна</b>	<b>0</b>	<b>475</b>	<b>726</b>	<b>479</b>	<b>492</b>
<b>Сатудың барлық бағыттары, млн теңге</b>	<b>342 973</b>	<b>196 793</b>	<b>242 067</b>	<b>307 424</b>	<b>431 761</b>
<b>Сатудың барлық бағыттары, мың тонна</b>	<b>2 737</b>	<b>2 813</b>	<b>2 811</b>	<b>2 797</b>	<b>2 849</b>

Мұнай ішкі нарықта да, экспортқа да сатылады. Қолданыстағы заңдарға сәйкес мұнайды бірінші кезекте отандық, атап айтқанда, Павлодар және Атырау мұнай өндіру зауыттарына жеткізіледі. Экспорттық бағыт мұнайды екі негізгі бағыт: Каспий Құбыр Консорциумы (КҚТК) және Өзен – Атырау – Самара (ӨАС) арқылы сатуды көздейді. Аталған құбырлар Новороссийск теңіз портына, Краснодар өңіріне, РФ барады, бұл жағдайда КҚК мұнайды Южная Озереевка (Новороссийск қ., РФ) кентіндегі КҚК теңіз терминалына дейін, ол ӨАС құбырының бағыты Шехарис (Новороссийск қ., РФ) өтпелі кешеніне дейін жеткізеді. Мұнайды терминалдарға тасымалдауды орындағаннан кейін мұнай сатып алушыларға жеткізу үшін танкерлерге құйылады.



Мұнайды барлық бағыттарда сату көлемі 2018 жылы заттай мәнде 2% және бағалық мәнде 40% өсті, бұл сыртқы нарықтардағы бағалық конъюнктураның жақсаруының салдары болып табылды.

Мұнай экспорты 2018 жылы 2 357 мың тоннаны құрады, сату құны 405,7 млрд теңгеге жетті. Соның ішінде «ҚазТрансОйл» арқылы магистральді мұнай құбырды пайдалана отырып сату көлемі 1 546 мың тоннаны, КҚК арқылы сату көлемі 811 мың тоннаны құрады. Экспортқа сатудың орташа құны 2018 жылы бір тонна үшін 172,1 мың теңгені құрап, 2017 жылмен салыстырғанда 38% артты. 2018 жылы ішкі нарықта сату көлемі 3% артып, 492 мың тоннаға жетті.

## Тауарлық газды сату

Тауарлық газ С. Балғымбаев к/о, Шығыс Мақат к/о екі ГДҚ дайындалады. Тауарлық газды сату Қазақстан Республикасының 09.01.2012 ж. № 532-IV «Газ және газбен жабдықтау туралы» Заңының 15-бабымен реттеледі. Мемлекеттің сатуға артықшылықты құқығы ұлттық оператор – «ҚазТрансГаз» АҚ арқылы жүзеге асырылады. Компания Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2014 жылғы 13 қарашадағы № 121 «Мемлекеттің артықшылықты құқығы шеңберінде ұлттық оператор сатып алатын шикі және тауарлық газдың шекті бағасын айқындау қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес газды ұлттық операторға Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігімен бекітілген бағалардан аспайтын бағалар бойынша сатты.

«Ембімұнайгаз» АҚ газды екі ГДҚ және бір ГҚДҚ жүзеге асырады. С. Балғымбаев және Шығыс Мақат кен орындарында орналасқан екі газ дайындау қондырғысында Атырау облысының Исатай, Қызылқоға және Мақат аудандары тұрғындарының қажеттіліктерін қанағаттандыратын тауарлық газды дайындайды. Прорва ГҚДҚ (Прорва тобының кен орны) дайындалатын тауарлық газ Орталық Азия – Орталық магистральді газ құбырына жеткізіледі.

2018 жылы Прорва ГҚДҚ толық қуатына жетіп, нәтижесінде ұлттық оператор бағытында «Ембімұнайгаз» АҚ ресурстарынан рекордты көлемді – 100,3 млн м<sup>3</sup> жіберуге септігін тигізді – бұл саланы газдандыруға қосылған елеулі үлес болып табылады. Компания Прорва ГҚДҚ қуаттарын өсіруді жоспарлап отыр және осы бағыттағы жұмысын жалғастырады.

### Тауарлық газды сату

Бағыттың атауы	Өлш.бір.	2016	2017	2018	2019 Жоспар
«ҚазТрансГаз» АҚ	мөлшері, мың м <sup>3</sup>	5 360,69	8 482,24	100 358,450	116 571,603

**Газ құрылымдарын дамыту бойынша бизнес-бастамаларды сату ілеспе мұнай газын кәдеге жаратумен байланысты және өзіндік қажеттіліктердегі де, жергілікті нарықта сатуға арналған өнімдерді (электр қуатын, тауарлық газды, метанолды) өндіруге бағытталған.**

## Өзіндік құн

Өзіндік құнды талдау, млн теңге

	2018	2017	Өзг.,%
Қызметкерлерге төленетін сыйлықақы	48 321	45 474	6
Пайдалы қазбаларды өндіруге салынатын салық	38 383	27 544	39
Тозу, таусылу және амортизация	19 584	16 987	15
Жөндеу және қызмет көрсету бойынша қызметтер	14 308	10 622	35
Табыс салығынан басқа салықтар	4 519	2 073	118
Материалдар және қорлар	3 727	3 393	10
Электр энергиясы	2 992	2 705	11
Тасымалдау шығындары	2 723	1 810	50
Экологиялық міндеттеме бойынша резервтегі өзгерістер	-109	6 270	-102
Капиталданған активтің сомасын асыратын активтерді шығару бойынша міндеттемелерді азайту	-821	-778	6
Өзге	5 899	5 858	1
	<b>139 525</b>	<b>121 959</b>	<b>14</b>
Мұнай қалдықтарының өзгеруі	(2 341)	(670)	250
<b>Өзіндік құнның жиыны</b>	<b>137 184</b>	<b>121 290</b>	<b>13</b>

2018 жылы өзіндік құн 13% өсті және 137,2 млрд теңгені құрады. Өзіндік құнның өсуі көп жағдайда пайдалы қазбаларды өндіруге салық сомасын артуымен байланысты. Өндірістік шығындар арасында қызметкерлерге төленетін сыйлықақыны 6% арттыру, 35% жөндеуге және қызмет көрсетуге шығындар өсуі байқалады, электр энергияға шығатын шығындар өсуі 11%, материалдарға – 10% құрады, ал тасымалдау шығындары 50% артты.

## Лифтинг

Үлесті лифтинг (операциялық шығындардың өндіруге қатысты ара қатынасы) 2018 жылы тоннаға 23,8 мың теңгені құрады және 2017 жылға қарай 10% өсті. Операциялық шығындардың негізгі көлемі (52%) қызметкерлерге шығарылған шығындарды құрайды. 2018 жылы шығынның 30% өндірістік сипат қызметтеріне, 5% материалдарға, 4% электр энергиясына шықты. 2018 жылы өткізілген өнімнің өндірістік өзіндік құны 47,4 мың теңге/тоннаны құрады, бұл 2017 жылдағы көрсеткіштен 11% жоғары.

Шығындар лифтингі, млн теңге





## Сату бойынша шығындар және жалпы және әкімшілік шығындары

Сату бойынша шығындар, млн теңге	2018	2017
Рента салығы	<b>63 900,1</b>	32 583,6
Экспорттық кедендік баж салығы	<b>53 889,7</b>	36 585,8
Тасымалдау шығындары	<b>37 489,2</b>	33 607,7
Сату бойынша комиссиялар	<b>218,0</b>	214,4
	<b>155 497,0</b>	102 991,4
<b>Жалпы және әкімшілік шығындар, млн теңге</b>	<b>2018</b>	<b>2017</b>
Айыппұлдар және өсімпұлдар	<b>35 456,90</b>	47,2
Қызметкерлерге сыйлықақы	<b>4 900,30</b>	4 017,90
Тозу, таусылу және амортизация	<b>2 150,40</b>	3 047,60
Жөндеу және қызмет көрсету бойынша қызметтер	<b>485,3</b>	432
Тасымалдау шығындары	<b>445,1</b>	299,4
Табыс салығынан басқа салықтар	<b>292,1</b>	207,6
Демеушілік	<b>207</b>	323,9
Кеңес беру және аудиторлық қызметтер	<b>130,6</b>	105,7
Күмәнді дебиторлық берешек бойынша резервті түзетпе жасау /есептеу	<b>33,3</b>	-144,3
Өзге	<b>997,1</b>	2 803,3
	<b>45 098,2</b>	11 140,2

2018 жылы сату бойынша шығындар 51% өсті және 155,5 млрд теңгені құрады. Шығындардың өсуі ең бірінші кезекте Brent маркалы мұнайдың әлемдік құны өсуіне байланысты аса жоғары мөлшерлеме салдарынан экспорттық кедендік баж салығының және рента салығының сомасы артуымен байланысты. Тасымалдау шығындары 12% өсті.

Жалпы және әкімшілік шығындарының айтарлықтай артуы көп жағдайда Атырау облысының Экология департаментінің ұйғарымдары бойынша экологиялық төлемдермен қамтамасыз етілген. Қызметкерлердің сыйлықақы сомасы 22% – 4,9 млрд теңгеге дейін өсті.

## Салық салу

Табыс салығынан басқа салықтар бойынша шығындар, млн теңге

	2018	2017	Өзг., %
Рента салығы	63 900	32 584	96
Экспорттық кедендік баж салығы	53 890	36 586	47
Пайдалы қазбаларды өндіруге салынатын салық	38 383	27 544	39
Әлеуметтік салық	3 091	3 246	-5
Қоршаған ортаны ластануға салынатын салық	1 969	708	178
Мүлікке салынатын салық	1 785	1 510	18
Өзге салықтар	1 057	201	425
<b>КТС басқа салықтар жиыны</b>	<b>164 074</b>	<b>102 379</b>	<b>60</b>

	2018	2017	Өзг., %
Салық салуға дейінгі пайда	112 955	75 548	50
Табыс салығы бойынша шығын	29 566	19 425	52
Салықтың тиімді мөлшерлемесі	26 %	26 %	0

2018 жылы қызметтің қолайлы қаржы нәтижелеріне байланысты салық салуға дейін пайда деңгейінің өсуі КТС тиісті артуына әкелді. 2018 жылы табыс салығы бойынша шығындар 29,57 млрд теңгені құрады. Салықтың тиімді мөлшерлемесі 26% деңгейінде сақталған.

КТС басқа салықтар сомасы 2018 жылы 60% өсті. Рента салығының және экспорттық кедендік баж салығының мөлшерлемесі сыртқы нарықтарда мұнайдың қымбаттауымен байланысты өсті. Пайдалы қазбаларды өндіруге салынатын салық сомасы өндіру және сату деңгейінің өсуіне байланысты өсті.





## Капитал және өтімділік

Қаржы жағдайы туралы есеп, млн теңге

	31 желтоқсан 2018 жылға	31 желтоқсан 2017 жылға
<b>Активтер</b>		
<b>Ұзақ мерзімді активтер</b>		
Негізгі қаражаттар	187 656,19	173 028,95
Материалды емес активтер	20 686,19	15 045,69
Басқа қаржы активтері	38 005,43	32 258,45
Мерзімі ұзартылған салық бойынша актив	10 380,02	10 415,90
Ұзақ мерзімді активтер үшін төленген алғы төлемдер	2 154,10	1 670,72
<b>Ұзақ мерзімді активтер қорытындысы</b>	<b>258 881,94</b>	<b>232 419,71</b>
<b>Ағымды активтер</b>		
Тауарлық-материалдық қорлар	10 944,11	7 272,09
Табыс салығы бойынша алғы төлем	3 968,34	0,77
Салықтар және өтеуге ҚҚС бойынша алғы төлем	15 899,35	12 244,84
Төленген алғы төлемдер және болашақ кезеңдегі шығындар	3 507,44	2 819,25
Сауда және өзге дебиторлық берешек	30 838,85	35 948,75
Басқа қаржы активтері	-	31 884,02
Ақша қаражаттары және олардың баламалары	111 445,89	73 423,07
<b>Ағымды активтер жиыны</b>	<b>176 603,98</b>	<b>164 364,90</b>
<b>Активтер жиыны</b>	<b>435 485,92</b>	<b>396 784,61</b>
<b>Капитал</b>		
Жарғылық капитал	162 399,82	162 399,82
Бөлінбеген пайда	153 032,64	157 246,24
<b>Капитал жиыны</b>	<b>315 432,46</b>	<b>319 646,06</b>
<b>Міндеттеме</b>		
<b>Ұзақ мерзімді міндеттемелер</b>		
Тарихи міндеттемелер	5 806,81	1 807,47
Резервтер	24 151,25	23 530,09
<b>Ұзақ мерзімді міндеттемелер жиыны</b>	<b>29 958,06</b>	<b>25 337,56</b>

	31 желтоқсан 2018 жылға	31 желтоқсан 2017 жылға
<b>Ағымды міндеттемелер</b>		
Тарихи міндеттемелер	1 573,57	2 623,49
Резервтер	36 329,09	8 413,48
Пайдалы қазбаларды өндіруге салынатын салық және төлеуге ренталық салық	23 287,08	17 947,34
Сауда және өзге кредиторлық берешек	28 905,67	22 816,67
<b>Ағымды міндеттемелер жиыны</b>	<b>90 095,41</b>	<b>51 800,99</b>
<b>Міндеттемелер жиыны</b>	<b>120 053,47</b>	<b>77 138,55</b>
<b>Міндеттемелер жиыны және капитал</b>	<b>435 485,92</b>	<b>396 784,61</b>

2018 жылы Компания активтері 10% өсті және 435,5 млрд теңгені құрады. 41% ұзақ мерзімді активтерге және 59% қысқа мерзімді активтерге келеді. Активтердің өсуі негізгі қаражаттардың 8% және материалды емес активтердің 37% артуымен байланысты. Активтер негізінен 20,1 млрд теңге сомасына мұнай-газ активтерін және КЕК ішінен барлау бағалауды енгізуден және 6,1 млрд теңге сомасына ақша қаражатының артуымен артты.

Компанияның қаржы активтері 30,8 млрд теңге (85% дебиторлық берешек АҚШ долларында көрсетілген) сомасына дебиторлық берешекпен, сондай ақ, 111,4 млрд теңге сомасында екінші деңгейлі банктердің шоттарындағы және салымдардағы ақша қаражаттарымен берілген. Ұзақ мерзімді активтер әрбір келісім шарттың әрекет етуі мерзімі өткенше әрбір келісім шарт бойынша бөлек жер қойнауын пайдалануға жасалған келісім шартқа сәйкес ашылған тарату қоры бойынша салым ақшаны құрайды. 2018 жылдың 31 желтоқсанына олардың сомасы 38 млрд теңгені құрады.

Капитал өзгермеген күйде сақталып қалды десе де болады және 315,4 млрд теңгені құрады. Капиталдың 51% жарғылық капиталдан тұрады, 49% бөлінбеген пайдаға келеді.

Компания міндеттемелері 2018 жылдың 31 желтоқсанында 120,1 млрд теңгені құрады және 2017 жылдың ұқсас кезеңіне 56% өсті. Міндеттемелер ҚР ӘҚКО сәйкес экологиялық бұзулар үшін Атырау облысының Экология департаментінің ұйғарымдары бойынша экология бойынша салынған айыппұлдан резервтердің артуы, сондай ақ, 4,5 млрд теңгеге актуарлы міндеттемелердің артуы есебінен өсті. Міндеттемелердің 75% қысқа мерзімді болып табылады: соның 40% резервтерді құрайды, 26% төлеуге жататын салықтарға, және 32% – кредиторлық берешекке келеді.

**Компания таратудың қажетті қорына ие және тұрақты қаржы жағдайы бар.**



# Шарфтық ЕРМҰНАЙГАЗ

## МҰНАЙДЫ ДАЙЫНДАУ ПРОЦЕСІН МОНИТОРИНГТЕУ

«Интеллектуалды кен орын» жүйесінде мұнайды жинау мен дайындауды мониторингтеу бойынша жүзеге асырылған блок мамандарға ағымды уақыт режимінде өндірістік нысандарды мониторингтеуге және төмендегі көрсетілген нысандар бойынша ақпарат алуға мүмкіндік береді:

- ▶ ТБР мұнай деңгейі
- ▶ Мұнай-газ айырғышы
- ▶ Тұндырғыштар
- ▶ КБР фазаларды – мұнай мен суды бөле отырып сұйықтық деңгейі, сұйықтық температурасы
- ▶ Жылыту пештері



Мұнайды жинау және  
дайындау



# 04



## КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ



## КОМПАНИЯНЫҢ БАСҚАРУ ОРГАНДАРЫ



## ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ

### 2018 жылы Директорлар кеңесінің құрамындағы өзгерістер

27 тамыз 2018 жылғы «Ембімұнайгаз» АҚ дара тұлғалы акционердің № 32 шешімімен Шейн Ә.Д., Тебриков Д.Д. Директорлар кеңесі мүшелерінің өкілеттілігі мерзімнен бұрын тоқтатылды, және Дара тұлғалы акционер өкілі ретінде Бекназарова А.Ж. (вице-президент – «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ қаржы бақылаушысы) сайланды.

30 қазан 2018 жылғы «Ембімұнайгаз» АҚ Дара тұлғалы акционердің № 44 шешімімен Нургалиев К.Ж. Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттілігі мерзімнен бұрын тоқтатылды, және Дара тұлғалы акционер өкілі ретінде Салимгереев М.Ж. («ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ Мұнай және газды өндіру жөніндегі басқарушы директор (техникалық директор)) сайланды.

## 2018 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Директорлар кеңесінің құрамы

### Есқазиев Құрманғазы Орынгазиевич

**Ембімұнайгаз» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы, «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ Басқарма төрағасының барлау, өндіру және мұнай сервистері жөніндегі орынбасары.**

В.И. Ленин атындағы Қазақ политехникалық институтын «Геолог-тау-кен инженері» мамандығы бойынша бітірді.

Еңбек жолын Балықшы барлау-бұрғылау басқармасының оператор-коллекторы болып бастап, одан соң Тематикалық партияда инженер-геолог болып жұмыс істеп, кейін «Ембімұнай» ӨБ Тампонаждау мекемесінің цементтеу жөніндегі операторы болып еңбек жолын жалғастырды. 1991–1993 жылдарда – Балықшы барлау-бұрғылау басқармасы №1 бұрғылау экспедициясының геологы, 1993–1995 жылдарда – «Ембімұнайгаз» АҚ Атырау бұрғылау жұмыстары басқармасының геологы. 1995–2004 жылдарда – мұнай қабаттарының өнімділігін арттыру және ұңғымаларға күрделі жөндеу Атырау басқармасының бас геологы, директордың орынбасары, «Ембімұнайгаз» ААҚ геология және мұнай-газ кен алаңдарын игеру департаментінің директоры. 2004–2008 жылдарда – «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ директордың орынбасары, одан кейін геология және игеру департаментінің директоры болып жұмыс істеді. 2008–2015 жылдарда – «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ мұнай және газ өндіру жөніндегі атқарушы директор, геология, геофизика және резеруарлар жөніндегі басқарушы директор, бас геолог, геология және келешек жобалар жөніндегі Басқарма төрағасының орынбасары, операциялық емес активтер (Теңіз, Қашаған, Қарашығанақ) бойынша басқарушы директор, геология жөніндегі басқарушы директор қызметтерін атқарды. 2015 жылдың қаңтар-қыркүйек айлары аралығында «Ембімұнайгаз» АҚ бас директоры (Басқарма Төрағасы) болып еңбек етті. 2015 жылдың қыркүйек айының 23 бастап 2018 жылдың 12 маусымы аралығында «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ Бас директоры (Басқарма төрағасы) болып еңбек етті. 2018 жылдың маусым айынан бастап «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ Басқарма төрағасының барлау, өндіру және мұнай сервистері жөніндегі орынбасары.

«ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ, «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ, Геология және Жер қойнауын пайдалану Комитетінің Құрмет грамоталарымен, сондай ақ, «Қазақстан Конституциясына 20 жыл» (2015 ж.), «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 25 жыл» медалімен (2016 ж.), «Құрмет» орденімен (2016 ж.), ҚР Энергетика министрлігінің «Ембімұнайгаз» АҚ – 95 жыл» мерейтойлық медалімен (2017 ж.) марапатталды.

ҚР Жер қойнауының Үздік барлаушысы, «ҚР көмірсутегі әлеуетін ғылыми негіздеу» тақырыбындағы жұмысы үшін ғылым мен техника саласындағы Әл-Фараби атындағы ҚР Мемлекеттік сыйлықтың (2015 ж.) иегері.

Геология-минералогиялық ғылымдар докторы, 12 астам ғылыми басылымдардың авторы, «Геологическое строение и перспективы нефтегазности Северного и Среднего Каспия» («Солтүстік және Орта Каспий геологиялық құрылымы және мұнай-газды әлеуеттері») кітабының қосымша авторы.







## Абдулгафаров Дастан Елемесович

**«Ембімұнайгаз» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ Бас директордың экономика және қаржы жөніндегі орынбасары**

Абдулгафаров Дастан 2015 жылдың қаңтар айынан бастап Бас директордың экономика және қаржы жөніндегі орынбасары қызметін атқарады.

2006 жылдың қыркүйегінен бастап, соңғы тағайындалуына дейін бизнесті дамыту жөніндегі басқарушы директоры ретінде қызмет атқарды. «Халықаралық құқық» мамандығы бойынша Қазақстанның Құқық және халықаралық қатынастар институты мен «Халықаралық экономика және құқық» мамандығы бойынша ҚР Сыртқы істер министрлігінің Дипломаттық академиясын бітірді. AGIP Корпоративтік Университетінде Мұнай Бизнесінің Магистрі дәрежесін, сондай ақ Мәскеудің Сколково Басқару Мектебінің Executive MBA дәрежесін алды. «ҚазМұнайТеңіз» ТМК» АҚ мен «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ жұмыс істеді.



## Бекназарова Айгуль Жаксыкуловна

**«Ембімұнайгаз» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ басқарушы директоры – қаржы бақылаушысы**

«ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ басқарушы директоры – қаржы бақылаушысы лауазымында 2018 жылдың маусым айынан бастап қызмет атқарып келеді. Бұған дейін «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ вице-президенті – қаржы бақылаушысы ретінде қызмет етті.

Әр жылдары «Қазақстанның Халық банкі» АҚ құрылымдық қаржыландыру басқармасының басшысы, халықаралық департамент директоры, «КазИнвест-Банк» АҚ қаржылық институттармен жұмыс жөніндегі басқарушы директоры, «ҚазМұнайТеңіз» АҚ корпоративтік қаржыландыру департаментінің директоры, «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ корпоративтік қаржыландыру департаментінің директоры лауазымдарында қызмет атқарды.

Қазақ мемлекеттік басқару академиясын (1997 ж.) «Халықаралық валюталық-қаржылық қатынастар» мамандығы, PACE University (Нью-Йорк) оқу орнын (1999 ж.) «Қаржылық менеджмент» мамандығы бойынша тәмамдады.

## Салимгереев Малик Жанабаевич

**«Ембімұнайгаз» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ мұнай және газ өндіру жөніндегі басқарушы директоры (техникалық директор)**

И.М. Губкин атындағы Мәскеу мұнай-химия және газ өндіріс институтын «Тау-кен инженері – геолог» мамандығы бойынша бітірді. Алматы қаласындағы Геология академиялық ғылымдар институтын «Мұнай-газ кен орындарын игеру және геология» мамандығы бойынша тәмамдап, геология-минерологиялық ғылым кандидаты атағын алды.

2018 жылдың тамыз айынан бастап ҚМГ ҰК мұнай және газ өндіру жөніндегі басқарушы директоры қызметін атқарып келеді, бұған дейін «ҚМГ» БӨ» АҚ Бас директорының еңбекті, қоршаған ортаны қорғау және келешекті дамыту жөніндегі орынбасары болып еңбек етті.

Әр жылдары ҚМГ БӨ еңбекті, қоршаған ортаны қорғау және бұрғылау жөніндегі басқарушы директоры, ҚМГ ҰК Басқарма төрағасының кеңесшісі қызметтерін атқарды.

Еңбек жолын Ақтау қаласындағы «Маңғышлақмұнай» (қазіргі «Маңғыстаумұнайгаз») өндірістік бірлестігінің «Комсомольскмұнай» (қазіргі «Қаламқасмұнайгаз») МГӨБ ғылыми-зерттеу және өндірістік жұмыстар жөніндегі 5 разрядты оператордан бастап, мұнай және өндіру цехының бас геологына дейін көтерілді. Ақтау қаласындағы «Союзтермнефть» ғылыми-өндірістік бірлестігінің «Қаражанбастермұнай» МГӨБ мұнай-газ кен орындарын игеру жөніндегі технологиялық бөлім бастығы, бас геолог, «Қаражанбасмұнай» АҚ мұнай кен орындарын игеру және геология жөніндегі вице-президенті, бірінші вице-президенті, «Маңғышлақмұнай» ӨБ КазНИПИмұнай бас директорының жаңа техника және мұнай мен газ өндіру технологиясы, ғылым жөніндегі орынбасары, «Қазақойл» ұлттық мұнай-газ компаниясы» ЖАҚ жаңа жобалар департаментінің директоры, Атырау қаласындағы «Қазақойл-Ембі» АҚ өндіріс жөніндегі вице-президенті, «Ембімұнайгаз» ӨФ директорының өндіріс жөніндегі орынбасары қызметтерін атқарды.



## Жаксыбеков Ануар Еркинович

**Директорлар кеңесінің мүшесі, «Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма төрағасы**

1982 жылы №3 Байшонас орта мектебін бітірген соң, еңбек жолын «Қазақойл-Ембі» ААҚ «Доссормұнай» мұнай-газ өндіру басқармасының (бұдан былай – МГӨБ) Байшонас кен орнында мұнай және газ өндіру жөніндегі операторы болып бастады.

Әскери борышын өтеп келген соң, Қарсақ кен орнында мұнай және газ өндіру цехында оператор болып еңбек жолын жалғастырды, одан кейін Атырау бұрғылау жұмыстары басқармасында учаскелік геолог, жетекші геолог, «Қазақойл-Ембі» ААҚ Мақат ауданындағы ұңғымаларды күрделі жөндеу және қойнауқаттың өнімділігін арттыру бойынша учаске бастығының орынбасары болып қызметтер атқарды.

1993 жылы Патрис Лумумба атындағы халықтар достығы университетін (Мәскеу қ.) «Геология және мұнай-газ кен алаңдарын барлау» мамандығы бойынша бітірді.

1999 жылы «Қазақойл-Ембі» ААҚ «Мақатмұнай» басқармасында бас геолог болып тағайындалды.





2000 жылы «Қазақойл» ҰК» АҚ өндірісті басқару департаментінің бас инженері қызметіне шақырылады. Бас инженер, менеджер, геология және игеру департаменті директорының орынбасары, геология департаментінің директоры лауазымдарын атқарды.

2004 жылдан бастап, 2007 жылға дейінгі аралықта «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ геология және геологиялық-технологиялық геофизика департаментін басқарды.

2007–2009 жылдар аралығында «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ геология, геофизика және резервуарларды барлау және өндіру блогы департаментінің директоры, «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ геология, барлау және өндіру геофизика блогы бойынша департамент директоры болып тағайындалды.

2009 жылдың желтоқсан айынан бастап «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ жанынан құрылған «Н Оперейтинг Компани» ЖШС геологиялық барлау бойынша менеджері, геологиялық-барлау жұмыстары бойынша техникалық комитеттің төрағасы болып тағайындалады.

2013 ж. ақпан айынан бастап «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ бас директорының геологиялық және игеру бойынша орынбасары, геологиялық-барлау жұмыстары бойынша техникалық комитеттің төрағасы, КМГ БӨ АҚ «Барлау активтері» Бақылау кеңесінің төрағасы болып тағайындалды. «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ қатысуымен: «УралОйлГаз» БК, Венгер Республикасы «МОЛ», Қытай Халық Республикасы «ФИОК» компанияларымен, «Карповский Северный» БК үлесі бар бірлескен кәсіпорындарды жетекшілік етті.

2013 ж. қазан айында «Қашаған Б.В.» ФЧКОО бас директорының перспективалық жобалар бойынша орынбасары болып тағайындалды, Солтүстік Каспий Жобалары акционерлерінің техникалық кеңес комитетінің мүшесі.

2015 ж. қыркүйегінен бастап «Ембімұнайгаз» АҚ бас директорының жаңа жобалар және технологиялар жөніндегі орынбасары болып тағайындалды.

2017 жылдың 24 сәуірінде «Ембімұнайгаз» АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен Компанияның Басқарма төрағасы болып сайланды.

КСРО Мұнай кәсіпшілігі министрлігінің құрмет грамотасымен, «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ құрмет грамотасымен, «Самұрық-Қазына» ӘАҚ» АҚ құрмет грамотасымен, ҚР ЭМРМ Геология және жер қойнауын пайдалану комитеті төрағасының Алғыс хатымен, ҚР Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің «Мақат кен алаңына – 90 жыл құрмет белгісімен, «Доссор кен орнына – 100 жыл», «Прорва кен орнына – 50 жыл» төсбелгілерімен (2011 ж.); ҚР Индустрия және жаңа технология Министрлігінің дипломымен және «Қазақстан Республикасының Жер қойнауының Үздік барлаушысы» төсбелгісімен (2012 ж.), Қазақстан Республикасының Мұнай және газ министрлігінің «Қазақстан Республикасының мұнай-газ саласын дамытудағы үлесі» үшін медалімен (2014 ж.), ҚР Энергетика министрлігінің «Ембімұнайгаз» АҚ – 95 жыл» мерейтойлық медалімен (2017 ж.), Құрмет орденімен (2017 ж.) марапатталды.

## Ертлесова Жаннат Джурғалиевна

**«Ембімұнайгаз» АҚ Директорлар кеңесінің тәуелсіз директоры, «Эксперт Қазақстан» ЖШС директоры**

Еңбек жолын ҚазССР Мемжоспар жанындағы экономика және нарық қатынастары ғылыми-зерттеу институтында ғылыми маман қызметінен бастады. 1992 жылы аталған институт директорының орынбасары болып тағайындалды. Кейін ҚР Экономика министрлігіне шақырту алып, қаржы-несиелік саясат басқармасы басшысы қызметіне кірісті.

1994 жылы – ҚР экономика министрінің бірінші орынбасары. ҚР Министрлер кабинеті және ҚР Үкіметі жанындағы экономикалық реформалар орталығының басшысы, Қаржы министрінің бірінші орынбасары, «Қазақтелеком» АҚ вице-президенті, ҚР Президент Әкімшілігі басшысының орынбасары, ҚР Қорғаныс министрінің орынбасары, ҚР Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі Агенттігі төрағасының бірінші орынбасары, Қазақстанның салық төлеушілер қауымдастығы кеңесінің басқарушы төрайымы, Ұлттық кәсіпкерлер палатасы басқарма төрағасының орынбасары сияқты және тағы басқа лауазымдарда еңбек етті. Қазіргі кезде «Эксперт Қазақстан» ЖШС директоры қызметін атқарады.



## Куандыков Балтабек Муханович

**«Ембімұнайгаз» АҚ Директорлар кеңесінің тәуелсіз директоры**

Геология-минералогия ғылымдарының докторы, Еуразия халықаралық экономика Академиясының корреспондент мүшесі, Халықаралық минералды ресурстар Академиясының академигі, Америка геологтары мен мұнайшылары қауымдастығының мүшесі.

«Гурьевмұнайгазгеология» бірлестігінің «Қазмұнайгазбарлау» геологиялық басқармасының бас геологы, геологиялық бөлімнің басшысы, геологиялық бөлім басшысының орынбасары, мұнай барлау экспедициясының далалық геологы, ҚР Геология, энергетика және отын ресурстары министрлерінің орынбасары, «Қазақстанкаспийшельф» АҚ, «Қазақойл» ЖАҚ президенті, «Нельсон Рисорсис Лимитед» канадалық компанияның президенті қызметтерін атқарды.

2006 жылдың ақпан айынан бастап бүгінгі күнге дейін «Меридиан Петролеум» компаниясының директоры лауазымында. 2009 жылдан бастап Қазақстандық мұнайшы-геологтар қоғамының президенті болып табылады.



## Украшин Игорь Александрович

**«Ембімұнайгаз» АҚ Директорлар кеңесінің тәуелсіз директоры, СБЕРБАНК (Швейцария) АГ басқарушы директоры, корпоративтік-банктік бөлімше жетекшісі**

1994–1996 жылдарда – «ПЕПСИ-КОЛА ИНТЕРНЭШНЛ» компаниясының сату операцияларын жоспарлау бөлімінің жетекшісі; 1998–2013 жылдарда «КРЕДИТ СУИСС СЕКЬЮРИТИЗ ЛИМИТЕД» Еуропа энергетикалық тобының инвестициялық-банктік бөлімшесінің басқарушы директоры; 2013–2015 жылдарда «СБЕР-БАНК КИБ» басқарушы директоры.





## Директорлар шешімінің тәуелсіздігі

Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңының нормаларына сәйкес Директорлар кеңесі директорлар тәуелсіздігінің дерегін белгіледі және Ертлесова Жаннат Джургалиевна, Куандықов Балтабек Муханович, Украсин Игорь Александрович шешім қабылдау барысында тәуелсіз болып табылады деп санайды. Директорлар кеңесі осы директорлардың тәуелсіз шешімдеріне әсерін тигізетін немесе айтарлықтай әсер етуі мүмкін болатын қандай да бір қарым-қатынастар немесе жағдайлар жоқ екендігін белгіледі.

## Директорлар кеңесінің қызметі туралы есеп

**«Ембімұнайгаз» АҚ  
Директорлар  
кеңесімен 2027 жылға  
дейін Компанияны  
дамыту Концепциясы  
бекітілген.**

«Ембімұнайгаз» АҚ Директорлар кеңесінің өкілеттілігі «Ембімұнайгаз» АҚ Жарғысының 12-бөлімімен анықталады. Директорлар кеңесі «Ембімұнайгаз» АҚ тиімді басқаруына және қызметін тиісті түрде бақылауға Дара тұлғалы акционер алдында жауапты болады және шешім қабылдаудың бекітілген жүйесіне сәйкес әрекет етеді. Стратегиялық даму бағыттары мен Компания саясатын анықтау, «Ембімұнайгаз» АҚ бюджетін және маңызды ішкі құжаттарын бекіту және басқа да маңызды мәселелер Директорлар кеңесінің аса маңызды қызметтері болып табылады.

Директорлар кеңесі тұрақты негізде және қажет болған кезде отырысты өткізеді.

2018 жыл ішінде Директорлар кеңесі тікелей дауыс беру арқылы екі отырысты, сырттай дауыс беру арқылы 52 отырысты қоса алғанда 54 отырысты өткізді.

Жыл ішінде Директорлар кеңесімен өзгеден басқа келесі мәселелер қарастырылды:

- ▶ «Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма мүшелеріне, корпоративті хатшысына, Басқарма Төрағасының орынбасарларына, басқарушы директорларға және бас бухгалтеріне төлемдерді индексстеу туралы.
- ▶ 2018 жылға «Ембімұнайгаз» АҚ ҚНҚ бекіту туралы.
- ▶ «Ембімұнайгаз» АҚ қызметкерлерінің штаттық кестесіне және басқару аппаратының ұйымдастыру құрылымына өзгерістер енгізу туралы.
- ▶ 2018 жылға «Ембімұнайгаз» АҚ бюджетін түзету және 2018–2022 жылдарға бизнес-жоспарды бекіту туралы.
- ▶ 2017 жыл ішінде «Ембімұнайгаз» АҚ басқарушы қызметкерлерге сыйлықақы төлеу туралы.
- ▶ 2017 жыл ішінде «Ембімұнайгаз» АҚ жылдық есепті мақұлдау туралы.
- ▶ 2017 жыл ішінде «Ембімұнайгаз» АҚ Директорлар кеңесі мен Басқарманың қызметі туралы есепті мақұлдау туралы.
- ▶ 2018 жылға «Ембімұнайгаз» АҚ бюджетін түзетуді бекіту туралы.
- ▶ «Ембімұнайгаз» АҚ басқармасының сандық құрамын анықтау туралы.
- ▶ «Ембімұнайгаз» АҚ 2019 жылға көзделген бюджетін және 2019–2023 жылдарға көзделген бизнес-жоспарды бекіту туралы.
- ▶ 2018 жылдың 8 айы ішінде Қоғам қызметінің нәтижелері және 2018 жылға күтілетін нәтижелер туралы есеп.
- ▶ 2018 жылдың 8 айы ішінде Қоғамның еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы есеп және 2018 жылға күтілетін нәтижелер.
- ▶ 2018 жылдың 8 айы ішінде тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алу жоспарын орындау туралы есеп және 2018 жылға күтілетін нәтижелер.
- ▶ «Ембімұнайгаз» АҚ бөлігінде «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ ішкі аудит қызметінің қызметі туралы есеп.
- ▶ «Ембімұнайгаз» АҚ Директорлар кеңесінің Комитеттері туралы.
- ▶ 1 млрд теңгеге дейін қызығушылығымен Компаниямен мәмілелер жасасу.

Одан басқа Директорлар кеңесімен 2018 жылы бірқатар корпоративтік құжаттар бекітілген.

*2018 жыл ішінде жұмыс бойынша жалпы ақпарат*

	Отырыстар саны	Барлық мәселелер қарастырылды	Қабылданған шешімдер
Директорлар кеңесінің отырысы, соның ішінде	54	75	75
Іштей	2	22	22
Сырттай	52	53	53

Директорлар кеңесінің және Комитеттердің отырыстарында Директорлар кеңесі мүшелерінің және Комитеттер мүшелерінің болуы:

ДК мүшелері	Отырыстар саны	Ішкі аудиті жөніндегі Комитет	Тәуекелдерді стратегиялық жоспарлау және басқару жөніндегі комитет	Өндірістік және техникалық мәселелер жөніндегі комитет
Есқазиев Құрманғазы Орынғазиевич	54			
Абдулғафаров Дастан Елемесович	53			
Нургалиев Куанышбай Жаумитбаевич	39			
Шейн Эндрю Дрейдер	34		1	
Тебериков Дамир Данильбекович	34			
Жаксыбеков Ануар Еркинович	54			
Салимгереев Малик Жанабаевич	16			
Бекназарова Айгуль Жаксыкуловна	20			
Ертлесова Жаннат Джургалиевна	54	2	5	2
Куандыков Балтабек Муханович	54	2	2	3
Украсин Игорь Александрович	54	2	5	2



## Директорлар кеңесінің комитеттері

### Ішкі аудит жөніндегі комитет

#### Комитеттің құрамы

2018 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша «Ембімұнайгаз» АҚ Директорлар кеңесінің ішкі аудиті жөніндегі Комитет төрт мүшеден тұрады:

Аты-жөні	Лауазымы
Ертлесова Жаннат Джургалиевна	Ішкі аудиті жөніндегі Комитеттің Төрағасы
Украшин Игорь Александрович	Ішкі аудиті жөніндегі Комитеттің мүшесі
Куандықов Балтабек Муханович	Ішкі аудиті жөніндегі Комитеттің мүшесі
Тасмагамбетова Рысты Нурғалиевна	Ішкі аудиті жөніндегі Комитеттің мүшесі

#### Комитеттің жауапкершілігі

«Ембімұнайгаз» АҚ Директорлар кеңесінің ішкі аудиті жөніндегі Комитеттің өкілеттілігі ішкі аудит жөніндегі Комитет туралы Ережемен анықталады. Ішкі аудит жөніндегі Комитет Директорлар кеңесіне ақпаратты бере отырып, осы Ережені Комитетпен сақталуын талдауды қоса отырып, жыл сайын Комитеттің қызметін және мүшелерін талдау және бағалау жұмыстарын өткізеді.

Ішкі аудит жөніндегі Комитет Директор кеңесіне ішкі аудит қызметінің жұмыс істеу тәртібі, оның құзыреттілігі, функциялары, сондай-ақ ішкі аудит қызметінің қызметкерлеріне еңбекақы төлеу және сыйлықақы беру мөлшері және шарттары бойынша ұсыныстар береді; ішкі аудит қызметінің есептерін қарастырады; ішкі аудит қызметінің ұсыныстарын орындалуын бақылауды жүзеге асырады; ішкі аудит функциясының тиімділігін мониторингтеуді және бақылауды жүзеге асырады және басқа да қызметтерді орындайды.

Директорлар кеңесінің ішкі аудит жөніндегі комитеті тұрақты негізде және қажет болған кезде отырыс өткізеді.

Жыл ішінде Директорлар кеңесімен өзгеден басқа келесі мәселелер қарастырылды:

- ▶ 2017 жылдағы «Ембімұнайгаз» АҚ бөлігінде «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ ішкі аудит қызметінің есебін қарастыру туралы.
- ▶ 2017 жылдағы «Ембімұнайгаз» АҚ «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ ішкі аудит қызметінің ұсыныстарын орындау туралы есепті қарастыру туралы.
- ▶ 2017 жылдағы «Ембімұнайгаз» АҚ аудиттен өткізілген жылдық қаржылық есептілікті қарастыру туралы.
- ▶ 2017 жылдағы қаржылық есептілікті алдын ала бекіту туралы.
- ▶ Қоғамның таза табысын бөлу тәртібі бойынша ұсынысты және 2017 жылдың қорытындысы бойынша Қоғамның бір жай акциясына есептегенде дивидент мөлшерін алдын ала бекіту туралы.
- ▶ «Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма мүшелерінің функционалды ҚНК бекіту туралы.
- ▶ Ішкі аудит қызметінің ұсыныстарын орындау туралы есеп.
- ▶ «Ембімұнайгаз» АҚ бөлігінде «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ ішкі аудит қызметінің Жұмыс істеу жоспарын келісу туралы.
- ▶ 2018 жылдың 1-жарты жылдығына «Ембімұнайгаз» АҚ Директорлар кеңесінің ішкі аудит жөніндегі комитеттің жұмыс істеу жоспарын бекіту туралы.

## Тәуекелдерді стратегиялық жоспарлау және басқару жөніндегі комитет

### Комитеттің құрамы

2018 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша «Ембімұнайгаз» АҚ Директорлар кеңесінің тәуекелдерін стратегиялық жоспарлау және басқару жөніндегі Комитет жеті мүшеден тұрады:

Аты-жөні	Лауазымы
Украшин Игорь Александрович	Тәуекелдерді стратегиялық жоспарлау және басқару жөніндегі Комитеттің Төрағасы
Ертлесова Жаннат Джургалиевна	Тәуекелдерді стратегиялық жоспарлау және басқару жөніндегі Комитеттің мүшесі
Имандосов Аман Галимжанович	Тәуекелдерді стратегиялық жоспарлау және басқару жөніндегі Комитеттің мүшесі
Уралов Болатбек Умербекович	Тәуекелдерді стратегиялық жоспарлау және басқару жөніндегі Комитеттің мүшесі
Ералина Лаура Асановна	Тәуекелдерді стратегиялық жоспарлау және басқару жөніндегі Комитеттің мүшесі
Балжанов Бауыржан Қуспанович	Тәуекелдерді стратегиялық жоспарлау және басқару жөніндегі Комитеттің мүшесі
Балабаев Абат Амантаевич	Тәуекелдерді стратегиялық жоспарлау және басқару жөніндегі Комитеттің мүшесі

### Комитеттің жауапкершілігі

«Ембімұнайгаз» АҚ Директорлар кеңесінің тәуекелдерін стратегиялық жоспарлау және басқару жөніндегі Комитеттің өкілеттілігі тәуекелдерді стратегиялық жоспарлау және басқару жөніндегі Комитет туралы Ережемен анықталады. Комитет Директорлар кеңесіне ақпаратты бере отырып, осы Ережені Комитетпен сақталуын талдауды қоса отырып, жыл сайын Комитеттің қызметін және мүшелерін талдау және бағалау жұмыстарын өткізеді.

«Ембімұнайгаз» АҚ Директорлар кеңесінің тәуекелдерін стратегиялық жоспарлау және басқару жөніндегі Комитет ұзақ мерзімді кезеңде Компанияны дамытуға бағытталған стратегиялық мақсаттарды қарастыру және мақұлдау сияқты қызметтерді; концепцияны талдауды, Компанияның стратегиялық даму бағдарламаларын және жоспарларын және өткізілген талдама нәтижелері бойынша Директорлар кеңесіне өз ұсыныстарын енгізуді; ірі мәмілелерді жасау мәселелері бойынша Директорлар кеңесіне ұсыныстарды дайындауды; Компания активтерін басқару мәселелері бойынша Директорлар кеңесіне ұсыныстарды дайындауды және басқа қызметтерді жүзеге асырады.

Оған жүктелген міндеттерге сәйкес Компания құзыреттілігіне Компания тәуекелдерін басқару стратегияларын қарастыру және келісу; Тәуекелдерді басқару саясатын, сондай-ақ тәуекелдерді басқару саласында Компания қызметін регламенттейтін басқа ішкі құжаттарды қарастыру және келісу; Компания ұшырайтын негізгі тәуекелдерді және Компанияның тәуекел мәнді (тәуекел мәні бойынша өтініш) қарастыру және талқылау; Компанияның негізгі тәуекелдердің және тәуекел мәнінің (тәуекел мәні бойынша өтініш) күйіне мониторинг жүргізу бойынша есептерді қарастыру және келісу; Компания тәуекелдер портфелін басқару аясында инвестициялық жобаларды талдау; стратегиялық мақсаттарға жету үшін тәуекелдерді басқару жүйесінің тиімділігіне мониторинг жүргізу және басқа мәселелерді қарастыру сияқты Компания тәуекелдерін басқару бойынша мәселелерді қарастыру жатады.



Директорлар кеңесінің тәуекелдерін стратегиялық жоспарлау және басқару жөніндегі Комитет тұрақты негізде және қажет болған кезде отырыс өткізеді.

Жыл ішінде Директорлар кеңесінің тәуекелдерін стратегиялық жоспарлау және басқару бойынша Комитетпен өзгеден басқа келесі мәселелер қарастырылған:

- ▶ 2017 жыл ішінде «Ембімұнайгаз» АҚ қызметінің негізгі көрсеткіштерін күтілетін орындау туралы есебі.
- ▶ 2019–2023 жылдарға бюджетті және бизнес-жоспарды қарастыру туралы есеп.
- ▶ 2017 жыл ішінде негізгі тәуекелдерді басқару бойынша шаралар жоспарын орындау туралы есеп, соның ішінде 2018 жылдағы проблемалық мәселелер және негізгі тәуекелдер тізімі.
- ▶ Қоғамның таза табысын бөлу тәртібі бойынша ұсынысты және 2017 жылдың қорытындысы бойынша Қоғамның бір жай акциясына есептегенде дивидент мөлшерін алдын ала бекіту туралы.
- ▶ «Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма мүшелерінің функционалды ҚНК бекіту туралы.
- ▶ 2018 жылға «Ембімұнайгаз» АҚ басқарушы құрамның (Басқарма мүшелерінің) корпоративтік және мотивациялық ҚНК бекіту туралы.
- ▶ «Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма мүшелеріне және басқарушы қызметкерлерге ЭМГ-ПО-119-03 жаңа редакциясында жыл ішінде жұмыстар қорытындысы бойынша сыйлықақы төлеу тәртібі және шарттары туралы Ережені бекіту туралы.
- ▶ ЭМГ-РКВ-103-01 (редакция 1) «Ембімұнайгаз» АҚ тәуекелдерін басқару процесіне басшылық.
- ▶ ЭМГ-ПК-103-01 (редакция 1) «Ембімұнайгаз» АҚ тәуекелдерін басқару саясаты.
- ▶ ЭМГ-ПО-119-02 (редакция 2) «Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма мүшелерін және басқарушы қызметкерлердің ҚНК қалыптастыру және қолдану туралы ереже
- ▶ 2018 жылдың бірінші жартысына Комитеттің жұмыс жоспары.

## Өндірістік және техникалық мәселелер жөніндегі комитет

### Комитеттің құрамы

2018 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша «Ембімұнайгаз» АҚ Директорлар кеңесінің Өндірістік және техникалық мәселелер жөніндегі комитеті алты мүшеден тұрды:

Аты-жөні	Лауазымы
Куандыков Балтабек Муханович	Өндірістік және техникалық мәселелер жөніндегі комитеттің Төрағасы
Курманкулов Айдос Женисович	Өндірістік және техникалық мәселелер жөніндегі комитеттің мүшесі
Елеусинов Марат Каирбекович	Өндірістік және техникалық мәселелер жөніндегі комитеттің мүшесі
Кутжанов Абат Амангельдиевич	Өндірістік және техникалық мәселелер жөніндегі комитеттің мүшесі
Мухаметрахимов Шайхан Кайратович	Өндірістік және техникалық мәселелер жөніндегі комитеттің мүшесі
Сейтказиев Бауыржан Адеубаевич	Өндірістік және техникалық мәселелер жөніндегі комитеттің мүшесі



## Комитеттің жауапкершілігі

Директорлар кеңесінің Өндірістік және техникалық мәселелер жөніндегі комитетінің өкілеттілігі Өндірістік және техникалық мәселелер жөніндегі комитет туралы Ережемен анықталады. Комитет Директорлар кеңесіне ақпаратты бере отырып, Комитетпен осы Ережені сақтауды талдауды қоса алғанда, Комитет қызметін және мүшелерін талдауды және бағалауды жыл сайын өткізеді.

«Ембімұнайгаз» АҚ Директорлар кеңесінің Өндірістік және техникалық мәселелер жөніндегі комитеті жұмыстардың жылдық бағдарламасын, бюджетті, Компанияның өндірістік қызметімен байланысты сатып алулар жоспарын, сондай-ақ оларда болатын кез келген өзгерістерді бекіту бойынша материалдарды қарастыруды және дайындауды жүзеге асырады; бұрғылау жұмыстарының жоспарының ағымды күйінің деректерін талдау және бақылау, жаңа әдістерді, тәсілдерді, бұрғылау технологияларын енгізу барысын бақылау; кен орынды тиімді орналастыру бойынша жоспарларды әзірлеу және енгізу бойынша деректерді талдау; өндіру жоспарын, ұңғыма өнімдерін өндіру, жинау және тасымалдау бойынша өндірістік жұмыстарды орындау, жұмыстар нәтижелерінің сапасын тексеру бойынша деректер және ұңғыманың технологиялық көрсеткіштері туралы есептерді талдау; мұнайды өндіруді қарқындату және қатты қысымды ұстап тұру жүйесін оңтайландыру бойынша жаңа бағдарламаларды енгізу және басқа қызметтерді орындайды.

Директорлар кеңесінің Өндірістік және техникалық мәселелер жөніндегі комитеті тұрақты негізде және қажет болған кезде отырыс өткізеді.

Бір жыл ішінде Директорлар Кеңесімен басқасынан өзге келесі мәселелер қарастырылды:

- ▶ 2018 жылға «Ембімұнайгаз» АҚ бюджетін түзетуді және 2018–2022 жылдарға бизнес-жоспарды бекіту туралы.
- ▶ 2019–2023 жылдарға бюджетті және бизнес-жоспарды қарастыру туралы есеп
- ▶ Зияткерлік кен орын жобасы.
- ▶ 2018 жылдың 8 айы ішінде Қоғам қызметінің нәтижелері және 2018 жылға күтілетін нәтижелер туралы есеп.
- ▶ 2018 жылдың 8 айы ішінде Қоғамның еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы есеп және 2018 жылға күтілетін нәтижелер.
- ▶ «Ембімұнайгаз» АҚ бөлігінде «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ ішкі аудит қызметінің қызметі туралы есебі.
- ▶ 2017 жылдағы қаржылық есептілікті алдын ала бекіту туралы.
- ▶ Қоғамның таза табысын бөлу тәртібі бойынша ұсынысты және 2017 жылдың қорытындысы бойынша Қоғамның бір жай акциясына есептегенде дивидент мөлшерін алдын ала бекіту туралы.
- ▶ «Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма мүшелерінің функционалды ҚНК бекіту туралы.
- ▶ 2018 жылдың бірінші жарты жылдығына Комитет жұмысының жоспары.



## БАСҚАРМА

### Басқарма құрамындағы өзгеріс

«Ембімұнайгаз» АҚ Директорлар Кеңесінің 5 қыркүйек 2018 жылғы № 35 шешімі негізінде 7 (жеті) адамнан тұратын Басқарманың сандық құрамы анықталды және Нақпаев Салимжан Жумашевич Басқарма мүшесі ретінде сайланды.

### 2018 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Басқарма құрамы

#### Жаксыбеков Ануар Еркинович

##### «Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма Төрағасы



Еңбек жолын «Қазақойл-Ембі» ААҚ «Доссормұнай» Байшонас кен орнында мұнай мен газды өндіру (МНӨБ) жөніндегі оператор болып бастады. Әскери қызметінен кейін Қарсақ кен орнының мұнай мен газды өндіру цехінде оператор болып жұмысын жалғастырды.

1993 жылы Патрис Лумумба атындағы Халықтар достастығы университетін (Мәскеу қ.) «Геология және мұнай мен газ кен орындарын барлау» мамандығы бойынша бітірді.

Жоғарғы оқу орнын аяқтағаннан кейін Атырау бұрғылау жұмыстарының басқармасында учаскелік геолог, жетекші геолог, «Қазақойл-Ембі» ААҚ Мақат ауданы бойынша мұнай беру қыртысын арттыру және ұңғымаларға күрделі жөндеу жұмысын жүргізу бойынша учаске басшысының орынбасары ретінде жұмыс істеді.

1999 жылы «Қазақойл-Ембі» ААҚ «Мақатмұнай» МГӨБ бас геологы ретінде тағайындалды.

2000 жылдан бастап 2004 жылға дейін «Қазақойл» ҰК өндіріс басқармасы департаментінің бас инженері, менеджері, директор орынбасары, геология және барлау департаментінің директоры ретінде жұмыс істеді.

2004–2009 жылдарда-геологиялық-технологиялық қызметтің геология және геофизика департаментінің директоры, «ҚазМұнайГаз» ҰК геология, геофизика және барлау және өндіру блогының резервуарлары департаментінің директоры ретінде жұмыс істеді.

2009–2013 жылдарда – «Н Оперейтинг Компани» ЖШС ҚМГ ҰК геологиялық барлау жөніндегі менеджері, геологиялық барлау жұмыстары бойынша техникалық шағын комитетінің төрағасы ретінде жұмыс істеді.

2013 жылдың ақпанынан бастап ҚМГ БӨ бас директордың геология және игеру бойынша орынбасары, геологиялық барлау жұмыстары бойынша техникалық комитеттің төрағасы, ҚМГ БӨ «Барлау активтері» бақылау кеңесінің төрағасы ретінде тағайындалды. ҚМГ БӨ қатысуымен бірлескен кәсіпорындарды жетекшілік етті: «Урал Ойл энд Газ» БК, «ФИОК» ҚХР және «МОЛ» Венгер Республикасының компанияларымен үлестік қатысу, «Карповский Северный» бірлескен кәсіпорны.

2013–2015 жылдарда – «Кашаган Б.В.» ЖШЖКФ бас директорының перспективалық жобалар және операциялық қызмет жөніндегі орынбасары ретінде жұмыс істеді.

2015 жылдың қыркүйегінен бастап – «Ембімұнайгаз» АҚ бас директорының жаңа жобалар мен технологиялар бойынша орынбасары ретінде жұмыс істеді.

2017 жылдың сәуірінен бастап – «Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма Төрағасы ретінде жұмыс істейді.

КСРО Мұнай өнеркәсібі министрлігінің құрмет грамотасымен; «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ құрмет грамотасымен; «Самұрық-Қазына» ҰАҚ» АҚ құрмет грамотасымен; ҚР ЭМРМ Геология және жер қойнауын қорғау комитетінің алғыс хатымен; ҚР Энергетика және минералды ресурстар министрлігінің «Мақат кен орнына 90 жыл» құрмет белгісімен; ҚР Мұнай және газ министрлігінің «Доссор кен орнына 100 жыл» (2011 ж.); «Прорва кен орнына 50 жыл» құрмет белгісімен; ҚР Индустрия және жаңа технологиялар Министрлігінің «Қазақстан Республикасының жер қойнауының Құрметті барлаушысы» дипломымен және төс белгісімен (2012 ж.); ҚР Мұнай және газ министрлігінің «Қазақстан Республикасының мұнай-газ кешенін дамытуға қосқан үлесі үшін» медалімен (2014 ж.); ҚР Энергетика министрлігінің «Ембімұнайгаз» АҚ – 95 жыл» мерейтойлық медалімен (2017 ж.), Құрмет орденімен (2017 ж.) марапатталды.

## Габдуллин Айболат Гизатович

**«Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма төрағасының өндіріс жөніндегі орынбасары, Басқарма мүшесі**

1978 жылы В.И. Ленин атындағы Қазақ политехникалық институтын «Мұнай және газ кен орындарын игерудің технологиясы және кешенді механизациясы» мамандығы бойынша бітірді. 1984 жылы М. Азизбеков атындағы Әзірбайжан мұнай және химия институтын «Өнеркәсіптік өндіріс ұйымдастырушысы» мамандығы бойынша бітірді.

Еңбек жолын 1978 жылы «Прорванефть» МГӨБ мұнайды дайындау және қайта айдау жөніндегі операторы болып бастады, одан кейін шебер, учаске басшысы, ОИТҚ басшысы, бас инженер, басқарма басшысы ретінде жұмыс істеді. «Ембімұнайгаз» АҚ бас директордың өндіріс жөніндегі орынбасары қызметіне тағайындалғанға дейін ««ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» «Ембімұнайгаз» АҚ ӨФ директорының өндіріс жөніндегі орынбасары ретінде жұмыс істеді. 2012 жылдың қыркүйегінде «Ембімұнайгаз» АҚ бас директорының өндіріс жөніндегі орынбасары қызметіне тағайындалды.

Қазақ мұнай өнеркәсібіне 100 жыл құрметіне «Құрмет» орденімен (1999 ж.); ЭМРМ құрмет грамотасымен (2003 ж.); «Доссор кен орнының игерілгеніне 100 жыл» естелік белгісімен (2011 ж.); ҚР тәуелсіздігіне 20 жыл құрметіне «ҚазМұнайГаз» БӨ» (2011 ж.); Жылыой ауданының құрметті азаматы (2011 ж.) құрмет грамотасымен; «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ құрмет грамотасымен (2012 ж.); «Прорва мұнайына 50 жыл» төсбелгісімен (2013 ж.); «Генерал-майора авиации Талгата Бигелдинова» («Авиация генерал-майоры Талғат Бигелдинов») медалімен (2015 ж.); «Қазақстан маслихатына 20 жыл» мерейтойлық медалімен (2015 ж.); «Мұнай-газ кешенін дамытуға қосқан үлесі үшін» ҚР ЭМ медалімен (2015 ж.) марапатталды; Н.А. Назарбаевтың «Нұр Отан» партиясы Төрағасының алғыс хатына (2016 ж.); «KAZENERGY» медаліне (2016 ж.); «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ құрмет грамотасына (2016 ж.); «Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 25 жыл» медаліне (2016 ж.); ҚР Энергетика министрлігінің «Ембімұнайгаз» АҚ – 95 жыл» мерейтойлық медаліне (2017 ж.) ие.







## Тасмагамбетова Рысты Нургалиевна

**«Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма төрағасының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары, Басқарма мүшесі**

Екі жоғары білімі бар – 1986 жылы А.С. Пушкин атындағы Орал педагогикалық институтын «Тарих және педагогика» мамандығы бойынша, 2002 жылы – Атырау мұнай және газ университетін «Экономика және кәсіпорындағы менеджмент» мамандығы бойынша бітірді. 2014 жылы Ресей Федерациясының Президенті жанындағы Ресей халық шаруашылығы және мемлекеттік қызмет академиясының Іскерлік басқару магистрі (МВА: Менеджмент-Халықаралық бизнес) дәрежесін алды.

Еңбек еткен жылдар ішінде әр түрлі басқарушы қызметтерді атқарды: «ЭИТЭК» ғылыми-өндірістік фирмасы өкілдігінің директоры (Мәскеу қ.), «Атырау мұнай корпорациясы» ЖШС директоры, «Каспий коммерциялық орталығы ЛТД» ЖШС қаржы директоры, «ҚМГ-Жайық» ЖШС бас директорының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары, «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» «Ембімұнайгаз» АҚ ӨФ директорының экономика және қаржы бойынша орынбасары. 2012 жылдың қазанынан бастап «Ембімұнайгаз» АҚ бас директорының экономика және қаржы бойынша орынбасары қызметін атқарады.

«Доссор кен орнының игерілгеніне 100 жыл» естелік белгісімен (2011 ж.), «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ құрмет грамотасымен (2012 ж.), «Прорва мұнайына 50 жыл» төсбелгісімен (2013 ж.), «Самұрық-Қазына» ҰАҚ АҚ құрмет грамотасымен (2014 ж.), «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ құрмет грамотасымен (2014 ж.), «KAZENERGY» құрмет грамотасымен (2015 ж.), ҚР Энергетика министрлігінің ««Ембімұнайгаз» АҚ – 95 жыл» мерейтойлық медалімен (2017 ж.) марапатталды.



## Адилбеков Кайрат Адилбекович

**«Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма төрағасының геологиялық барлау жөніндегі орынбасары, Басқарма мүшесі**

И.М. Губкин атындағы Мәскеу мұнай-химиялық және газ өнеркәсібі институты «Геология және мұнай-газ кен орындарын барлау» мамандығы бойынша бітірді. Жоғары оқу орнын бітірген соң еңбек жолын «Уральскнефтегазгеология» ПГО мұнай-газ барлау экспедициясында ұңғымаларды зерттеу операторы болып бастады.

1985–1993 жылдарда аға геолог, жетекші геолог, мұнай-газ қорын есептеу партиясының басшысы, тәжірибелік-әдістемелік экспедициясының бас геологы, «Уральскнефтегазгеология» ПГО мұнай өндіру жұмыстарын ұйымдастыру бөлімінің басшысы ретінде жұмыс істеді. КСРО қорлары бойынша Мемлекеттік комиссияда Қарашығанақ мұнай-газ конденсаты кен орындарының (1985 және 1988 жылдарда) және Теплов-Токарев тобының кен орындарының (1991 жылы) көмірсутекті шикізат қорларын барлауға, есеп жүргізуге, қорғауға қатысты. 1993 жылдан бастап, 2001 жылға дейін коммерциялық және консалтингтік компанияларда әр түрлі басшылық лауазымдарды атқарды, 2001 жылдан бастап, 2005 жылға дейін «Теңізшевройл» ЖШС қорды қайта есептеу жобасының үйлестірушісі, кен орындарын дамыту бөлімінің басшысы. Теңіз (2002 жылы) және Королевское (2004 жылы) мұнай кен орындарының қорын қайта есептеу, дайындау және келісім алу, техникалық схеманы дайындау жұмыстарының үйлестірушісі болды. 2005 жылдан бастап 2014 жылға дейін – «Қожан» ЖШС мұнай және мұнай сервис компаниясында лауазымды қызметтерді (филиал басшысы, бас директордың орынбасары – бас геолог) атқарды. «Jupiter Energy Pte. Ltd» компаниясының қазақстандық бөлімшесінде (техникалық директоры), «Азатпетротранс» ЖШС (директор) қызметтер атқарды. 2014 жылдың тамызынан бастап «Ембімұнайгаз» АҚ геология және геофизика департаментінің директоры, 2015 жылдың қыркүйегінен бастап «Ембімұнайгаз» АҚ бас директорының геологиялық барлау жөніндегі орынбасары болып тағайындалды. Қазақстан Республикасының пайдалы қазбалар қоры бойынша Мемлекеттік комиссияның (ҚР ҚМК) тәуелсіз сарапшысы.

«Қазақстан Республикасының Жер қойнауын Үздік барлаушысы» төсбелгісімен, «Уральскнефтегазгеология мұнай-газ барлау экспедициясының» Құрмет грамотасымен (1986 ж.), Қазақстан ЛКСМ Орталық Комитетінің Құрмет грамотасымен (1987 ж.), «Уральскнефтегазгеология мұнай-газ барлау экспедициясы» ҰОС 70 жылдығына орай Құрмет грамотасымен (1987 ж.), «Уральскнефтегазгеология мұнай-газ барлау экспедициясы» геологтар күніне орай Құрмет грамотасымен (1989 ж.), ҚР Энергетика министрлігінің «Ембімұнайгаз» АҚ – 95 жыл мерейтойлық медалімен (2017 ж.), «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ құрмет грамотасымен (2017 ж.) марапатталды.

## Балжанов Бауыржан Куспанович

**«Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма төрағасының бизнесті дамыту жөніндегі орынбасары, Басқарма мүшесі**

Атырау мұнай-газ университетінің институтын «Геология, мұнай-газ» мамандығы бойынша тәмамдады. 2010 жылы Әкімшілік істер магистрі (МВА) («менеджмент») атағын алады.

Жоғарғы оқу орнын аяқтағаннан кейін 1996 ж. «Гюрал» БК инженер-геолог болып еңбек жолын бастады. 1999–2000 жылдарда «Қазақойл-Ембі» ААҚ инженер-технолог, өндірісті жедел басқару департаментінде ауысым бастығы (ОИТҚ) болып жұмыс істеді. 2000 жылдан бастап 2001 жылға дейін – «Қазақойл-Ембі» жаңа кен орындарын игеру департаментінде жетекші инженер, 2001 жылы – «Ембімұнайгаз» ААҚ мұнай және мұнай өнімдері қоры секторының жетекшісі, 2004 жылдан бастап 2009 жылға дейін – «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ қазынашылық департаменті жедел есеп жүргізу және бақылау бөлімінің басшысы, 2009 жылдан бастап 2012 жылға дейін – «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ қазынашылық департаменті директорының орынбасары, 2012 жылы – «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ мұнай-мұнай өнімдерін экспорттау департаменті директорының орынбасары, 2012–2013 жылдарда – «The Rompetrol Group Corrogate SRL» логистика бойынша топтың директоры, 2013 жылдан бастап 2015 жылға дейін – KMG – Kashagan B.V. коммерциялық директоры болып жұмыс істеді, 2015 ж. қыркүйек айынан бастап «Ембімұнайгаз» АҚ бас директорының коммерция жөніндегі орынбасары қызметтерін атқаруда.

«Мақат мұнай кен орнының 90 жылдығы» естелік белгісімен (2005 ж.), «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ Құрмет грамотасымен (2009 ж.), «Доссор кен орнына 100 жыл» естелік белгісімен (2011 ж.), ҚР Энергетика министрлігінің «Ембімұнайгаз» АҚ – 95 жыл мерейтойлық медалімен (2017 ж.), «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ құрмет грамотасымен (2017 ж.) марапатталды.

## Накпаев Салимжан Жумашевич

**Басқарма төрағасының жалпы мәселелер жөніндегі орынбасары, Басқарма мүшесі**

Алматы халық шаруашылығы институтын (1991 ж.) «Экономист» мамандығы бойынша; Атырау мұнай және газ институтын (2004 ж.) «Тау-кен инженері» мамандығы бойынша бітірді.

Еңбек жолын Мақат желілік-өндірістік басқармасында технологиялық компрессор машинисі болып бастады (1983 ж.). Мақат аудандық атқару комитетінде жоспарлау – экономикалық комиссиясының маманы, аға экономисі болып жұмыс жасады. 1992–1995 жылдары «Мақсат» шағын кәсіпорнының төрағасы қызметін атқарды. Әр жылдары Мақат, Жылыой аудандарының әкімі, Атырау облысы әкімі аппаратының басшысы, Атырау қаласының әкімі, «Аджип» ККО компаниясының жергілікті органдармен байланыс жөніндегі менеджері, Атырау облысы әкімінің орынбасары қызметтерін атқарды.





2018 жылдың шілде айында «Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма төрағасының жалпы мәселелер жөніндегі орынбасары болып тағайындалды.

«Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 10 жыл» мерейтойлық медалімен (2001 ж.); «Қазақстан Конституциясына 10 жыл» мерейтойлық медалімен (2005 ж.); «Құрмет» орденімен (2005 ж.); «Астананың 10 жылдығы» мерейтойлық медалімен (2008 ж.) марапатталды.



## Макашев Руслан Бексултанович

**«Ембімұнайгаз» АҚ заң департаментінің директоры, Басқарма мүшесі**

Қазақ мемлекеттік заң академиясын «Заңгер» мамандығы бойынша (2000 ж.), Қазақ қоғамдық университетін «Экономист» мамандығы бойынша (2007 ж.) тәмамдады. Басқарушы кадрлар үшін Іскерлік басқару Магистрі – Executive MBA (KIMEP University, 2016 ж) дәрежесін алды.

Еңбек жолын жол жөндеу-құрылыс басқармасында заңгер болып бастады. «Қазақойл-Ембі» ААҚ кеңесші заңгер болып еңбек етті. Әр жылдарда аға заңгер, «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ департаменттері директорының орынбасары қызметтерінде жұмыс жасады. «Қаражанбасмұнай» АҚ заң департаментінің директоры, вице-президент лауазымдарын атқарды. 2017 жылдың желтоқсан айынан бастап «Ембімұнайгаз» АҚ заң департаментінің директоры болып еңбек етіп келеді.

«ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ Құрмет грамотасымен (2009 ж.); «Доссор мұнай кен орнына 100 жыл» естелік белгісімен (2011 ж.); «Қазақстан Тәуелсіздігіне 20 жыл» мерейтойлық медалімен (2011 ж.) марапатталды; «Қаражанбасмұнай» АҚ Алғыс хатына (2017 ж.); «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ Алғыс хатына (2017 ж.) ие.

## Басқарма жұмысы туралы есеп

Компания Басқармасы Төрағасының Өкілеттілігі Компания Жарғысының 13-бөлімімен анықталады.

Басқарма атқарушы орган болып табылады және Компанияның ағымды қызметін басқаруды жүзеге асырады. 2018 жылы тұрақты негізде және қажет болған кезде Басқарманың 28 отырысы өткізілді.

2018 жылы Басқарма Компанияның операциялық қызметіне қатысты аса маңызды мәселелерді қарастырды:

- ▶ Мәмілелер жасасу, жасалған кезде «Ембімұнайгаз» АҚ 500 млн теңгеге дейін мүдделік бар.
- ▶ «Ембімұнайгаз» АҚ өндірістік бағдарламасын бекіту.
- ▶ Студенттер (қазақстандық мамандар) оқуына қаражат бөлу туралы.
- ▶ Қосарлы оқытуды ұйымдастыру туралы.
- ▶ 2019 жылға ТЖҚ бірінші кезектегі сатып алулар тізімін бекіту туралы.
- ▶ Халықтың әлеуметтік тұрғыдан осал топтарға әлеуметтік, қайырымдылық көмек көрсету туралы.
- ▶ «Ембімұнайгаз» АҚ (Басқарма мүшелерінен және корпоративті хатшыдан басқа) басқарма аппаратының қызметкерлеріне 2018 жылдағы тоқсандық сыйлықақы төлеу туралы.
- ▶ «Ембімұнайгаз» АҚ өндірістік құрылымы бөлімшелерінің қызметкерлерінің штаттық кестесін бекіту туралы.
- ▶ «Ембімұнайгаз» АҚ басқарма аппаратының құрылымдық бөлімшелерінің және өндірістік құрылымдық бөлімшелерінің жетекшілерінің ҚНК бекіту туралы.
- ▶ «Ембімұнайгаз» АҚ зейнеткерлеріне материалдық көмекті төлеу туралы.



## Басқарма мүшелерінің еңбек шарттары

Басқарманың барлық мүшелері Компаниямен еңбек шарттар жасасты, сол бойынша оларға әдетте сапарға шыққан кезде жазатайым оқиғалардан сақтандыру және Компанияның ішкі ережелеріне сәйкес қызметтік іссапарлар кезінде шығындарды өтеу беріледі.

Жоғарыда айтылғанды қоспағанда, Басқарма мүшелерімен Компаниямен ешқандай басқа еңбек шарттарын жасау жүзеге асырылмайды және ұйғарылмайды.

## Есептің анықтығына жауапкершілік

Компанияның лауазымды тұлғалары Компанияның жылдық есебінде болатын мәліметтердің анықтығына жауапты болады.

## ІШКІ АУДИТ

Аудит және активтер департаменті алдында Компания басшылығына тәуелсіз және объективті ақпаратты беру, бақылау және корпоративтік басқару мәселелері бойынша кеңес беру, сондай-ақ, қолданыстағы процедураларды жақсарту бойынша аналитикалық есептер мен ұсыныстарды ұсыну міндеті тұр.

АжәнеАД Басқарма Төрағасына есеп береді, ол стратегиялық бағытты белгілейді және АжәнеАД жұмыстарының тәртібін анықтайтын жұмыстарды келіседі. АжәнеАД оны Компания Басқармасының Төрағасы бекіту үшін бір жылға жасалатын жұмыстардың аудиторлық жоспарын дайындайды.

Жұмыстардың бекітілген жоспарына және Компания басшылығының тапсырмаларына сәйкес департамент кез келген функцияларға, операцияларға және Компания қызметінің барлық түрлеріне аудит өткізеді және барлық деңгейдегі жетекшілермен етене өзара әрекет ете отырып бақылау жүйесін жетілдіруге және корпоративтік басқаруға және келесі міндеттерді шешуге септігін тигізеді:

- ▶ Компанияның ҚБ/ӨҚБ жасалатын қолданыстағы процедуралар мен операциялардың, заңнама талаптарының және ішкі құжаттардың сәйкес келуін бағалау;
- ▶ ақша қаражатының мақсатқа сай жұмсалыуын бақылау;
- ▶ Компания активтерін тиісті қорғауды қамтамасыз ету бойынша құралдарды және шараларды бағалау;
- ▶ Компания активтерінің сипаттамаларының жіктеушілеріне сәйкес келуін тексеру.

Тексеру нысандары төменде аталғандардан тұруы мүмкін:

- ▶ Орналасқан жері – өндірістік құрылымдық бөлімшелер;
- ▶ Жобалар – шарттар, қосалқы мердігерлік шарттары, бағдарламалар, өнімдер түрлері және тағы басқалар;
- ▶ Компания активтері – нақты активтер, шоттар, банк шоттарындағы ақша қаражаттары, ақпарат, дебиторлық берешек, тағы басқалар;
- ▶ Операциялар – функциялар, бизнес-процестер және тағы басқалар.

Аудиторлық тексеру масштабы АжәнеАД директорымен анықталады және аудиторлық бағдарламаны жасау барысында ескеріледі.

2018 жылы төрт аудит өткізілді, барлық аудиттер дер кезінде өткізілді, 23 ұсыныс берілді, барлық ұсыныстар дер кезінде орындалды.



## ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ

Тәуекелдерді басқару саласында Компания стратегиясы бизнестің стратегиялық және оперативті тұрақтылықты қамтамасыз етуге бағытталған, ол дер кезінде сәйкестендіру, тәуекелдерді бағалау және Компанияның тәуекел мәнін ескере отырып, оны проактивті басқару, түрлі деңгейдегі қызметкерлердің коммуникацияларын және координацияларын қамтамасыз ету арқылы жетеді.

Компанияда тәуекелдерді басқару жүйесі бірыңғай процеске біріктірілген элементтердің өзара байланысының жинағы болып табылады, сол аяда Директорлар кеңесі, басшылық және қызметкерлердің әрқайсысы өз деңгейінде Компанияның қызметіне әсерін тигізуі мүмкін ықтималды оқиғаларды анықтауға, сондай-ақ, тәуекелдің/тәуекел-мәнінің қолданылатын деңгейі аясында осы оқиғаларды басқаруға қатысады. Тәуекелдерді басқару процесі тікелей өзара байланысты және стратегиялық жоспарлау, өндірістік және бюджеттік жоспарлау, инвестициялық қызмет процестерімен және ынталандыру жүйесімен интеграцияланған.

Компанияда тәуекелдерді басқару процесі тұрақты, циклдік (үздіксіз), түрлі бағытта болып келеді.

Тәуекелдерді басқару процесі келесі құрамдас бөліктерден тұрады:

- ▶ мақсаттар қою;
- ▶ тәуекелдерді сәйкестендіру;
- ▶ тәуекелдерді бағалау;
- ▶ тәуекелдерді бақылау және басқару;
- ▶ мониторинг жүргізу;
- ▶ есеп беру.

Компания тәуекелдерін басқару жүйесі мұнай-газ өндіру басқармасының (МГӨБ) және «Ембімұнайгаз» АҚ басқа қосымша басқармаларының тәуекелдер портфелін ескере отырып әрекет етеді.

2018 жылы тәуекелдерді сәйкестендіру жұмыстарының барысында пайда болу себептері, тәуекелдерді іске асырған жағдайдағы салдары көрсетілген тәуекелдер тізілімі құрастырылды және өндірістік, сондай-ақ өндірістік емес тәуекелдерден құралатын ең маңызды тәуекелдердің тізбесі бөліп шығарылды. Директорлар Кеңесі 12 басты тәуекелдерден құралатын тізбені, сонымен қатар оларды басқару бойынша іс-шаралар жоспарын қарап бекітті.

Тәуекел-менеджментті тиісінше жүзеге асыру мақсатында Компанияда қолданылатын Сақтандыру арқылы қорғауды қамтамасыз ету саясатына сәйкес тәуекелдер сақтандырылады. Міндетті сақтандыру түрлерінен басқа ең үздік дүниежүзілік тәжірибелерге сәйкес Компания мүліктік тәуекелдерді, ұңғымалардың бақылаудан шығып кету тәуекелдерін сақтандырады және үшінші тұлғалардың алдындағы жалпы жауапкершілікті сақтандыруды жүзеге асырады.

Онымен бірге, 2018 жылдан бастап Компанияда жобалық басқару жүйесін енгізу аясында Компания жобаларының портфелін қарау жөніндегі жобалау комитеті құрылды. Жобалық басқарудың негізгі айрықша құзыреттерінің бірінің бүкіл жобалар портфелінің тәуекелдерін басқару болып табылуы жобаға әсер етуі мүмкін оқиғаларды айқындауға мүмкіндік береді.

**Тәуекелдерді басқару Компанияны басқару жүйесінің ажырамас бір бөлігі болып табылады.**

## Тәуекелдердің негізгі топтары

- ▶ Операциялық тәуекелдер – персонал, қаржы активтері, өндірістік технологиялар, басқару технологиялары, ақпараттық технологиялар және негізгі қорлар сияқты ішкі факторларға байланысты болатын операциялық қызметпен және Компанияның бизнес-процестерімен байланысты тәуекелдерден тұрады.
- ▶ Бизнес-тәуекелдер – бұл тәуекелдер бизнес-ортамен байланысты, онда Компания өз қызметін жүзеге асырады. Бизнес-орта мемлекет, бәсекелестер, контрагенттер, инвесторлар, меншік иелері, бұқаралық ақпарат құралдары сияқты сыртқы факторлармен анықталады. Сыртқы факторлармен, сонымен қатар, экономикалық ортадағы өзгерістер, ақша ресурстарының бар болуы және қол жетімділігі, саяси факторлар, ортаның құқықтық тарабының өзгерісі, әлеуметтік – мәдени ортадағы өзгерістер, технологиялық факторлар бола алады. Барынша аз басқарылатын және ең елеулі бизнес-тәуекелдер, бұл жағдайда Компания осындай тәуекелдерді барынша азайту мақсатында тиісті шараларды қолданады.
- ▶ Жобалық тәуекелдер – бұл белгісіз оқиға немесе шарт, ол туындаған жағдайда жоба мақсаттарының ең болмағанда біріне әсер етеді (позитивті немесе негативті), мысалы, мерзімдер, құны, құрамы немесе саны.







# Шарфтық ЕМБІМЖНАЙГАЗ

## МҰНАЙДЫ АЙДАУДЫ МОНИТОРИНГТЕУ


«Интеллектуалды кен орын» жүйесінде ұңғыма өнімін айдауды мониторингтеу бойынша жүзеге асырылған блок мамандарға ағымды уақыт режимінде есептеу тораптарынан шикі мұнайды өткізу бойынша ақпаратты алуға мүмкіндік береді.



Мұнайды тасымалдау  
және өткізу



# 05




ТҰРАҚТЫ ДАМУ  
САЛАСЫНДАҒЫ  
ҚЫЗМЕТ ЖӨНІНДЕГІ  
ЕСЕП



## КАДРЛЫҚ САЯСАТ

**Адамдар Компанияның негізгі активі болып табылады. «Ембімұнайгаз» АҚ қызметкерлердің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған, сондай-ақ, олардың кәсіби өсуіне септігін тигізетін еңбек ету шартын жасау бойынша тұрақты күш жұмсайды.**

Персонал құрылымы



2027 жылға дейін «Ембімұнайгаз» АҚ дамыту Концепциясының Директорлар кеңесімен бекітілген аяда қабылданған персоналды басқару және еңбекақыны төлеу саласында функционалды стратегия аясында кадр қызметінің басты мақсаты Компанияны сапалы оқыту және қызметкерлерді дамыту, ең жаңа деген тиімді құралдарды және басқару әдістерін іздеу және енгізу, атқарушылық тәртіп үшін бақылауды күшейту және қызметкерлерге әлеуметтік қолдауды қамтамасыз ету есебінен стратегиялық мақсаттарға жету үшін ынталандырған, білікті персоналдың жеткілікті санын қамтамасыз ету болып табылады.

Компанияны стратегиялық дамытудың талаптарын және перспективаларын ескере отырып, қызметкерлерді басқару және еңбекке ақы төлеу департаменті еңбекті ұйымдастыру жүйелерін, формаларды және еңбекақыны төлеу жүйелерін, Компанияда материалдық және моральдік ынталандыруды және оның өндірістік құрылымдық бөлімшелерін дамыту бойынша тұрақты жұмысты жүргізеді. Еңбек бойынша салааралық және салалық нормативтерді қолдану негізінде еңбекті нормаларды жетілдіру бойынша шаралар жүзеге асырылады. Еңбек өнімділігін арттыру бойынша, соның ішінде, штаттың оңтайлы санын ұстап тұру арқылы жұмыстар жүргізіледі.



2019 жылдың 1 қаңтарында Компания қызметкерлерінің штаттық саны 5 222 адамды құрады. Нақты саны – 4 942 адам. 2018 жылы персоналдың тұрақтамауы 8,19% құрады.

Шығындарды оңтайландыру мақсатымен Компанияда профильді емес төмен білікті еңбектің штаттық жұмыс орындарын аутсорсингке шығару және қысқарту бойынша жұмыстар жүргізіледі. 2014 жылдан бастап 2018 жылға дейінгі кезеңде аутсорсингке 372 жұмыс орны шығарылды.

2019 жылдың 1 қаңтарында персоналдың құрылымы

	Нақты саны	Соның ішінде	
		Ерлер	Әйелдер
Барлығы	<b>4 942</b>	<b>4 061</b>	<b>881</b>
<b>Әкімшілік-басқару персоналы</b>	<b>300</b>	<b>188</b>	<b>112</b>
Жетекшілер	103	82	21
Мамандар	197	106	91
<b>Өндірістік персонал</b>	<b>4 642</b>	<b>3 873</b>	<b>769</b>
Жетекшілер	537	498	39
Мамандар	626	347	279
Жұмысшылар	3 479	3 028	451

«Ембімұнайгаз» компаниясында еңбек өтілінің көп бөлігін мұнай саласының ауыр жағдайларында жұмыс істеген немесе денсаулығы сыр берген қызметкерлер үшін 58 жастан бастап зейнетке мерзімнен бұрын шығу бағдарламасы іске асырылады. 2014 жылы бағдарламаны іске асыруды бастаған уақыттан қазіргі мезетке дейін мерзімнен бұрын 237 қызметкер зейнетке шықты.



## Әулеттер

«Ембімұнайгаз» компаниясы – берік дәстүрлерімен және ұрпақтар сабақтастығымен қалыптасқан үлкен тарихы бар кәсіпорын. Еңбек әулеттері Компанияның тұрақты ұзақ мерзімді дамуының негізі болып табылады. Еңбек әулеттерінің арқасында Компанияда ұрпақтар сабақтастығы сақталады, кәсіптің отбасылық мұрасы қолдау алады және баға жетпес тәжірибе беріледі, өсіп келе жатқан ұрпақта еңбекке деген құрмет, өз маманымен мақтаныш ету сезімі қалыптасады.

Бүгінгі таңда «Ембімұнайгаз» АҚ-да 20-дан астам отбасы әулетінің өкілдері еңбек етуде, онда үш және одан көп буыны өз өмірлерін мұнайшы деген қиын кәсіппен байланыстырды. Солардың кейбіреулерінің жалпы жұмыс өтілі 200 жылды асырды. Солардың ішінде Жылқышиевтар, Курманкуловтар, Торехановтар, Салиевтер, Құлбалиевтер, Бекмурзиевтар, Ондашевтар, Бешимовтар, Корпебаевтар, Уалиевтер, Бисенбаевтар, Жакашевтер, Айдабековтар, Раимбергеновтар, Бажбеновтар, Канатбаевтар, Жанаисовтар, Мангистауовтар – Ержанғалиевтер, Балғымбаевтар және Балжановтар әулеті.

**Компания тұрақтылығының негізі – еңбек әулеттері.**

## Персоналды оқыту және дамыту

«Ембімұнайгаз» персоналын оқыту және дамыту қызметкерлер әлеуетін үздіксіз дамыту, жоғары білікті қызметкерлерді ұстап қалу, жинау жүйесін құру және қызметкерлер білімі мен дағдыларының деңгейін көтеру және оларды тұрақты қызметте тиімді қолдану арқылы жоғары білікті басқару, әкімшілік ету және өндірістік персоналда Компания қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатымен жүзеге асырылады.

Компанияда оқытудың келесі түрлері өткізіледі:

- 1) техникалық тәртіпті оқыту;
- 2) қаржылық-экономикалық тәртіпті оқыту;
- 3) тілді оқыту;
- 4) жалпы сипаттағы пәндерді оқыту;
- 5) магистрлік, мамандандырылған, модульдік бағдарламалар бойынша оқыту;
- 6) жұмыс орында қолданылатын техникалық амалдар мен дағдыларды оқыту;
- 7) қауіпсіздік техникасын, еңбекті және қоршаған ортаны қорғауды оқыту;
- 8) комплаенс бойынша міндетті оқыту.

Негізінен оқытудың келесі әдістері қолданылады:

- 1) қысқа мерзімді курстарда оқыту, соның ішінде корпоративті оқу;
- 2) жұмыс орнында оқыту;
- 3) Компанияның басқа құрылымдық бөлімшелерінде немесе басқа компанияларда тағылымдама;



# «ЕМБІМҰНАЙГАЗ» АҚ МҰНАЙШЫЛАР ӘУЛЕТТЕРІ

## «Ембімұнайгаз» АҚ АБП

### Жилкишиевтер

әулеті **1913**



**4** Буын өтілі  
**208** жылдан астам

### Жанайсовтар

әулеті **1947**



**3** Буын өтілі  
**83** жылдан астам

### Ержанғалиевтер

әулеті **1925**



**3** Буын өтілі  
**92** жылдан астам

### Канатбаевтар

әулеті **1911**



**4** Буын өтілі  
**278** жылдан астам

## «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ

### Ондашевтар

әулеті **1933**



**4** Буын өтілі  
**182** жылдан астам

### Бешимовтар

әулеті **1926**



**3** Буын өтілі  
**87** жылдан астам

### Корпебаевтар

әулеті **1963**



**3** Буын өтілі  
**26** жылдан астам

### Уалиевтер

әулеті **1939**



**3** Буын өтілі  
**125** жылдан астам

### Бисенбаевтар

әулеті **1920**



**3** Буын өтілі  
**94** жылдан астам

### Кулбалиевтер

әулеті **1928**



**4** Буын өтілі  
**148** жылдан астам

## «Доссормұнайгаз» МГӨБ

### Курманкуловтар

әулеті **1943**



176 ЖЫЛДАН АСТАМ

### Бажбеновтар

әулеті **1914**



139 ЖЫЛДАН АСТАМ

### Турехановтар

әулеті **1931**



144 ЖЫЛДАН АСТАМ

### Салиевтер

әулеті **1939**



177 ЖЫЛДАН АСТАМ

### Бекмурзиевтер

әулеті **1930**



97 ЖЫЛДАН АСТАМ

## «Қайнармұнайгаз» МГӨБ

### Кошмаганбетовтар

әулеті **1953**



223 ЖЫЛДАН АСТАМ

### Жакашевтер

әулеті **1947**



120 ЖЫЛДАН АСТАМ

### Айдарбековтар

әулеті **1946**



85 ЖЫЛДАН АСТАМ

### Раимбергеновтар

әулеті **1942**



84 ЖЫЛДАН АСТАМ

- 4) Интернеттің және/немесе байланысты басқа түрлерін қолдана отырып қашықтықтан оқу;
- 5) тәжірибеге ие болуға және соңғы жетістіктермен және технологиялармен, жаңа амалдармен және идеялармен, сәтті тәжірибемен және басқа компаниялардың әзірлемелерімен танысу арқылы ой-өрісін кеңейтуге бірдей дәрежеде септігін тигізетін конференцияларға, дөңгелек үстелдерге, форумдарға, симпозиумдарға, конгресстерге, көрмелерге қатысу, сондай-ақ, Компания үшін ұтымды серіктестік қарым-қатынастар орнату.

2018 жылы 4 596 қызметкер қауіпсіздік техникасы бойынша міндетті оқудан өтті, 300 қызметкер фонтанға қарсы қауіпсіздік бойынша оқудан өтті. 1 217 адам MBA, бизнес-семинарларды, техникалық семинарларды, қаржыгерлерге арналған семинарларды және т. б. қоса алғанда семинарларда оқудан өтті. 971 қызметкер жұмыс мамандары бойынша оқудан өтті.

**Оларды жетілдіру мақсатымен оқытудың ішкі процедураларын тұрақты түрде талдау және өзектендіру жүзеге асырылады.**

## Модульді оқытуды ұйымдастыру

Орта буынның жетекшілерін оқыту және дамыту мақсатында өндірістік процестерді жоспарлау және жақсарту бойынша оқудан, басқару дағдыларын оқудан тұратын модульдік бағдарламалар әзірленді. Бағдарламаны аяқтағаннан кейін қатысушылар өндірістік процестерді жақсарту бойынша өз жобаларын ұсынды.

2015–2017 жылдардағы кезең ішінде модульдік оқу бағдарламаларына негізгі цехтар басшылары, учаске шеберлері, геологтар, қауіпсіздік техникасы жөніндегі инженерлер санынан 250 астам қызметкер қатысты. 2018 жылы модульдік бағдарламалар геология, әзірлеу, ұңғымаларды күрделі және жер асты жөндеу, геофизика бағыттары бойынша Қазақ-Британ техникалық университетімен әзірленген. 2018 жылы ҚБТУ-де төрт тақырып бойынша корпоративті және ашық форматта оқу өткізілді, оған 38 қызметкер қатысты.

## Кадр резервін құру және дамыту

«Ембімұнайгаз» АҚ үшін құрылымдық бөлімшелер жетекшілерінің орнын басуға кадр резервін құру өзекті міндет болып табылады. Кадр резервін құру мақсаты Компанияда лауазымдардың орнын ауыстыру үшін кадрларды іріктеуге, орналастыруға байланысты қатерлерді азайту, қызметкерлердің сапалық құрамын жақсарту, мақсатты іріктеу негізінде басқару тиімділігін арттыру және аса перспективті жетекшілерді, мамандарды оқыту болып табылады.

Кадр резервісінің және мансаптық өсудің құрылған жүйесі төменде аталғандарға мүмкіндік береді:

- ▶ басқарудың барлық жүйесіне сенімділікті қамтамасыз етуге, басқарудың жоғары және орта буын лауазымына кадрларды іріктеу және орналастыру барысында кездейсоқтық және субъективтілік элементтерін барынша азайтуға;
- ▶ стратегияға сәйкес Компанияны дамытуға дайын әлеуетті қызметкерлерді анықтауға, қызметкерлер ынтасын көтеруге, мансаптық өсу мүмкіндігін ұсыну арқылы қызметкерлерді ұстап қалуға, өзін-өзі таныту перспективаларын күшейтуге;
- ▶ жетекшілер мен мамандарды оңтайлы орналастыруға немесе алмастыруға қол жеткізуге, жетекшілік ететін қызметкерлерді тағайындау барысында кадрлық тәуекелдерді азайтуға (қызметіне бейімделген кезі).

Кешенді бағалау қорытындысы бойынша кадр резервіне 87 қызметкер есептелген, соның ішінде 62 – жоспарлы кадр резерві, 25 – перспективті кадр резерві. 2015–2018 жылдардағы кезең ішінде кадр резерві қызметкерлері дамудың жеке жоспарларына сәйкес теориялық және тәжірибелік дайындықтан өтті.



Негізгі позицияларға тағайындау:

- ▶ жоспарлы резерв – 30 қызметкер,
- ▶ перспективті резерв – 8 қызметкер.

Дивидендтер (8-ескертпе)	-	(85.844.545)	(85.844.545)
<b>2018 жылғы 31 желтоқсанда</b>	<b>162.399.820</b>	<b>153.032.636</b>	<b>315.432.456</b>

Басқарма төрағасы

Басқарма төрағасының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары

Бас бухгалтер



Жаксыбеков А.Е.

Тасмагамбетова Р.Н.

Махамбетов Н.Ж.

# ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПKE ЕСКЕРТПЕЛЕР

## 1. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТТИҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ

«Ембімұнайгаз» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – «Компания») Қазақстан Республикасында «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» Акционерлік қоғамы (бұдан әрі – «БӨ ҚМГ» немесе «Бас компания») Директорлар кеңесінің 2012 жылғы 31 қаңтардағы шешімімен 2012 жылғы 27 ақпанда құрылды.

Компания көмірсутегі шикізатын барлаумен, өндірумен, өңдеумен, қайта өңдеумен және экспортпен айналысады. Компанияның мұнай-газ қызметі Батыс Қазақстанның Атырау облысында орналасқан мұнай-газ активтерінде орындалады. Компания жер қойнауын пайдалану бойынша келесі келісімшарттар бойынша мұнай кен орындарын өндіруді орындайды: № 37 келісімшарт (Кеңбай кен орны), № 61 келісімшарт (Новобогатинск Оңтүстік Шығыс кен орны), № 211 келісімшарт (23 кен орны), № 413 келісімшарт (15 кен орны); № 327 келісімшарт (Тайсоған блогы бойынша кен орны); № 992 келісімшарт (Новобогатинск Батыс кен орны); № 406 келісімшарт (Лиман кен орны); № 3577 келісімшарт (Қаратон-Сарықамыс кен орны). 2015 жылғы 25 ақпанда «Ембімұнайгаз» АҚ және Энергетика министрлігі арасында келесі № келісімшарттарды ұзарту үшін қосымша келісімдерге қол қойылды: № 37 келісімшарт 2041 жылға дейін, № 61 келісімшарт 2048 жылға дейін, № 211 келісімшарт 2037 жылға дейін, № 413 келісімшарт 2043 жылға дейін.

Компанияның жалғыз акционері «ҚМГ» БӨ» болып табылады. «ҚМГ» БӨ» негізгі акционері Қазақстанның мұнай-газ өнеркәсібінде мемлекеттік мүддесін қорғайтын «ҚазМұнайГаз» Ұлттық Компаниясы» АҚ («ҚМГ ҰК») болып табылады. «Самрұқ-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ (бұдан әрі – «Самрұқ-Қазына ҰӘҚ») ҚМГ ҰК 90% мөлшеріне ие. «Самрұқ-Қазына ҰӘҚ» өз кезегінде Қазақстан Республикасының Үкіметіне (бұдан әрі – «Үкімет») толығымен тиесілі.

Осы Қаржылық есепке Компанияның атынан Басқарма төрағасы, Экономика және қаржы бойынша басқарма төрағасының Орынбасары және Бас бухгалтер 2019 жылғы 28 ақпанда қол қойды.

## 2. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТІЛЕРІНЕ ШОЛУ

Осы қаржылық есепті дайындау кезінде қолданылған есеп саясатының негізгі ережелері төменде келтірілген. Осы есеп саясаты рет ретімен барлық ұсынылған мерзім үшін қолданылды, егер басқа айтылмаса.

### 2.1. Дайындау негізі

Осы қаржылық есеп Халықаралық қаржылық есеп стандарттарына («ХҚЕС» сәйкес дайындалды). Қаржылық есеп қаржылық құралдардан басқа бастапқы құн бойынша есепке алу қағидасына қарап дайындалды. Осы қаржылық есеп теңгемен ұсынылды, және барлық мәндер мыңға дейін дөңгелектенді, егер басқа айтылмаса.

Қаржылық есепті ХҚЕС сәйкес дайындау маңызды есеп бағаларын пайдалануды талап етеді, сонымен қатар басшылықтан есеп саясатын пайдалану барысында жорамалдар бойынша пікір айтуды талап етеді. Күрделілік деңгейі жоғары немесе жорамалды пайдаланудан, сонымен қатар бағалар мен болжамдарды пайдалану қаржылық есеп үшін маңызды болып табылатын салада пайдалану өрісі 3-ескертпеде айқындалған.

#### **Валюталарды айырбастау бағамдары**

Қазақстандық теңгенің АҚШ долларына 2018 жылғы 31 желтоқсанда және 2017 жылғы 31 желтоқсанда ресми бағамы 384,20 және 332,33 теңгені сәйкесінше құрады. Сомаларды теңгеге, АҚШ долларына немесе өзге тұрақты валютаға кез келген қайта есептеу осындай сомалар теңгеге конверсияланған, келешекте аталған айырбастау бағамы немесе басқа айырбастау бағамы бойынша тұрақты валютаға айырбасталуы мүмкін немесе айырбасталады деген растау ретінде талқыланбауы тиіс.



### Бухгалтерлік есеп және талдаудың қабылданған стандарттары

Жыл бойы Компания Компанияның қаржылық нәтижелеріне немесе қаржы жағдайына маңызды әсерін тигізбеген төмендегі жаңа және қайта қаралған ХҚЕС қабылдады:

- ▶ ХҚЕС 15 «Сатып алушылармен шарттар бойынша түсім»;
- ▶ ХҚЕС 9 «Қаржы құралдары: жіктеу және бағалау»;
- ▶ ҚР ХҚЕС 22 түсіндірмесі «Шетелдік валютадағы операциялар және алдын ала төлем»;
- ▶ ХҚЕС 2 «Үлестік құралдар негізінде төлемдерді жіктеу және бағалау (түзетулер)».

Компания ХҚЕС15 жүргізген талдауға негізделіп № келісімшарттар бойынша түсімді тану әдісі жаңа стандартты қолдануға байланысты өзгермейтін болады, және табыстар нақты шоттарға сәйкес ай сайынғы негізде көрсетіле береді.

ХҚЕС 9 қаржылық құралдарды есепке алудың барлық үш аспектісін: жіктеу және бағалауды, хеджирлеудің құнсыздануы мен есепке алынуын біріктіреді. Компания жаңа стандартты талап етілген 2018 жылдың 1 қаңтарына күшіне енген күннен бастап қолданып, салыстырмалы ақпаратты қайта есептемеді. ХҚЕС 9 барлық үш аспектісінің Компанияның 2018 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша қаржылық ахуалына және Компанияның 2018 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған он екі ай барысындағы жалпы табысы жөніндегі есебіне әсерінің егжей-тегжейлі бағалауы нәтижелері бойынша елеулі әсер анықталмады.

### Шығарылған, бірақ күшіне әлі енбеген стандарттар

Төменде шығарылған, бірақ Компанияның қаржылық есебін шығару күнінен әлі күшіне енбеген, және Компанияның пікірі бойынша пайдаланудан кейін қызметті ашуға, қаржылық жағдайына немесе нәтижелеріне әсер ететін стандарттар мен талдаулар келтірілген. Компания осы стандарттар мен талдауларды олар күшіне енген күннен бастап (келесі күннен басталатын жылдық мерзімдер үшін күшіне енетін) қажет болса қолдануға ниетті:

- ▶ ХҚЕС 16 «Жалгерлік» (2019 жылғы 1 қаңтар);
- ▶ ХҚЕС 10 және БЕХС 28 «Қауымдасқан компаниялар және оның бірлескен кәсіпорындары немесе бірлескен кәсіпорын арасында активтерді сату немесе табыстау» (Түзетулер) (Белгіленбеген уақытқа шегерілді);
- ▶ Талдау IFRIC 23 «Табыс салығын есептеу ережелеріне қатысты тұрақсыздық» (2019 жылғы 1 қаңтар);
- ▶ 2015–2017 жылдардағы мерзім үшін ХҚЕС жетілдіру (2019 жылғы 1 қаңтар).

## 2.2. Шетелдік валютаны қайта есептеу

Қаржылық есеп Компанияның функционалдық валютасы болып табылатын қазақстандық теңгемен («теңге») ұсынылған. Шетелдік валютадағы операциялар бастапқы кезде операция жасалған күндегі бағам бойынша функционалдық валютамен есептеледі. Шетелдік валютада көрсетілген ақшалай активтер және міндеттемелер есеп күніндегі қолданыстағы функционалдық валютаның бағамы бойынша қайта есептеледі. Барлық бағамдық айырмалар пайда және шығынға кіреді.

## 2.3. Мұнай-газ кен орындарын барлау және өндіру бойынша шығындар

### Барлауға лицензия сатып алу бойынша шығындар

Барлауға лицензия алу бойынша шығындар Материалдық емес активтерге капиталданады және барлаудың болжамды мерзімі бойы тік сызықты әдіс бойынша амортизацияланады. Әр нысан жыл сайын бұрғылау жұмыстары жоспарланғанын растауға қаралады. Егер нысан бойынша келешекте жұмыстар жоспарланбаған болса, лицензияны сатып алу шығындарының қалған сальдосы шығысқа шығарылады. Экономикалық негізделген шығарылатын қорлар («дәлелденген қорлар» немесе «коммерциялық қорлар») анықталған кезде амортизация тоқталады, және қалған шығындар өзге материалдық емес активтер құрамында қорларды растауға дейін кен орнының кескінінде дәлелденген активтер ретінде танылады. Әзірленімді ішкі растау кезінде және барлық лицензиялар мен рұқсаттарды сәйкес бақылау органдарынан алған кезде сәйкес шығындар Негізгі қаражатқа (мұнай-газ активтері) ауыстырылады.

## 2. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТІЛЕРІНЕ ШОЛУ (жалғасы)

### 2.3. Мұнай-газ кен орындарын барлау және өндіру бойынша ШЫҒЫНДАР (жалғасы)

#### Барлау шығындары

Геологиялық және геофизикалық шығындар осындай шығындар болған кезде шығысқа шығарылады. Барлау ұңғымаларына тікелей жататын шығындар материалдық емес активтердің (барлау және бағалау бойынша активтер) құрамына ұңғыманы бұрғылау аяқталғанға дейін және осындай бұрғылау нәтижелері бағаланғанға дейін капиталданады. Осындай шығындар ең бекақыдан, материалдардан, жанармайдан және электр энергиясынан, бұрғылау станоктарының құнынан және мердігерлер төлемдерінен тұрады. Егер көмірсутегі анықталмаса, онда барлау шығындары құрғақ ұңғыма бойынша шығындарға шығарылады. Егер басқа ұңғымаларды бұрғылаудан (барлау немесе құрылымдық-ізвестіру ұңғымалары) тұратын, бағалауға жататын, коммерциялық игеру жеткілікті ықтималды көмірсутегі анықталған кезде осындай шығындар актив ретінде есептеле береді. Осы сияқты шығындар кем дегенде жылына бір рет анықтаудан игеруді жалғастыру немесе пайда алудың қандай да бір басқа әдісі туралы ниетті растау үшін техникалық, коммерциялық және басқарушылық тексеріске жатады. Егер осының барлығы орындалмаса, шығындар шығысқа шығарылады.

Мұнай және газ қорлары дәлелденгенде және өндіруді жалғастыру туралы шешім қабылданғанда, онда сәйкес шығындар негізгі қаражат (мұнай-газ активтер) құрамына ауыстырылады.

#### Игеру шығындары

Платформалар, құбыр өткізгіштер және игерілген ұңғымаларды бұрғылау сияқты инфрақұрылым нысандарының құрылысы, орнату және аяқтау шығындары мерзім шығындарында құрғақ ұңғымалар ретінде шығысқа шығарылатын көмірсутегінің жеткілікті коммерциялық мөлшері анықталмаған игерілген немесе шеңберленген ұңғымаларға жататын шығындардан басқа негізгі қаражат құрамына капиталданады.

## 2.4. Негізгі құрал

Негізгі құрал жиналған амортизация, таусылу және құнсыздандуды шегергеннен кейін бастапқы құн бойынша көрсетіледі.

Активтердің бастапқы құны сатып алу бағасынан немесе құрылыс бағасынан, активті жұмыс күйге келтіруге тікелей қатысты кез келген шығындардан және қажет болғанда активті жою бойынша шығындарды бастапқы бағалаудан тұрады. Сатып алу немесе құрылыс бағасы активті ұсыну үшін ұсынылған сыйақының кез келген түрінің әділ құны және жиынтық төленген құн болып табылады.

Мұнай-газ активтері дәлелденген өңделген қорлар бойынша өндірістік әдісті қолданумен амортизацияланады. Пайдалы қызмет мерзімі кен орнының қалған қызмет мерзімінен қысқа кейбір мұнай-газ активтері пайдалы қызмет мерзімі барысында түзу сызықты әдіс бойынша амортизацияланады.

Қалған негізгі құралдар негізінен пайдалы қызметтің орташа мерзімі барысында түзу сызықты әдісті пайдалана отырып амортизацияланатын ғимараттар, машиналар және құрал-жабдықтар болып табылады.

Негізгі құралдардың болжамды пайдалы қызмет мерзімі жыл сайынғы негізде қаралып отырады және, қажет болса, мерзімдердегі өзгерістер кейінгі мерзімдерде түзетіледі.

Негізгі құралдардың ағымдағы құны ағымдағы құн өтелмейтін болып табылатындығын көрсететін қандай да бір оқиғалар немесе жағдайдағы өзгерістер болғанда құнсыздандуға қайта қаралады.

Негізгі құралдардың нысандары, соның ішінде коммерциялық көмірсутегі көлемін өндіруді тоқтатқан және жойылуға жоспарланған немесе активті қолданудан келешек экономикалық пайда алу күтілмеген кезде өндіру ұңғымалары шыққан кезде актив ретінде есепке алынбайды. Активті тануды тоқтатудан туындаған кез келген табыс немесе шығын (нысанды сату және ағымдағы құннан түскен таза түсімдер арасындағы айырма ретінде есептелетін) осындай оқиға орын алған мерзімдегі жиынтық табыс туралы есепке кіреді.

## 2.5. Қаржылық емес активтердің құнсыздануы

Компания активтерді немесе активтер тобын жағдайлардағы оқиғалар немесе өзгерістер активтің ағымдағы құны өтелмейді деп көрсеткен жағдайларда құнсыздануға бағалайды.

Жеке активтер бағалау мақсатында активтердің басқа топтарымен өндірілетін ақшалай ағындардан негізінен тәуелсіз салыстырмалы ақша ағындары бар ең төменгі деңгейде топталады. Құнсызданудың осындай көрсеткіштері бар болған жағдайда немесе активтер тобын жыл сайын құнсыздануға тестілеу талап етілген жағдайда Компания активтің өтелетін құнына бағалау жасайды. Активтер тобының өтелетін құны оны сату және оны қолдану құнын шегеруден кейінгі ең үлкен әділ құн болып табылады. Активтер тобының ағымдағы құны оның өтелетін құнынан асқан жағдайда активтер тобы құнсыздануға жатады және өтелетін құнға дейін шығысқа шығару орындалады. Қолдану құнын бағалау кезінде күтілетін ақшалай ағындар активтер тобына тән тәуекелдерге түзетіледі және ақшаның уақытша құнын ағымдағы нарықтық бағалауды көрсететін салық салуға дейінгі дисконттау мөлшерлемесін қолданумен дисконтталады.

Әр есептік күнге бұрын танылған құнсыздану шығындары енді жоқ немесе азайғандығын көрсететін қандай да бір индикаторлар бар екендігіне қатысты бағалау орындалады. Егер осындай индикаторлар бар болса онда өтелетін құн бағаланады. Бұрын құнсыздану бойынша танылған шығын құнсыздануға соңғы шығынды тану кезінен бастап активтің өтелетін құнын анықтау үшін қолданылған бағаларда өзгеріс болған жағдайда түзетпе жасалады. Мұндай жағдайда активтің ағымдағы құны оның өтелетін құнына дейін артады. Артқан құн алдыңғы мерзімдерде құнсыздану бойынша шығын танылмаған жағдайда тозу немесе амортизацияны шегеруден кейін анықталған ағымдағы құннан аса алмайды. Мұндай түзетпе жиынтық табыс туралы есепте танылады. Түзетпе жасаудан кейін амортизация бойынша шығындар кейінгі мерзімдерде пайдалы қызметтің қалған мерзімінде жүйелі түрде қалдық құнды шегеруден кейін қайта қаралған ағымдағы активтің құнын тарату үшін түзетіледі.

## 2.6. Материалдық емес активтер

Материалдық емес активтер жиналған амортизацияны және құнсызданудан жиналған шығындарды шегеруден кейін құн бойынша ескеріледі. Материалдық емес активтер барлау мен бағалаудың капиталдандырылған шығындарынан және негізінен компьютерлік бағдарламалық жасақтамадан тұратын өзге материалдық емес активтерден тұрады. Бизнесстен жеке алынған материалдық емес активтер бастапқы кезде сатып алу құны бойынша бағаланады. Бастапқы құн – бұл жиынтық төленген сома және активті сатып алу үшін ұсынылған кез келген сыйақының әділ құны. Компьютерлік бағдарламалық жасақтаманың пайдалық қызмет мерзімі 3 жылдан 7 жылға дейін құрайды және осы мерзім ішінде сызықты негізде амортизацияланады.

Материалдық емес активтердің ағымдағы құны жағдайлардағы оқиғалар немесе өзгерістер ағымдағы құн өтелмейтінін көрсеткен жағдайда құнсыздануға талданады.

## 2.7. Қаржылық активтер

### **Бастапқы мойындау және бағалау**

Қаржылық активтер бастапқы мойындау барысында кейіннен амортизацияланған құны, өзге жалпы табыс (ӨЖТ) арқылы әділ құны және пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланатын ретінде жіктеледі.

Қаржылық активтерді бастапқы мойындау барысында жіктеу шартпен көзделген қаржылық актив бойынша көзделген ақшалай ағындар мен Компания сол активтерді басқару үшін пайдаланатын бизнес-модель сипаттамаларына байланысты болады. Құрамында қаржыландырудың елеулі құрамдасы жоқ немесе өзіне қатысты Компания тәжірибелік сипатын қарапайымдануды қолданған саудалық дебиторлық берешектен өзге жағдайларда Компания қаржылық активтерді бастапқыда пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланбайтын қаржылық активтер жағдайында мәміле бойынша шыға-



## 2. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТІЛЕРІНЕ ШОЛУ (жалғасы)

### 2.7. Қаржылық активтер (жалғасы)

сындар сомасына көбейтілген әділ құны бойынша бағалайды. Құрамында қаржыландырудың елеулі құрамдасы жоқ немесе өзіне қатысты Компания тәжірибелік сипатын қарапайымдануды қолданған саудалық дебиторлық берешек ХҚЕС (IFRS) 15 сәйкес анықталатын мәміле құны бойынша бағаланады.

Қаржылық активті амортизациялық құны немесе өзге жалпы табыс арқылы әділ құны бойынша жіктеу мүмкіндігіне ие болу үшін ол активтің шарттық шарттары негізгі қарыздың өтелмеген бөлігіне «негізгі қарыз сомасы мен пайыздар есебіне айрықша төлемдер» болып табылатын ақшалай ағындардың алынуын шарттаулары тиіс. Ондай бағалау SPPI-тест деп аталады және әр құрал деңгейінде жүзеге асырылады.

Компания активтерді басқару үшін пайдаланатын бизнес-модель Компания ақша ағындарын қалыптастыру мақсаттарында өзінің қаржылық активтерін басқаратын әдісті сипаттайды. Бизнес-модель ақша ағындарының шартпен көзделген ақша ағындарын алу, қаржылық активтерді сату немесе екеуінің де салдары болу-болмауын анықтайды.

Қаржылық активтерді сатып алу немесе сатудың активтерді заңдармен немесе нақты нарықта қабылданған ережелерге сәйкес (стандартты шарттармен сату) белгіленетін мерзімдерде жеткізуді қажет ететін барлық операциялары мәмілені жасасу күнінде, әғни, Компания активтерді сатып алу немесе сату міндеттемелерін жүктенетін күні мойындалады.

### Кейіннен бағалау

Кейіннен бағалау мақсаттарында қаржылық активтер екі санат бойынша жіктеледі:

- ▶ амортизациялық құны бойынша бағаланатын қаржылық активтер (қарыз құралдары);
- ▶ пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржылық активтер.

#### **Амортизациялық құны бойынша бағаланатын қаржылық активтер (қарыз құралдары)**

Бұл санат Компания үшін ең орынды болып табылады. Компания қаржылық активтерді келесі екеуі шарт орындалған жағдайда амортизациялық құны бойынша бағалайды:

- ▶ қаржылық актив мақсаты болып шартпен көзделген ақша ағындарын алу үшін қаржылық активтерді ұстап қалу табылатын бизнес-модель аясында ұсталады; және
- ▶ қаржылық активтің шарттық талаптары белгіленген күндері негізгі қарыз сомасы мен негізгі қарыз сомасы бойынша пайыздар есебіне айрықша төлемдер болып табылатын ақша қаражаттарын алуды шарттайды.

Амортизациялық құны бойынша бағаланатын қаржылық активтер кейіннен тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып бағаланады және оларға құнсыздануға қатысты талаптар қойылады. Пайдалар немесе шығындар активті, оның түрленуін немесе құнсыздануын мойындау тоқтатылған жағдайда пайданың немесе шығынның құрамында мойындалады.

Амортизациялық құны бойынша бағаланатын қаржылық активтердің санатына Компания саудалық дебиторлық берешекті және айналымнан тыс өзге қаржылық активтердің құрамына жатқызылған қауымдасқан ұйымға берілген қарызды және директорлар кеңесінің мүшесіне берілген қарызды жатқызады.

#### **Пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржылық активтер**

Пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржылық активтер санатының құрамына саудаға арналған қаржылық активтер, бастапқы мойындау барысында Компания ұйғарымы бойынша пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржылық активтер ретінде жіктелген қаржылық активтер немесе міндетті тәртіпте әділ құны бойынша бағаланатын қаржылық активтер кіреді. Қаржылық активтер жуық арада сату мақсатымен сатылып алынған жағдайда саудаға арналған ретінде жіктеледі. Өндірістік құралдар да, соның ішінде жеке кірістірілген өндірістік құралдар, Компанияның ұйғарымы бойынша хеджирлеудің тиімді құралдары ретінде анықталған жағдайлардан өзге жағдайларда саудаға арналған

ретінде жіктеледі. Өздері бойынша ақша ағындары негізгі қарыз және пайыздар есебіне айрықша төлем болып табылмайтын қаржылық активтер пайдаланылатын бизнес-моделіне тәуелсіз түрде пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша жіктеледі және бағаланады. Қарыз құралдарын жоғарыда сипатталғандай амортизациялық құны бойынша немесе өзге жалпы табыс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын ретінде жіктеу критерийлеріне қарамастан, ондай жіктеу есептік сәйкессіздікті жоққа шығаратын немесе елеулі түрде төмендететін жағдайларда Компания бастапқы мойындау барысында қарыз құралдарын өзінің ұйғарымы бойынша қарыз құралдарын пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланатын ретінде жіктей алады.

Пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржылық активтер қаржылық ахуал жөніндегі есепте әділ құны бойынша есепке алынады, ал олардың әділ құнының таза өзгерістері пайдалар немесе шығындар жөніндегі есепте есепке алынады.

## Мойындауды тоқтату

Қаржылық актив (немесе, пайдаланылған жағдайларда – қаржылық активтің бір бөлігі немесе ұқсас қаржылық активтер тобының бір бөлігі) келесі жағдайларда қаржылық ахуал жөніндегі есепте мойындалуын тоқтатады:

- ▶ активтен ақшалай ағындарды алу құқығының мерзімі аяқталса;
- ▶ Компания активтен ақшалай ағындарды алу құқығын берсе немесе алынатын ақшалай ағындарды «транзиттік» келісім бойынша үшінші тарапқа толық көлемде және елеулі кешіктіріусіз төлеу міндеттемесін қабылдап алса; және не (а) Компания актив бойынша барлық дерлік тәуекелдер мен пайдаларды табыстаса, немесе (б) Компания актив бойынша барлық дерлік тәуекелдер мен пайдаларды табыстамаса, бірақ, сонымен қатар, сақтап қалмай, сол активті басқаруды табыстаса.

Компания актив бойынша пайдаларды алу құқығын табыстаса немесе транзиттік келісім жасасса, ол өзінің жекеменшік құқығымен байланысты тәуекелдер мен пайдаларды сақтап қалу-қалмауын, және сақтап қалу жағдайында – қандай көлемде екендігін бағалайды. Компания актив бойынша барлық дерлік тәуекелдер мен пайдаларды табыстамаса, бірақ, сонымен қатар, сақтап қалмаса және активті басқаруды табыстамаса, Компания табысталған активті өзінің соған қатысу дәрежесінде мойындауын жалғастырады. Бұл жағдайда да Компания сәйкес міндеттемені мойындайды. Табысталған актив және сәйкес міндеттеме Компания сақтап қалған құқықтар мен міндеттемелерді бейнелейтін негізде бағаланады.

Табысталған актив бойынша кепілдік пішініне енетін жалғасқан қатысу келесі мәндердің ең азы бойынша бағаланады: активтің бастапқы теңгерімдік құны немесе өзін төлеу Компаниядан талап етілуі мүмкін өтеудің максималды сомасы.

## Қаржылық активтердің құнсыздануы

Компания күтілетін кредиттік шығындарға (ККШ) арналған бағалау резервін пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланбайтын барлық қарыз құралдарына қатысты мойындайды. ККШ шартқа байланысты тиесілі ақша ағындары мен Компания алуға ниетті барлық ақша ағындарының арасындағы бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлемені немесе оның шамалы мәнін пайдалана отырып дисконтталған айырмашылығы негізінде есептеледі. Күтілетін ақша ағындарының құрамына ұсталып отырған қамтамасыз етуді сатудан немесе шарттық талаптардың ажырамас бөліктері болып табылатын кредиттік сапаны арттырудың өзгедей тетіктерінен келіп түскен ақша ағындары кіреді.

ККШ екі кезең барысында мойындалады. Өздері бойынша бастапқы мойындау мезетінен бастап кредиттік тәуекел елеулі өспеген қаржылық құралдар жағдайларында келесі 12 ай барысында туындауы мүмкін дефолттар салдарынан туындауы мүмкін кредиттік шығындарға (12 айлық күтілетін кредиттік шығындарға) қатысты бағалау резерві құрылады. Өздері бойынша бастапқы мойындау мезетінен бастап кредиттік тәуекел елеулі өскен қаржылық құралдар үшін дефолттардың туындау мерзімдеріне (бүкіл мерзім барысындағы күтілетін кредиттік шығындарға) тәуелсіз түрде сол қаржылық құралдың әрекет етуінің қалған мерзімі барысында күтілетін кредиттік шығындарға арналған бағалау резерві құрылады.

Саудалық дебиторлық берешекке және шарт бойынша активтерге қатысты Компания ККШ есептеу барысында қарапайымдандырылған әдісті қолданады. Яғни, Компания кредиттік тәуекелді қадағаламай, оның орнына әр есепті күні бүкіл мерзім барысындағы күтілетін кредиттік шығындарға тең сомадағы шығындар бойынша бағалау резервін мойындайды. Компания бағалау резервтерінің матрицасын қарыз алушыларға және жалпы экономикалық шарттарға тән болжамдық факторларды есепке алу жолымен түзетілген өзінің кредиттік шығындардың туындау бойынша өткен тәжірибесіне сүйене отырып пайдаланды.

## 2. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТІЛЕРІНЕ ШОЛУ (жалғасы)

### 2.7. Қаржылық активтер (жалғасы)

Компания шартпен көзделген төлемдер 90 күнге кешіктірілген жағдайда қаржылық актив бойынша дефолт орын алды деп есептейді. Дегенмен, кейбір жағдайларда ішкі немесе сыртқы ақпарат Компаниямен ұсталатын кредиттік сапаны арттыру механизмдерін ескермегенде шартпен көзделген қалған төлемдердің толық сомасын Компанияның екі талай екендігіне көрсеткен жағдайларда да қаржылық актив бойынша дефолт орын алды деген тұжырымға келуі мүмкін. Қаржылық актив Компанияда шартпен көзделген ақша ағындарының өтелуіне қатысты негізді үміті болмаған жағдайларда есептен шығарылады.

### 2.8. Тауар-материалдық қорлар

Тауар-материалдық қорлар екі шаманың ең азымен ескеріледі: әр қойма және сатудың таза құны бойынша жеке ФИФО әдісі бойынша өзіндік құн. Құн әдеттегі қызметте әр затты орнына жеткізуге және оны ағымдағы күйіне келтіруге байланысты жұмсалған барлық шығындардан тұрады. Шикі мұнайдың құны өндірудің құны, соның ішінде тозу шығындарының сәйкес бөлігі, таусылуы және амортизация және өндірістің орташа көлемі негізінде жүкқұжатар болып табылады.

Мұнайды сатудың таза құны болжамды бағаға, осындай сатуға байланысты шығындарды шегеруден кейінгі сатуға негізделеді. Материалдар мен қорлар әдеттегі қызмет барысында өтелетін күтілетін сомадан аспайтын құн бойынша есепке алынады.

### 2.9. Қосымша құн салығы (ҚҚС)

Салық органдары сату және сатып алу бойынша ҚҚС таза негізде есепке алуды жасауға мүмкіндік береді. Өтеуге ҚҚС ішкі нарықтағы сатылымдар бойынша ҚҚС шегеруден кейінгі ішкі нарықтағы сатып алулар бойынша ҚҚС болып табылады. Экспортқа салық сатылымдар нөлдік мөлшерлеме бойынша салынады. Алайда ҚҚС есепке алу өтеуге ҚҚС растау үшін салық органдарымен жүргізілген салық тексеріс нәтижелері негізінде ғана жасалады.

Егер ақшаның уақытша құн әсері маңызды болып табылса, ұзақ мерзімді өтеу ҚҚС сәйкес жағдайларда осы активке тән тәуекелдерді көрсететін тәуекелсіз мөлшерлеме көмегімен дисконтталады.

### 2.10. Ақшалай қаражат және оның баламалары

Ақшалай қаражат және оның баламалары банктік салымдардағы қаражаттан, кассадағы қолма қол ақшадан, бастапқы өтеу мерзімі үш айдан аспайтын өзге қысқа мерзімді өтімділігі жоғары инвестициялардан тұрады.

### 2.11. Жарғы капиталы

#### **Жарғы капиталы**

Қарапайым акциялар және дивидендтер эмитенттің қарауымен төленетін өтелмейтін артықшылыққа ие болған акциялар капитал ретінде жіктеледі. Жаңа акцияларды шығаруға тікелей байланысты үшінші тарапқа қызмет үшін төленетін төлем шығындары осы эмиссия нәтижесінде алынған капиталды азайту ретінде көрсетіледі.



## Дивидендтер

Дивидендтер міндеттемелер ретінде қаралады және капитал сомасынан тек, егер олар есеп беру күнін қоса есептеген күнге дейін жарияланған жағдайда ғана шегеріледі. Дивидендтер туралы ақпарат егер олар есеп беру күніне дейін ұсынылса, сондай-ақ есеп беру күнінен кейін, бірақ қаржылық есеппен шығаруға бекітілген күнге дейін ұсынылған немесе жарияланған жағдайда ашылады.

## 2.12. Сауда кредиторлық берешек

Сауда кредиторлық берешек бастапқы кезде әділ құн бойынша көрсетіледі және кейін тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін қолданумен амортизацияланған құн бойынша бағаланады.

## 2.13. Резервтер

Резервтер Компанияда өткен оқиға нәтижесінде туындаған ағымдағы міндеттеме (заңды немесе тәжірибеден туындайтын), осы міндеттемені өтеу үшін қажет болатын экономикалық пайда кері ағыны ықтималды болса, және осындай міндеттеме сомасының сенімді бағасы болса танылады.

Егер Компания резервтің барлығын немесе бір ғана бөлігін өтеуді алуды болжаса, мысалы, сақтандыру шарты бойынша, өтеу жеке актив ретінде танылады, бірақ өтеуді алу күмәнді болмаған жағдайда. Резервке жататын шығын өтеуді шегеруден кейін жиынтық табыс туралы есепте көрсетіледі.

Егер ақшаның уақытша құнының әсері маңызды болса, резервтер салық салуға дейін ағымдағы мөлшерлеме бойынша дисконтталады, осылайша қолданылған жағдайда, тәуекелдер нақты міндеттемелерге тән болады. Егер дисконттау қолданылса, онда уақыт өткен соң резервті арттыру қаржыландыру шығындары ретінде танылады.

## 2.14. Қызметкерлерге берілетін сыйақы

Компания қызметкерлердің есептелген еңбекақысынан 10% сәйкес зейнетақы қорларына зейнетақы жарналары ретінде ұстап қалады. Зейнетақы жарналарының мөлшері 2018 жылы айына 212.500 теңге сомасымен шектелген (2017: айына 183.443 теңге). Қолданыстағы қазақстандық заңнамаға сәйкес қызметкерлер өздерінің зейнетақымен қамтылуы үшін өздері жауапкершілік артады. 2014 жылғы 1 қаңтардан бастап Компания сол сияқты өз қызметкерлерінің көпшілік табысынан олардың зейнетақы жарналарына 5% мөлшерінде міндетті кәсіби зейнетақы жарналарын аударуға міндетті.

### Қызметкерлерге берілетін ұзақ мерзімді сыйақылар

Компания қызметкерлері мен Компания арасында жасалған Ұжымдық шарттарға және өзге құжаттарға сәйкес зейнетке шыққанға дейін және шыққаннан кейін ұзақ мерзімді сыйақылар ұсынады. Ұжымдық шарт және өзге құжаттар, атап айтқанда, зейнетке шығу, зейнетке мерзімінен бұрын шығу, қызметкерге еңбекке қабілетсіз болған жағдайда материалдық көмек көрсету, мерейтой және қаза жағдайында төленетін бір жолғы жәрдемақы төлеуді қарастырады. Жәрдемақы алу құқығы әдетте қызметкер зейнетке шыққанға дейін жұмысты жалғастыру қажеттілігімен негізделеді.

Бір жолғы жәрдемақы және зейнетке мерзімінен бұрын шығу бойынша жәрдемақы бойынша күтілетін шығындарды есептеу еңбек қызметі аяқталысымен белгіленген төлемдерімен бірге зейнеттік жоспарлар есебінде қолданылатын әдістеме бойынша қызметкердің еңбек қызметі кезінде орындалады. Жыл бойы туындайтын актуарийлік пайда мен шығындар өзге жиынтық табыс құрамында көрсетіледі. Бұл мақсатта актуарийлік пайда және шығындар актуарийлік ұсыныстардағы өзгерістердің әсері ретінде, сол сияқты актуарийлік ұсыныстар мен нақты мәліметтер арасындағы айырмашылықтарға байланысты өткен тәжірибенің әсерінен тұрады. Өзге өзгерістер ағымдағы мерзімде танылады, соның ішінде ағымдағы қызметтердің құны, өткен қызметтердің құны және кадрлық қысқарту немесе жасалған есептердің әсері.

Зейнетақы міндеттемелерінің есебінде қолданылған ең маңызды болжамдар, – бұл дисконт және өлім-жітім болжамының мөлшерлемесі. Дисконт мөлшерлемесі келешектегі міндеттемелердің таза келтірілген құнын анықтау үшін қолданылады және әр жыл сайын осындай міндеттемелер бойынша дисконттың амортизациясы жиынтық табыс туралы есепте қаржылан

## 2. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТІЛЕРІНЕ ШОЛУ (жалғасы)

### 2.14. Қызметкерлерге берілетін сыйақы (жалғасы)

дыру шығындары ретінде көрсетіледі. Өлім-жітім туралы болжам міндеттемелердің келтірілген таза құнын алу үшін дисконтталатын сыйақы төлемдерінің келешектегі төлемдерін болжау үшін қолданылады.

Қызметкерлерге төленетін, бір жолғы демалыс жәрдемақылардан басқа сыйақылар қызметкерлерге төленетін өзге сыйақылар ретінде қарастырылады. Осы сыйақылар бойынша күтілетін шығындарды есептеу қызметкердің еңбек қызметі кезінде белгіленген төлемдермен зейнетақы жоспарын есептеген кезде қолданылатын әдістеме бойынша орындалады.

Осындай міндеттемелер жыл сайынғы негізде тәуелсіз білікті актуарийлермен бағаланады.

### 2.15. Табыстарды мойындау

Компания фрахт құнына, сақтандыру және сапа үстемелеріне түзетілген Platt's баға беруі бойынша қысқа мерзімді шарттар, бағалар бойынша шикі мұнайды сатады. Меншік құқығының ауысуы орындалады, және кіріс әдетте шикі мұнай физикалық кеме бортына тиелгенде немесе кемеден түсірілген кезде, құбыр өткізгішке түскенде немесе келісімшартта келісілген ережелерге байланысты жеткізудің бастапқы механизміне түскен кезде танылады.

Компанияның келісімшарттарында шикі мұнайды сатуға белгілі уақыт мерзімінде жеткізілуі тиіс шикі мұнайдың максималды мөлшері көрсетіледі. Түсірілген, бірақ сатып алушыға әлі жетпеген шикі мұнай қаржылық жағдай туралы есепте тауар-материалдық қорлар ретінде есепке алынады.

### 2.16. Табыс салықтары

Ағымдағы табыс салығы бойынша шығындар ағымдағы табыс салығынан, үстеме пайдаға салынатын салықтан және кейінге қалдырылған табыс салығынан тұрады.

Ағымдағы және алдыңғы мерзім үшін пайдаға салынатын ағымдағы салық бойынша активтер және міндеттемелер салық органдарынан өтеуге немесе салық органдарынан төлеуге болжанған сома бойынша бағаланады. Осы соманы есептеу үшін қолданылатын салық мөлшерлемесі және салық заңнамасы, бұл Компания өз қызметін орындайтын және салық салынатын кіріс алатын елдерде есептік күнде қабылданған немесе қабылданатын мөлшерлемелер және заңнама.

Үстеме пайдаға салынатын салық («ҮПС») табыс салығы ретінде қарастырылады және табыс салығы бойынша шығындардың бір бөлігін құрайды. 2009 жылғы 1 қаңтарда күшіне енген қолданыстағы салық заңнамасына сәйкес Компания жылдық жиынтық табысқа жер қойнауын пайдалануға әр жеке келісімшарт бойынша бір жылғы шегерімге қатысы негізінде айнымалы мөлшерлемелер бойынша жер қойнауын пайдалануға әр жеке келісімшартқа қатысты ҮПС есептейді және төлейді. Жылдық жиынтық табыстың ҮПС қолдануды бастайтын әр салық жылындағы шегерімдерге қатысты 1,25:1 құрайды. ҮПС мөлшерлемелері әр келісімшартқа қатысты жер қойнауын пайдалануға жасалған әр келісімшарттың 25% шегерісінен жоғары салық салынатын табыстың бөлігіне қолданылады (Корпоративтік Табыс 1,25 Салығын шегергеннен кейін және рұқсат етілген түзетулерден кейінгі салық салынатын табыс салығы).

Кейінге қалдырылған салық бойынша активтер мен міндеттемелер барлық уақытша айырмашылықтарға қатысты міндеттемелердің баланстық әдісін қолданумен есептеледі. Кейінге қалдырылған салықтар компаниялардың бірлестігі болып табылмайтын және оны жасау кезінде бухгалтерлік табысқа немесе салық табысына және шығынына әсер етпейтін келісім бойынша гудвиллді, активті немесе міндеттемені бастапқы тану нәтижесінде кейінге қалдырылған табыс салығынан басқа қаржылық есептілікте активтер мен міндеттемелердің салықтық базасы және олардың баланстық сомасы арасындағы барлық уақытша айырмашылықтар бойынша анықталады.

Кейінге қалдырылған салық бойынша активтер шегерілетін уақытша айырмалар сомасына азайтылатын, салық салынатын пайданы алудың айтарлықтай ықтималдығы болатын деңгейде танылады. Кейінге қалдырылған салық активтер және міндеттемелер есептік күнде қолданысқа енгізілген немесе нақты заңдастырылған салық мөлшерлемесі негізінде активті сату немесе міндеттемені өтеу мерзімінде қолданылуы күтілетін салық мөлшерлемелері бойынша есептеледі.

### 3. МАҢЫЗДЫ ЕСЕП БАҒАЛАРЫ ЖӘНЕ ПАЙЫМДАМАЛАР

ХҚЕС сәйкес қаржылық есептілікті дайындау басшылықтан қаржылық есептілікті дайындау күнінде есептілікте көрсетілген активтерге, міндеттемелерге және шартты активтер мен міндеттемелерге әсер ететін, сонымен қатар есептік мерзім үшін есептілікте көрсетілген активтерге, міндеттемелерге, табысқа, шығынға және шартты активтер мен міндеттемелерге әсер ететін бағалар мен болжамдарды қолдануды талап етеді. Маңызды бағалар төменде келтірілген:

#### Мұнай және газ қоры

Мұнай және газ қорлары Компанияның есептерінде тозу, таусылу және амортизация бойынша маңызды фактор болып табылады. Компания өзінің мұнай және газ қорын Қоғамдағы мұнай-газ инженерлерінің әдістемесіне сәйкес бағалайды. Қоғамдағы мұнай-газ инженерлерінің әдістемесіне сәйкес қорларды бағалау кезінде аналитиктердің болжамды бағалары қолданылады. Дәлелденген қорларды бағалау үшін жоспарлы бағаларды қолдану жылдың соңында спот бағаларын қолдануға тән тұрақсыздықтың әсерін жояды.

Басшылық сол сияқты басшылықпен өнімді шығаруды және сатуды жоспарлау және инвестициялық шешімдерді қабылдау үшін қолданылатын ұзақ мерзімді жоспарлы бағалар бойынша болжамдар өндіру бойынша қызметтің ұзақ мерзімді сипатына көбірек сәйкес келеді және мұнай және газ қорларын бағалау үшін қолайлы негіз болып табылады.

Қорлардың барлық бағалары тұрлаусыздықтың кейбір деңгейін шамалайды. Тұрлаусыздық негізінен осындай мәліметтерді бағалау және салыстыру кезінде қолжетімді болған сенімді геологиялық және инженерлік мәліметтер көлеміне байланысты.

Тұрлаусыздықтың салыстырмалы деңгейі қорларды екі негізгі санаттың біріне жатқызу арқылы айқындалуы мүмкін: дәлелденген немесе дәлелденбеген қорлар. Дәлелденбеген қорлармен салыстырғанда дәлелденген қорларды шығаруда үлкен айқындық бар және дәлелденген қорлар бұдан әрі оларды шығарып алу мүмкіндігіне қатысты прогрессивті өсетін тұрлаусыздықты белгілеу үшін өңделген және өңделмеген қорларға бөлінуі мүмкін.

Жыл сайын бағалар талданады және түзетіледі. Түзетулер қолдағы геологиялық мәліметтерді, кәсіптік параметрлерді немесе өндіру туралы мәліметтерді бағалау немесе қайта бағалау, жаңа мәліметтердің болуынан; немесе бағалар бойынша болжамдағы өзгерістер салдарынан туындайды. Қорлардың бағасы сол сияқты пласт өндірісіндегі өзгерістерді немесе өндіру бағдарламасындағы өзгерістерді, беруді арттыру үшін жобалардың әрекеттері салдарынан қайта қаралуы мүмкін. Дәлелденген өндірілген қорлар тозуды, таусылу және амортизацияны есептеу үшін орындалған жұмыс көлеміне пропорционал амортизация мөлшерлемелерін есептеу үшін қолданылады.

Компания дәлелденген қорларға бекітілген лицензиялық мерзім ішінде шығарылады деп күтілетін көлемдерді ғана қосты. Бұл ұзарту бойынша процедура нәтижесіне қатысты тұрлаусыздықпен туындаған, өйткені лицензияларды ұзарту ақырында Үкіметтің қарауымен орындалады. Компанияның лицензиялық мерзімдерін арттыру және көрсетілген қорлар мөлшеріндегі сәйкес арттыру әдетте тозу, таусылу және амортизация бойынша төменгі шығынға келтіреді және табысқа маңызды әсер етуі мүмкін және құнсыздандуды қалпына келтіру индикаторы болуы мүмкін. Дәлелденген өңделген қорлардағы төмендеу тозу, таусылу және амортизацияға (өндірудің тұрақты деңгейі кезінде) жарналарын арттыруға, табыстың төмендеуіне, сонымен қатар мүліктің баланстық құнының тікелей төмендеуіне келтіруі мүмкін. Пайдаланылатын кен орындарының салыстырмалы аз мөлшерінде алдыңғы жылмен салыстырғанда қорларды бағалаудағы кез келген өзгерістер тозу, таусылу және амортизация жарналарына маңызды әсерін тигізуі мүмкін.



## 3. МАҢЫЗДЫ ЕСЕП БАҒАЛАРЫ ЖӘНЕ ПАЙЫМДАМАЛАР (жалғасы)

### Активтердің шығуы бойынша міндеттемелер

№ келісімшартта анықталған ережелер бойынша, заңнамаға және нормативтік-құқықтық актілерге сәйкес Компания әр кен орнындағы негізгі құралдарды бөлшектеу және жою және жер телімдерін қалпына келтіру бойынша заңды міндеттемелерді артады. Атап айтқанда, Компанияның міндеттемелеріне барлық өндірілмейтін ұңғымаларды біртіндеп жабу және қызметі тоқтатқаннан кейінгі, келісімшартты аймақтағы құбыр өткізгіштердің, ғимараттардың бөлшектеуін және топырақ құнарлығын қалпына келтіру сияқты әрекеттер жатады. Лицензияның әрекет ету мерзімі Компанияның қалауымен ұзартылуы мүмкін, ақырғы жабу бойынша міндеттемелерді өтеудің есептік мерзімі әр лицензиялық мерзім аяқталған күн болып табылады деп шамаланады.

Егер активтерді жою бойынша міндеттемелер кен орнын пайдалануды экономикалық негізбен аяқтау өткеннен кейін өтелуі тиіс болса, онда көрсетілген міндеттеме жабылған кезде ұңғымаларды жою бойынша барлық шығындарды және ақырғы шығындарды қосу салдарынан өсер еді. Компанияның ұңғымаларды жою және ақырғы жабу бойынша шығындарын қаржыландыру міндеттемелерінің көлемі тиісті келісімшарттар талаптары мен қолданыстағы заңнамаға байланысты болады.

Келісімшарт та, заңнама да лицензиялық мерзім соңында ақырғы жою және ақырғы жабу бойынша осындай шығындарды қаржыландыру бойынша белгілі міндеттемені болжамаған жағдайда міндеттемелер мақұлданбайды. Осындай шешімді қабылдау қандай да бір тұрлаусыздыққа және маңызды пайымдауларға сүйене отырып орындалады. Басшылықтың осындай міндеттемелердің болуы не болмауына қатысты бағалары Үкіметтің саясаты мен тәжірибесіндегі немесе жергілікті салалық тәжірибесіндегі өзгерістермен бірге өзгеруі мүмкін. Компания активтердің әр жеке келісімшарт бойынша шығу міндеттемелерін есептейді.

Міндеттеменің сомасы қазақстандық нарыққа тән тәуекелдерге түзетілген, экономикасы ауыспалы елдерге мемлекеттік қарыз бойынша орташа ұзақ мерзімді тәуекелсіз пайыздық мөлшерлемелерді қолданумен дисконтталған және күтілетін инфляция деңгейіне түзетілген міндеттемелерді өтеу үшін қажет болады деп күтілетін бағаланған шығындардың ағымдағы құны болып табылады. Компания келісімшарттық аумақта әр есептік күні қалпына келтіру бойынша міндеттемені қайта қарайды және «Негізгі құралдардың нысанын қолданыстан шығару бойынша, олар тұрған жер теліміндегі табиғи ресурстарды қалпына келтіру бойынша міндеттемелердегі және ұқсас өзге міндеттемелердегі өзгерістер» Түсіндіруге 1 сәйкес ең жақсы бағаны көрсету үшін түзетіледі.

Жабуға келешектегі шығындарды бағалау кезінде басшылық жасаған маңызды бағалар мен пайымдаулар қолданылды. Осындай міндеттемелердің басым бөлігі алдағы болашақтың еншісінде және заңнама талаптарындағы түсініксіздіктен басқа, Компанияның бағаларына активтерді жою технологиясындағы шығындардағы және салалық тәжірибедегі өзгерістер әсер етуі мүмкін. Шамамен 34,23% және 28,65% қор, 2018 және 2017 жылғы 31 желтоқсанда ақырғы жабу бойынша шығындарға жатады. Компания ағымдағы жылдың бағаларын және инфляцияның ұзақ мерзімді деңгейінің орташа мәнін қолданып, ұңғымаларды келешекте жою құнын бағалайды. 2018 жылғы 31 желтоқсанда міндеттеменің баланстық құнын анықтау үшін қолданылған ұзақ мерзімді инфляция және дисконттау мөлшерлемелері сәйкесінше 5,0% және 10% құрады (2017: 5,0% және 10%). Активтердің шығуы бойынша міндеттемелердегі өзгерістер 10-ескертпеде көрсетілген.

### Экологиялық оңалту

Компания сол сияқты экологиялық оңалтуға резервтерді қалыптастыру бойынша бағалар жасайды және пайымдаулар шығарады. Қоршаған ортаны қорғауға жұмсалған шығындар олардың келешектегі экономикалық тиімділігіне байланысты шығындарға жатады. Өткен қызметтен туындаған қазіргі күйге жататын шығыстар, және келешекте экономикалық пайдасы жоқтары шығындарға жатады.

Міндеттемелер оңалту бойынша шығындар және күтілетін жоспарлар туралы ағымдағы ақпарат негізінде анықталады және қажетті процедуралар мерзімдеріне қатысты басшылықтың болжамына қарай дисконтты негізде ескеріледі. Компанияның экологиялық оңалту резерві Компания қолданыстағы қазақстандық нормативтік базаның талаптарын сақтау үшін қажетті күтілетін шығындардың тәуелсіз бағаларына негізделген басшылықтың ең жақсы бағалары болып табылады.

Экологиялық оңалтуға қатысты қосымша тұрлаусыздықтар 19-ескертпеде көрсетілген. Экологиялық оңалтуға міндеттемелер бойынша резервтегі өзгерістер 10-ескертпеде көрсетілген.

## Салық салу

